

Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шаһпақ...

АБАЙ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

12/2014 ЖЕЛТОҚСАН

МАЗМҰНЫ

	<i>Таным табиғатында</i>	
Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ.	Түркі дүниесін жырмен оятқан ақын.....	3
	<i>Авторлық бағдарлама</i>	
Мүтәліп СӘБИТҰЛЫ.	«Әдебиеттану» қолданбалы курсы.....	15
	<i>Көмекші құрал</i>	
Хуралай АЛДАНЫШ.	«Абайтану» оқыту курсы.....	20
	<i>Ұстаз толғанысы</i>	
Бейсен КӨШКЕЕВА.	Біз әдебиетті қалай оқытып жүрміз?.....	30
Бақыт САҒЫМБЕКОВА.	Туған жер – Қанипа Бұғыбаева жырларында.....	36
Гүлназ НҰРМАНОВА.	Осындай шайыр өткен Сыр елінде.....	39

<i>Жас маманға жәрдем</i>	
Шаруан САЛАМАТОВА.	С.Торайғыров. «Бір адамға».....52
Ермұрат ҚОЙШЫБАЙ.	Өскенбайдың Құнанбайы.....55
Гүлдана ӘДІЛОВА.	Сәкен Сейфуллин. «Далада».....63
Гүлжамилә ҚАЛМАҒАМБЕТОВА.	Ғабит Мүсірепов. «Ананың анасы».....66
Қуаныш АМАНДЫҚОВА.	Ш.Айтматов. «Найман-Ана».....70
Әзина САДЫҚОВА.	Сан есімнен өткенді қайталау.....74
Гүлдарига ИСИНА.	Қорқыт ата кітабы.....77
Айгүл ЖАБЕЛ.	Жармадағы батыр аталар – бізге мақтаныш.....82
Гүлмира САҒЫНДЫҚОВА.	Қазақ әдебиеті пәнінен шығарма жоспарлары.....86
Ақтілек НҮРИТДЕНОВА.	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Еңлік-Кебек» дастаны.....99
Самал ҚАСЕНОВА.	Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытатын әдістемелік кітапша.....103

<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
Сағыныш БЕГАЛИНА.	Тұрақты тіркестерді қайталау.....113
Шынар ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ.	Сан есімнің емлесі.....115
Нұрболсын ҚАМЫСПАЕВА.	Сан есімді оқыту.....118
Айгүл СЕНҒАЛИЕВА.	Сөз тіркесін білдіретін синтаксистік қатынастар.....121

<i>«Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе»</i>	
Берік НҮРМҰХАНОВ.	Абайдың табиғат лирикасы.....126
Айна АЛТЫБАЙҚЫЗЫ, Ризагүл ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ.	Абайтану курсы.....135

<i>Әдеби кеш</i>	
Гүлбану ҚОРАБАЕВА.	Бердібек биігі аласармайды.....140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұршиа Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

ТҮРКІ ДҮНИЕСІН ЖЫРМЕН ОЯТҚАН АҚЫН

(Басы өткен сандарда)

Мағжан Жұмабаев дүниежүзілік поэзия әлеміндегі жарық жұлдыздардың бірегейі. Неге? Ол орыс әдебиетінен сусындағаннан кейін жаратушы сыйлаған жойқын дарын қуаты ашылып, әлем әдебиетінің биігіне қарай самғады да, Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт шығармаларынан нәр алып, Шығыстың даналығын қоса игеріп, табиғат ежелден ақын халық етіп жаратқан қазақ поэзиясынан молынан сіміруінің нәтижесінде әлем әдебиетінің шырқау шыңына шықты. Өмірде жақсылық пен жамандық үнемі арпалыс үстінде. Мағжан Жұмабаев жыр әлемінде ақ сұңқардай жарқ етіп самғап, барша жұртты таңдандырып, жалт қаратып еді, артынан қара ниет зұлымдық қуып жетті. Сондай алмағайып сәтте әйгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов жазықсыз жалаға ұшыраған оны жан сала қорғап, «Мағжанның ақындығы туралы» деген әліге дейін теңдесі жоқ туындысын жазды. Жүсіпбек ағаның бұл еңбегін қазақ әдебиеттану ғылымындағы классикалық мұра деуге болады. Терең ойлы Жүсіпбек осы еңбегінде: «Мағжанның түрікшіл, азиятшыл болу себебі, оның терең негізі бар. Мәселен Күншығыс халқын алсақ, бәрі де Батыстың, Европаның жемі, азығы, атып жейтін аңы болып келе жатыр. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен мақтануында сөз жоқ. Мағжан да күшті ақын. Күштілігі еліктеткенінен көрінеді. Мағжанға қарсы жазып жүрген ақындардың бәрі Мағжан өлеңінің даяр түрімен жазып отырғанын көреміз», – дейді (6, 410, 427-б.).

М.Жұмабаевтың қуатты, бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін жиырмасыншы ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиеттерінің биік деңгейіне көтерді. «Өлеңді музыкаға айналдырған, дыбыстан сурет тұрғызған, сөзге жан бітірген, жаңа өлшеулер шығарған» Мағжанның осындай ірі қасиеттерін және ішкі шығармашылық құдіретін жұрттан бұрын байқаған әрі аса жоғары бағалаған Мұхтар Әуезов: «Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның тегінен асқандай, сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін»,– деп жазды (6, 11-б.).

Мағжанды сүйетін, еуропалығын, жаркыраған әшекейін сүйетін Мұхтар Әуезовтің өз ойын осылай Мағжан қуғын-сүргінге ұшырап жүрген кезде ашық айтуы, бұл – Мағжанның шығармашылығына берілген баға, өсер елдің баласының сөзі ғана емес, азапты жолда жүрген ақынға ашықтан-ашық ара түсу, өз басын отқа байлағанмен бірдей нағыз ерлік еді. Мұхтар Әуезов оған саналы түрде барды. Өйткені олар ел тарихындағы ең бір жойқын да күрделі кезеңде тарихи-элеуметтік құбылысқа сыншыл көзбен қарап, өзінше баға берген, ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте білек біріктірген тағдырлас жандар еді. Қазақтың аймаңдай ұлы, ірі жазушы Жүсіпбек Аймауытов ағамыз да сондай тұлға. Кезінде Мұхтар Әуезов Мағжан қаламынан шыққан туындыларға әркез зер салып жүреді, «Алқа» бағдарламасымен де алғашқылардың бірі болып танысады. Негізінен ол бағдарламаны мақұлдап, нақты әрекетке көшу керектігін айтып, Мағжанға жауап хат жолдайды.

Бұған белгілі ғалым Д.Ысқақұлының: «Алқаның» бағдарламасын М.Жұмабаев жасап, ол пікіралысу үшін қолжазба күйінде тараған. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ж.Тілеулин, С.Дөнентаев, М.Әуезов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, С.Қожанұлы, Е.Алдонғарұлы, Ж.Сәрсенбіұлы сияқты алаш

азаматтары бағдарламамен танысып, қолдаған»,– деп жазғаны дәлел (8, 63-64-б.).

Аса дарынды ақын құдіреті күшті тәңірдің жаратқан пендесі бола тұра, тың шығармасын тудыру барысында өзінің «тудырушылық», «жаратушылық» табиғатын, қасиетін барынша биікке қояды. Өйткені ақын да Алланың берген үлкен талант пәрменінің арқасында өзіне тән рухани әлем тудырушы. Соған орай Мағжан ақын «Мен кім?» деген өлеңінде:

Көкте – Күнмін, көпке нұрын шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін толқып, шалқып, тасамын.
Өзім–тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім–Құран, бағынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,

Енді, ескілік, келдің өлер кезіне!– деп М.Жұмабаев асқақ рухпен жалпақ әлемге үн тастайды (6, 79-б.). Мұнда ол өзі сездіргендей, Оттан жаралған Ғұннан тараған ер жүрек Түркілер атынан тебірене жыр толғаған.

Тағы еске саларымыз, Мағжан шығармашылығының биік деңгейге көтерілуіне халық ауыз әдебиетінің әсері зор болған. Ақын поэтикасының пайда болуын, көркемдік стилінің қалыптасуын, образ жасау ұстанымдарының дамуын қазақтың ұлттық рухани мұрасының игі ықпалы деу керек. Оның шығармасындағы халық тілінің айшықты кестелерінен дәстүрлі фольклордың элементтерін мол кездестіруге болады, ауыз әдебиетіндегі көркемдеуші құралдарды пайдалануда да өзіндік стиль жасалды.

Өмір ағымын, тіршілік тынысын, аласапыран заман болмысын, табиғат бөлшектерін кейіпкер етіп алып, оған жан, тіл бітіріп, адамдық бейнеге айналдыру, сондай-ақ адам мен табиғат бөлшектерін бір арна, мақсатқа үйлестіріп образ жасау ежелгі дәуірден жеткен рухани мұраларда, қазақ халқының аңыздық шығармаларында молынан кездеседі. Сол дәстүр Мағжан ақын поэзиясында айырықша көзге түседі. Бұған осы ақынның «Айға» деген көлемді туындысындағы:

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жандай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.
Кім білсін, өткен күнің алтын шығар?
Ажарың бейне күндей жарқын шығар?
Көп жұлдыз—әлде күшпен, әлде іспен,
Еріксіз артыңа еріткен халқың шығар,— деген жыр
шумақтары дәлел. Ел, ер, өз басындағы тағдырды Ай – табиғат
бөлшегі арқылы бейнелеп көрсету Мағжандай ақын қолынан
келеді (6, 67-б.).

Солай десек те Еуропа мен орыс ақын романтиктерінің
айға қарап ойлар айтуы, романтизмнің алғашқы дәуірлеу
кезеңдерінде модаға айналғандығын, кейін қалыпты бір арнаға
түскенін де естен шығаруға болмайды. Бұған «Әдебиеттану:
Терминдер сөздігі» атты еңбектегі: «Әрине, романтизмнің
әдеби ағым ретіндегі және нақтылы кезеңдегі қоғамдық, мәдени
жағдайға сәйкес философиялық, эстетикалық көзқарастарымен
жалғас келеді. Романтикалық арман-мұратты (идеялды) қарама-
қарсы қояды. Мұның өзін бір жағынан қиялшылық, күнделікті
күйкі тірліктен жоғары тұрған жарқын өмірді аңсау, екінші
жағынан өз ортасын олқы көріп, өз кезіндегі қоғамдық тәртіпті
қабылдамау, оған наразылық білдіру деуге болады»,—деген
дәйектеме сәйкес келеді (9, 289-б.). Бұл сөз М.Жұмабаевтың
сол кездегі жан дүниесімен сарындас. Мағжан көңіл күйі
жабырқау тартқан бір сәтінде, көктегі Ай да оған өзі тәрізді түсі
қашып, мұңайып тұрғандай сезіледі, онымен іштей сырласады,
мұңдасады. Айға «неге қайғылысың, нұрыңды біреу сөндірмек
пе, әлде өткен күніңді ойлап қайғырасың ба?»—деп сұрау
береді. Ізінше өзі:

Қайғылы Ай, мен де сенің қайғыңа ортақ,
Менде де бұрын бар еді тәж бенен так.
Жас едім, жалынды едім, батыр едім,
Қолыма қонып еді ол уақыт бақ,— деп жаңаша ой туындатып,
көктегі құдіретті Аймен сырласып (6, 67-б.), өзінің мұңаю
себебі жалғыздығынан, артынан халқын ерте алмағандығынан

екендігін айтып налиды. Мұнда Мағжан Айды символ есебінде
көрсеткен. Ақын қаламының қуатымен Ай адамға айналған.

Осы өлеңдегі туған жер туралы ақын түсінігі кең әрі
ауқымды. Жер—бәріміздің анамыз. Жер бетіндегі өмір сүретін
жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілік иелерін асырап, паналатып
отырған «Жер-Ана» деген сенімді түсінікті ақын онан да мәнді,
асқақ етіп көрсетуге ұмтылып:

Кең дала, көресің ғой ана жатқан
Жібектей жасыл шөптер бетін жапқан.
Асқар тау, балдан тәтті сулары бал,
Әне, сол анам еді мені тапқан.
Дариға, жауыз тағдыр қатты алдады,
Бақ-дәулет – алмағаны еш қалмады.
Тас жүрек көзім нұры – анамды алып,

Еңіреген мен жетімге көз салмады,— деп көркем шығарма
жасаудың жаңа үлгісін алға тартады (6, 68-б.). Осы келтіріл-
ген жыр жолдарында Мағжан ақын табиғат бөлшектеріне
тағзым ете отырып, оларды адамға айналдырып жіберіп, оған
ішкі сырын айтады. «Тас жүрек көзім нұры – анамды алды»
деген өлеңнің бір тармағындағы «анамды алды» деп ол туған
жерін айтып отыр. Ертеректе патшалы Россия қазақ халқының
шұрайлы жерлеріне «қара шекпенділерді» қоныстандырып,
тұрғын халықты шөлейт далаға қуып жіберді. Сол зорлық
«Столыпин реакциясы» деп аталды. Жұас халықты бұлай қорлау
дүниеде бұрын болмаған шығар. Сонда Мағжан өлеңінің бір
жолы—өткен заманның ауыр тарихын көтеріп тұр ғой.

Осы арада айтарымыз, аса ірі ойшыл, жойқын дарын
иесі Мағжан Жұмабаев өзінің поэзиясына көбіне символды
пайдаланды. Бұған да заман ықпалы тиді. Қызыл империя
қылышын оның өңменіне тақап, қарсы сөз айтуын аңдып
тұрғанда ақын өлеңдерін символға шомылдырды. Бұған
«Терминдер сөздігі» кітабындағы: «Жалпы халықтық тілде
кездесетін символда бір нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта
көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің,
не ұғымның жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалады»,—
деген тұжырым дәлел (9, 299-б.). Сондай қысылшаң тұста

Мағжан ақын көктегі жебеуші күдірет Айға қарап:

Мінеки, қамаудамын, тас үңгірде,

Мұнысы – көмгені ғой тірі көрге.

Мейірімді ай, менідағы жаныңа алшы,

Болайық екі мұндық бізде бірге, – дейді қапаланып (6, 68-б.).

Әйгілі ақын Мағжан Жұмабаев өз шығармаларында жел, от, ай, күн, түн, тағы басқа табиғат бөлшектерін әр алуан кейіп, түр, бейне ретінде ұтқырлықпен, көбіне типтік образ жасауда және символ ретінде пайдаланғаны танылады. Өйткені көне түркілер ежелгі дәуірден осы табиғат құбылыстарына табынып, бағына білген. Мағжан ақындық зор шабыт, алғырлық терең ой және қара тасты балқытатын сөз өнері шеберлігімен түркілердің көне тәңірлік наным-сенімдеріне кестелі сөзбен сұлу кейіп енгізіп, өз өлеңдеріне арқау етіп, бізге жеткізе білді.

Бәрінен қымбаты–түркі дәстүр, нанымын болашақ ұрпаққа поэзияға орап тарту етті. Мұндайда Мағжан ақын көркемдік өрнек, тәсілді, әсіресе образды сөздерді ешкім айтпаған тапқырлықпен жаңаша түрлендіріп, өңдеп, оқырман көңіл-күйіне қона қалатындай «іші алтын» қалыпқа түсірді. Ақын көбіне символ ретінде алып жүрген бір ғана «жел» сөзінің өзіне қарасақ, соны түрлі образбен, бейнелі сөзбен береді: «жел – тым тентек бір бала», «жүйрік жел», «жалқау жел», «жібек жел», «ызғарлы жел долданып», «жел маужырап тербелер», «жел сипайды», «жел аза боп өртеніп», «жел мінезді ессіз жан», «күбірлеп жылы жел жүрер», «жел жалығып, хал жиып», «Ақын–жел, есер, гулер, жүйрік желдей», «желдей зулап ескен жүйрік жас жүрек», «желге айналған мен екенін білгейсің», «жел жалды, долы дауыл ұрып тұрды», «кешкі ескен жылы жібек жел сұлу», «жел сөзбенен шабақ аулауға ойлаған», «жел өндірді у жырын», «сол арада сайтандай ебелеңдеп жел келеді», «желмен кетсек қанатты көбелектей күйерміз», «Көкте–бұлт, жерде–желмін гулеген», «жер еркесі–желдің жөнін кім сұрар», «Жел тимей кірсіз тұрған кезің еді», «жылы жел қара бұлтты тербеп айдап», «Есіл жастық ескен желдей гуілдеп»... Бір ғана «Жел» сөзінің поэтикалық әлемде осыншалық астарлы образға айналуы – ақынның рухани әлемінің қат-қабатында астарлы

күйде тұнып жатқан жан дүние байлығымен астасып жатуында, сондай бір сырлы әлемнен бастау құрауында дей аламыз.

Міне, сондықтан осы бір «жел» сөзінің өзі Мағжан поэзиясында жүз құлпырып, мың түрленіп, ақынның ішкі дүниесі мен сезім-сырларын сыртқа құбылта ақтарады. Сананы сан-саққа жүгірткен «жел» сөзіне байланысты тіркестер мен ой-толғамдар қазақ поэзиясында бұрын-соңды болмаған еді. Мағжан қаламы арқылы келген жаңалықтар жеке ақын тұлғасына тиесілі. Ақынның сезім дүниесіне қапысыз әсер еткен ұлттық әдебиет әлеміндегі мұндай жанданған жаңа сөз тіркестері Мағжан поэзиясында тұнып тұр.

Мағжан лирикаларындағы мың түрлі тіркеске айналған «жел» бірде тентек бала, енді бірде жылаған, долданған жан мінезін танытса, тағы бірде «жүйрік жел», «жалқау жел», «жібек жел» болып сан қырлы сипатқа ие болған. Ақынның көңіл-күйіне, жан дүниесіндегі сезім құбылысына орай «жел» сөзі оның өз басының мінезін, образын ашатын шеберлік құралына да айналған. «Ақын – жел, есер, гулер, жүйрік желдей», «Желге айналған мен екенін білгейсің», «Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген» деген тіркестер ақынның ешкімге ұқсамайтын «жел» сияқты еркіндігін, ешкімге тәуелді болып бой ұрғысы келмейтін дара қасиетін әйгілейді.

Демек, осы бір ғана «Жел» сөзіне байланысты туған тың ой, оралымдар Мағжанның жазу стилін ғана емес, мінез-әрекетін, образ жасау тәсілін, суреткерлік ерекшелігін де айқындайды. «Жел» сөзіне байланысты туған жаңа тіркестер Мағжанның ұйытқыған сезім-сырын ғана емес, өмірлік құбылысқа деген эстетикалық дара дүниетанымын да айғақтайды. Эстетикалық сезім дегеніміз, бұл–адам баласының өнер әлеміне енген кезіндегі ерекше эмоцияны бастан кешетін жағдайы. Ендеше Мағжан ақынның эстетикалық әлемді сезінуі, тануы оның лирикаларындағы От, Күн, Түн, Ай, Көр сияқты сөздерді қолдануынан да ерекше аңғарылады. Жоғарыда аталған табиғат бөлшектерін әр түрлі ұғымдарда қолданып, тәңірлік рухты танытуды және елі мен жұртына жігер беруді көздейді. Әрі ақын өз басының қайғы-мұңы мен махаббатын жеткізуде

де осылай жанды-жансыз баламалар арқылы жаңаша мән-мазмұн туындатады.

Мысалға, ақын түнді зұлымдықтың символы етіп әрқилы мағына, бейне қалыптастырады. Нақтылап көрсетсек ол «Түн баласы түнерген, түн жамылған», «Қараңғы, дауылды түн сар далада», «Түнерген түн өледі», «Қара түн қорқынышты қаптағанда», «Қайғы менен қара қанға тұншығып, Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр» деп дана Мағжан ашылмас қайғы-шерді, серпілмес ауыр ойды қырық құбылған түн образы ретінде қолданса, Күн мен Айды, Отты жақсылықтың, қуаныштың, сұлулықтың белгісі ретінде алып, бұларға да түрліше мағына беріп, жаңа ұғым қалыптастырады.

Мағжан Жұмабаев табиғат бөлшектерінің өзіндік ерекшелігін, құдіреттілік қасиетін жаңа жыр тудыруда аса тапқырлықпен пайдаланған. Бұған оның поэзиясындағы «Нұрлы күн алтын нұрын төкті аямай», «Таң, күн деген жер жаны, екеуінсіз жоқ сәні», «Алтын күн, алтын сәуле жерге шашар», «Күннен туған баламын», «Кешегі күн – қойнымдағы сұм қиял», – деген жыр жолдары дәлел. Мұнда ақын күнді дүниеге нұр төгіп, оятатын, жан, көрік, сән, қуат беретін мейірімділіктің құдайы ретінде бағалайды. Ал өзінің жан дүниесіндегі шапағат, жақсылық, ерік-жігерді – «жер жүзіне нұр беремін, күн берем», «Күн болған көңілімде сенің сәулен», «Қызарып күн шыққанда, күн отынан туғанмын», – деген ойға суарылған жаңаша кейіпке көшкен оралымдар арқылы образды түрде жеткізеді. Бұл – Мағжан ақын қолынан келетін соны даралық.

Мағжан ақын поэзиясына шұқшия үңіліп оқығанда байқалғаны – өзіне қандастық, түбі бір түрікшілдік туралы, бір кезде ата-баба табынған тәңірлік дін рухын көтере отырып, көне ғасырлық түркі тарихын өз сезімінің, жанының мұңымен жарыстыра дәл Мағжандай суреттеген ешбір ақын болған жоқ. «Орал тауы», «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Алатау», «Алыстағы бауырыма», «Еділде», «Түркістан» өлеңдерінде ақын образы ежелгі ата-баба рухымен асқақтап, жігерленген, басқаға да осы айбынды күшті дарытуды көздеген, бір

кездері жер тітіреткен алып түркі жұртын аңсаған алып тұлға бейнесінде елес береді.

Әйгілі «От» өлеңіндегі жалындаған от пен күннің нұрынан жаратылған ақын кейіпкері – ежелгі Азия мен Еуропада билік құрған Ғұн Атилланың ұрпағы, күн шығысты дүркіреткен Ер Түріктің ерлігін жалғастырушы кейпінде елес беріп, оқырман сезімі мен көңіліне де сондай сенімді жігер құяды. Оған М.Жұмабаевтың «От» атты өлеңіндегі:

Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме-өзім табынам,

Жерде жалғыз тәңірі – от,- деп басталатын жыр шумақтары дәлел (6, 49-б.). Мұнда ақын түркілік дәстүр, түркілік қаһармандықты қуаттап, отқа табынып, жауға аттанған ата-бабасына күш беріп, санасына сәуле енгізген сол наным – Оттың құдіретімен бүгінгі, болашақ ұрпақ рухын оятуды көздейді. Өзі де «жалындаған күн отынан туып», енді ешқашан өшпейтін, ешкімнің де оны өшіруге дәті жетпейтінін шабыттана, асқақ сезіммен жеткізеді, «жарқырап от боп туғаннан» бұрынғы өткен заманда да оны ешкімнің күші жетіп ала алмағанын, керісінше өзі от болып жанып, жер бетіндегі қараңғылық пен жауыздықты жоюға ежелгі ғұнның, көк түріктің шыққан қарт мекені Алтайдан асып, Альпі, Балқан барып, Еуропаға да жеңіспен жеткенін зор мақтанышпен еске алады. Оттың қуатынан күш алып, бойына қайрат жиған ақын бүкіл ұлтын да отпен қарып, рухын тазалағысы хәм көтергісі келеді.

Ақынның «Пайғамбар», «Күншығыс» туындылары осы өлеңнің үзіндісі, жалғасы іспетті. «От боп жанған» жалынымен бүкіл әлемге нұрын төгуге даяр өлең кейіпкері – күнбатыстағы қаптаған қараңғылықты жоюға аттанған алып күш иесі. Күнбатыстың «пайғамбарын табанына таптаған», «тәңірісін өлтіріп, табынатын басқа тәңірі таппаған», «түннен туған түнерген перілер», «Көр көзінен жас төгіп», енді «күншығыстан бір пайғамбар күтеді». Жалындап жанған лирикалық бейне оларды да қара түннің азабынан құтқарғысы келеді.

Мағжан ақын «Пайғамбар» атты шығармасындағы:

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.
Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар,- деп өзінің арғы ататегін түгендей көрсетіп (6, 52-б.), әділетсіздік пен жауыздыққа тойынған, енді соның азабын шегіп, бір-бірімен қырқысқан күнбатыстағы «қанды шу» (бірінші дүниежүзілік соғыс) азабын тоқтатып, оларды да жарық күннің жалынымен жуып, саналарын тазартқысы келеді. Жер бетіндегі жауыздық атаулыға жаны қас ақын «Күншығыс» атты өлеңінде соғыс болып жатқан күнбатысқа: «Үмітің болса өмірден, ұста менің қолымнан!» деп бар ниетімен көмек қолын ұсынады (6, 54-б.).

Мағжан өлеңдерінде жалпы «күн» атауы өмірінің мәні, сәні, жаны, махаббатқа дем берер күш ретінде алынса, «айды» да сұлулықтың, тіршіліктің, арман мен үміттің символы түрінде сан құбылтып қолданады. «Алтын ай ерке сұлу шықпай қалды», «Ару ғой ай дегенің алтын қабақ», «Күліп қана жүзеді ай», «Беті-алма, жүзі-ай» (6, 119-б.), «Кеше ғана толған ай жүзің еді» деп сұлулықты суреттеуде қолданса, енді бір орайлы тұста айды асыл, қымбат қазына немесе қол жетпейтін махаббат түрінде де көрсетеді. Бұған «Ессіз жарық айға қолын көп созды» немесе «Ақын да айға ұмтылған бір бала ғой», – деген өлең жолдары дәлел. Расында Мағжан ақын махаббатты жырлағанда тіпті қиял шегіне көтеріліп, жұлдыздарға, айға жақындап, соларды сұлуларға алып беруге даяр тұрғандай. Мысалға, «Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін» деген өлеңінде:

Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,

Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.

Жет жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды жүзік, Айды алқа ғып берейін,- дейді (6, 161-б.).

Бұл Мағжан ақынға тән шеберлік, тапқырлық.

Сонымен бірге, Мағжан ақын кербез айды ішкі сырын

ақтаратын сырласы есебінде де оған өзінше үн қатады, оған ақынның: «Қайғылы-ай, тұрсың көкте нұрың шашып, мейірімді ай, мені дағы жаныңа алшы», деген өлең жолы дәлел (6, 67-б.). Кейде осылай ақын жер бетінде өзін түсінетін жан таппай, аспандағы айға мұңын шағады. Бұл сарын қазақ поэзиясында әрі жалғасты. «Ақынның тарихи шындыққа өрілген көркемдік концепциясы көбіне адамзаттық, гуманистік ойларымен шешіліп, түйінделіп отырады. Бұл сарын Мағжаннан кейінгі кеңес дәуірі тұсындағы ақындар өлеңдерінде шеберлікпен өрнектелді... Өткенді дәріптеу жағынан ақын Ж.Жақыпбаев романтикасы Мағжанға ұқсайды. Қазіргі лирикадағы түрікшілдік сарын Ж.Нәжімеденов, Т.Медетбек, Т.Әбдікәкім, тағы басқалар өлеңдерінде айқынырақ поэтикалық мазмұн құрауда» (11, 401-б.).

Қорыта айтқанда, Мағжан Жұмабаевтың түркілік наным-сенім бағытында жазылған шығармаларының өзегі және мақсаты – көне түркілердің бізге жетпей қалған салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын алдымызға әкеліп тартып, барлық жұртты түркілік-ұлтық намыс, жігер, сана рухында тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан бұл шығармалар – тозбайтын мұра. Ең бастысы – өз халқының шеңберінен шығып, түркі дүниесі рухында әлемдік деңгейде тозбас шығарма жасаған Мағжан Жұмабаевты қазақ халқында түрікшілдік тақырыбында жырлаған бірінші ақын деп есептеуіміз керек. Мағжан өлеңдерінің түркі дүниесі жұртының қымбат мұрасына айналуының сыры осында жатыр. Мысалы, Түркия Республикасының Мағжан Жұмабаевтың ақталғаннан кейінгі мерейтойын қазақ халқынан бұрын атап өтуі оның осы шығармаларының тозбас мәңгілігін танытады. Оның жасаған поэзиясы қалай мәңгілік мұраға айналды? Бұған талдау жасап түсіндіру үлкен тақырыпқа айналып кетеді. Қысқа қайырып, түйіндеп берсек, Мағжан Жұмабаевты табиғат дарынды етіп жаратқан. Қазақ халқының сөз өнері даналығы өзінің шалқар кең даласына лықси толып, тербеліп тұрды. Мағжан дүние есігін ашқаннан елінің осы асыл мұрасымен қоса демалды. Сосын поэзия шыңы, ұлы Абай даналығын сіміре жұтып бойына шипадай дарытты. Ол Абай жасаған жыр-жауһарға бас ұрып:

Қарадан хақім болған сендей жанның

Әлемнің құлағынан әні кетпес,- деп ұстазына шын бағасын берді (6, 22-б.). М.Жұмабаев Абай поэзиясынан тасқын қуат алғаннан кейін, оның деңгейін төмендетіп алмас үшін шарқ ұрып ізденіп, әлемдік әдебиет биігіне қол созды. Кезінде оның өлеңдерінен мін іздегендер Мағжанның өрлеу жолында өзгеден үйренуінің мәніне түсінбей қаңқу сөздер айтты. Бұған сегіз қырлы дарын иесі Ж.Аймауытовтың: «Мағжан – еліктегіш ақын. Еліктеу ақынға мін емес, қандай күшті ақындар да алдыңғы ақындарға еліктемей жаза алмаған. Пушкин, Лермонтов Байронға, Шекспирге еліктеген. Толстой сықылды әлемге аты шыққан жазушы да Пушкинге, Гогольге еліктеп жазған. Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да ізденген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет салуға сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ»,—деген сөзін келтірсек те жетер (6, 415-416-б.). Ендеше, Абайдай поэзия шыңын жасаған Мағжан Жұмабаев жыр әлемінде Абаймен қатар тұрса мерейімізді өсірмей ме?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Антология даоской философии. М: «Клышников, Комаров и К», 1994.
2. Ч.Өмүралыуулу. «Тенирчилик». Бишкек. «Крон», 1994.
3. Б.Қанарбаева. «Жырмен жұртты оятқан». А., «Ана тілі», 1998.
4. Бес арыс. А., «Жалын», 1992.
5. Ш.Елеукенұлы. «Мағжан Жұмабаев». А., 1991.
6. М.Жұмабаев. Шығармалары. А., «Жазушы», 1989.
7. В.В.Бартольд. Сочинения. Т.5. М: «Наука», 1968.
8. Д.Ысқақұлы. «Сынталқы». А., 2005.
9. Әдебиеттану: Терминдер сөздігі. «Ана тілі», 1998.
10. Т.Еңсегенұлы. Көне түркі руна жазба поэзиясы. Бірінші кітап. Көне түркі руна жазба өлеңдері. А., «Білім», 2007.
11. Д.Ислам. Қазіргі қазақ лирикасындағы түрікшілдіктің жырлануы // III Халықаралық түркология конгресі. Түркістан, 2009.

Авторлық бағдарлама

Мүтәліп СӘБИТҰЛЫ,
«Т.Жанұзақов атындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Алматы облысы,
Райымбек ауданы.

«ӘДЕБИЕТТАНУ» **ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ**

(10-11-сыныптар)

Түсінік хат

Орта мектепте оқытылатын пәндер жүйесінде әдебиет пәнінің орны мен маңызы айырықша. Халқымыздың сан ғасырлық рухани қазына байлығын, сөз өнерінің тарихын, қаламгерлердің өмір жолы мен шығармашылығын, белгілі бір шығармалар, ондағы кейіпкерлер әлемі мен шығарма мәнін біз әдебиет пәні арқылы жас өркенге сіңіріп келеміз. Әдебиет, ең бірінші, адамгершілік, рухани тәрбиенің бастауы. Көркем туындыларды оқыту, түсіндіру, талдау барысында ұстаз тек әдеби білім беріп қана қоймайды, шәкірт бойына адамгершілік пен эстетикалық тәрбие нұрын себеді. Оқушы көркем шығармадан ғибратты тағылым алып шығумен қатар, сөз өнерінің эстетикалық табиғатын танып шығады. Әдебиет пәні тек шығарманың мазмұнын ғана емес, оны теориялық тұрғыдан талдауды көп қажет етеді. Кей кездерде әдебиет теориясын оқыту мектепте кенжелеп жатқаны ақиқат. Осы орайда, көркем шығарманың қызық әрі қиын құпиялары хақында оқушымен тереңірек сырласу қажеттілігі туындайды. Әдебиет теориясын тәжірибемен байланыстыру – қиынның қиыны. Бұл айналып келгенде ұстазға, оның пәнді, сөз өнерін сүюіне, кәсіби шеберлігіне байланысты.

Бағдарлама жеке тұлғаның туындыны талдаудағы ғылымилық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Теорияны қатаң ереже немесе бірыңғай қисынға айландырмай, теориялық толғамды қаламгер өнерінің қиын иірімімен ұштастыра, көркем шығарманың психологиясымен байланыстыра отырып сын тұрғысынан ойлау технологиясына негізделген.

Курстың мақсаты – оқушының әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырып, әдеби-эстетикалық, ғылыми ізденімпаздық талғамын дамыту; көркем әдебиетке тән сиқырлы сыр мен астарлы ойдың тереңіне бойлап, өзінше пайымдау білік-дағдысын жетілдіру; шығармаларды талдау, саралау арқылы ғылыми-зерттеушілік жұмысқа баулу.

Курстың міндеті – сөз өнерінің эстетикалық табиғатын таныту; теориялық қағидаларды тереңірек қалыптастыру, теориялық білім дағдысын шыңдау; теорияны практикамен байланыстыру; қосымша мәліметтер арқылы жоспарлы материалдарды толық игерту; өзіндік жұмыс дағдысын қалыптастыра отырып, ізденіс жұмыстарына бейімдеу; өз ойын толық жеткізуге, сөз мәдениетін сақтай отырып шешен де көркем сөйлеуге үйрету.

Күтілетін нәтиже: 1. Теориялық білімдерін өмірде қолдана білу біліктерінің қалыптасуы. 2. Көркем сөйлеудің амал-тәсілдерін игеруі. Шығарманы талдай білудің қалыптасқан жүйесін, сөз қолданысының қыр-сырын ұғынуы. 3. Оқушының зерттеушілік қабілетінің оянуы, ғылыми жұмысқа негізделуі. 4. Оқушының жеке шығармашылық қабілетінің жетілуі.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Қ.Жұмалиев. «Әдебиет теориясының мәселелері». А., 1940; 2. З.Қабдолов. «Сөз өнері». А., «Мектеп», 1976; 3. Р.Сыздықова. «Қазақ әдеби тілінің тарихы». А., «Ана тілі», 1993; 4. Ж.Саметова. «Орта мектепте қазақ әдебиетін оқыту жолдары». А., 2011; 5. Қазақ әдебиеті. Оқыту әдістемелері. 10,11-сыныптар. А., «Атамұра», 2005.

Курс бағдарламасының мазмұны:

1. Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым (1 сағат). Сөз өнері жайлы. Әдебиеттанудың зерттеу объектісі – сөз өнері, негізгі міндеті – оқушыға сөз өнерінің эстетикалық табиғатын

таныту. Әдебиеттану ғылымы жайлы. Теориялық білімді практикамен байланыстыру. Оның жөні мен тәсілдері туралы мағлұмат беру.

2. Әдебиеттің халықтығы (1 сағат). Өнердің кәусар туындылары халық өмірінің терең және мөлдір қайнарынан шығатынын, әдебиет қоғамдық сананың бір түрі ретінде адамды тәрбиелеудің күшті құралы екендігін, халық даналығының таңбасын, шындық шежіресі екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

3. Әдебиет теориясының әдебиет тарихымен байланысы (1 сағат). Әдебиет теориясын әдебиет тарихымен байланыстыра отырып оқушы көзқарасын қалыптастыру.

4. Образ (көркем бейне) және образдылық (суреттілік), (2 сағат). Образ және образдылық туралы теориялық түсінік. Олардың әдебиеттегі қолданысы мен көркемдігі. Өзара байланысы, суреткерлік шеберлігін салыстыра отырып мысалдар келтіру.

5. Суреттілік сұлулығы – деталь (1 сағат). Деталь туралы түсінік. Оның көркем әдебиетте қолдану маңызы. Шындыққа жанасымдылығы мен көркемдігі туралы практикалық жұмыс.

6. Адам бейнесін жасаудың жолдары. Жинақтау. Типтік образ (2 сағат). Әдебиеттегі адам бейнесін жасаудың сан алуан түрлілігі. Теориялық түсінік. Жинақтауға керекті талғампаздық. Типтік бейненің бітімі, тұлғасын жасаудағы оның ішкі ерекшелігін ашу, мінездеу.

7. Даралау. Мінез. Портрет (2 сағат). Даралаудың жолдары, оның мінезге қатысы. Образды ашу жолдары. Образдың түрлері. Мінез. Оны көркем әдебиетте қолдану тәсілі мен түрлері. Портреттің жасалу жолдары, шығармадағы қолданыстарына теориялық, практикалық жұмыс.

8. Шығармадағы мазмұн мен пішін (1 сағат). Теориялық түсінік. Көркем әдебиеттегі мазмұн мен пішіні айырылмас бірлікте екендігі. Суреткер таныған өмір мен оның шындыққа жанасымды жинақталған тақырып пен суретті сөзі екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

9. Әдеби шығарма тақырыбы (1 сағат). Әдеби шығарма

шындық болмысынан таңдалынып, талғампаздықпен алынған, оны негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобы екендігі. Тақырыпты ашу жолдары. Оның идеямен байланысын түсіндіру.

10. Шығарманың идеясы. Шығармадағы көркем әдеби шындық (2 сағат). Жазушы өзі суреттеп отырған өмір құбылысы жайлы айтқан ойы, сол өмір құбылысына берген баға. Тақырып пен идеяның бірлігі. Тарихи шындық пен көркем әдеби шындық туралы ұғым.

11. Шығарма құрылысы (2 сағат). Көркем шығарма құрылысы туралы түсінікті тереңдету. Шығарма құрылысының сыртқы түрі мен ішкі сарынының байланысы. Композицияның барлық шығармада болатындығы. Сюжет. Сюжеттік байланысты практикамен ұштастыру.

12. Дауыс ырғағы (интонация) және дыбыстық қайталаулар (аллитерация, ассонанс), (1 сағат). Әдебиеттегі тіл көркемдігінің бірі – ажарлау, оның түрлері. Шығармадағы дауыс ырғағы мен дыбыстық қайталаулардың қолданысы. Олардың тіл көркемдігіне әсері.

13. Айқындау (эпитет, 1 сағат). Айқындау туралы түсінік, оның күрделі түрінің жасалу ерекшелігі. Айқындаудың шығармаға әсері.

14. Теңеу (1 сағат). Теңеудің эстетикалық әсері: теңеудің ұлғайған, күрделі түрі. Олардың қолданысы.

15. Құбылту (троп) түрлері (5 сағат). Теориялық түсінік. Құбылту, оның түрлері. Оның әрқайсысының ерекшеліктері мен көркем әдебиеттегі орны, шығармаға әсері. Практикалық жұмыстар.

16. Айшықтау (фигура, 5 сағат). Айшықтау туралы теориялық түсінік. Оның түрлері. Әдебиеттегі қолданысы. Шығарма көркемдігіне әсері. Практикамен ұштастыру.

17. Өлең құрылысы. Өлең жүйесі (3 сағат). Өлең құрылысы туралы ұғымды кеңейту. Талдау жолдары. Өлеңнің ерекшелігіне сай жүйесі. Оның түрлері.

18. Әдебиеттегі тек пен түр (1 сағат). Әдебиеттегі тек пен түрдің ерекшеліктері. Тектің поэзияға қатыстылығы. Әдеби шығарма түрлері.

19. Әдеби жанр (1 сағат). Әдеби туындылардың жанрлық табиғаты. Жанр түрлері мен ерекшеліктері. Оларды талдау жолдары.

Тақырыптық жоспар (Барлығы – 34 сағат)

p/c	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны			Сабақтың түрі
		Барлығы	Теория	Практика	
1	Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым.	1	1		Ізденіс
2	Әдебиеттің халықтығы.	1	1		Пікірталас
3	Әдебиет теориясының әдебиет тарихымен байланысы.	1	1		Көзқарас
4	Образ (көркем бейне) және образдылық (суреттілік).	2	1	1	Салыстыру
5	Суреттілік сұлулығы-деталь.	1		1	Ойтолғау
6	Адам бейнесін жасаудың жолдары. Жинақтау. Типтік образ.	2	1	1	Салыстыру
7	Даралау. Мінез. Портрет.	2	1	1	Ойтолғау
8	Шығармадағы мазмұн мен пішін.	1	1		Салыстыру
9	Әдеби шығарма тақырыбы.	1	1		Дәстүрлі сабақ
10	Шығарманың идеясы. Шығармадағы көркем әдеби шындық.	2	1	1	Ойтолғау
11	Шығарма құрылысы.	2	1	1	Ізденіс
12	Дауыс ырғағы (интонация) және дыбыстық қайталаулар (аллитерация, ассонанс).	1		1	Салыстыру
13	Айқындау (эпитет).	1		1	Дәстүрлі
14	Теңеу.	1		1	Салыстыру
15	Құбылту (троп) түрлері.	5	2	3	Салыстыру
16	Айшықтау (фигура).	5	2	3	Дәстүрлі Ізденіс
17	Өлең құрылысы. Өлең жүйесі.	3	1	2	Дәстүрлі
18	Әдебиеттегі тек пен түр.	1	1		Ізденіс
19	Әдеби жанр.	1			Салыстыру

Хуралай АЛДАНЫШ,
Абай атындағы көпсалалы
мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
Қалбатау ауылы.

«АБАЙТАНУ» ОҚЫТУ КУРСЫ

«Қазақтың классикалық әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, Абай қазақтың ұлы ақыны, композиторы, дана философы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы, оның алғашқы классигі.

Елбасымыз өзінің халыққа Жолдауында: «... Ұлылардың өмірі мен тағылымы арқылы ұрпағын тәрбиелеу – әсіресе, қазақ халқында ежелден-ақ келе жатқан үрдіс. Бұл жерде сөз өнерінің атқарған орны ерекше болған. Адамзаттың ақыл-ойы, ақындығының ірі тұлғасы Абай тағылымы білімнің де, тәрбиенің де қайнар бұлағы екені түсінікті. Ұлы дананың қай шығармасын алмайық, оның алтын қазығы – Адам. Ол нағыз Адам, Толық Адам қандай болу керек деген сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді. Мысалы, «Атымды Адам қойған соң қайтып надан болайын», «Адамды сүюден басқа қызық жоқ» деген пікірінде қазір көп айтылып жүрген ізгілік педагогикасының ұстанымдары жатыр. Осы жерде жас ұрпақты тәрбиелеу ісі, ең алдымен, оларды адамды сүюге баулудан басталуы керек деген тұжырым шығады. Абай мұрасы, тағылымының өміршеңдігін заманның өзі дәлелдеп отыр» деген болатын. Абай – тек қазақ әдебиеті тарихында емес, бүкіл қазақ халқының тарихындағы үлкен де ерен құбылыс. Сондықтан бағдарламаның басты мәселелерінің бірі – жасөспірімдерді Абайдың өмірі, шығармашылығы арқылы тәрбиелеу, олардың

Абай шығармаларын оқуға деген құштарлығын, белсенділігін арттыру, дамыту.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қоғамның негізгі мақсаттарының бірі – мектеп қабырғасында қабілеті анықталған жастардың талаптарын дамыту» керек екен деп айтылған. Осы орайда «Абайтану» курсы жүргізудің қазақ әдебиеті пәні бойынша болашақта білімін жалғастырғысы келетін мектеп оқушылары үшін маңызы зор.

Аталған бағдарлама 6-сынып оқушыларына қосымша курс ретінде оқып, өзіндік білім алуларына мүмкіндік береді.

Аптасына 1 сағат деп есептеліп, 34 сағат жоспарланып отыр.

«Абайтану» бағдарлы курсының мақсаты: білімділік – қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ суреткер ақын, ғұлама ойшыл, адамзат тудырған алып тұлға Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын таныту, терең меңгерту; дамытушылық – ұлы кемеңгердің өлеңдерін, шығармаларын, аудармаларын, қарасөздерін оқыта отырып, сыни көзқарастарын, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, өлеңдерін мәнерлеп оқуға, жатқа айтуға баулу, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; тәрбиелік – оқушыларды адамгершілікке, білімге, өнерге, шыншылдыққа, достыққа баулу.

«Абайтану» бағдарлы курсының міндеттері:

- Жалпы білім беретін 6-сынып оқушыларының әдебиетке деген көзқарастарын қалыптастырып, көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру;
- Теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, жаңа тақырыптармен таныстыру;
- Поэзия тілінің қасиетін, көркемдік құдіретін түсінуге баулу;
- Шығармашылық қабілеті бар оқушылардың талабына жол сілтеп, талантты ұштау, т.б.

Күтілетін нәтиже:

- Абайдың өмірі мен шығармашылығы жайлы терең біліммен қаруланады;
- Абайдың балалық шағы, өскен ортасы, ұрпақтары, білім алған үш қайнар бұлағы, орыс достары, ақын шәкірттері туралы білім алады;

- табиғат, оқу-білім тақырыбындағы өлеңдеріне талдау жасайды;
- жатқа айтатын болады;
- аудармалары, қарасөздерінің мәнін түсінеді, т.б.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих, музыка.

«Абайтану» бағдарлы курсының мазмұны:

I жартыжылдық

Кіріспе (1 сағат). Бағдарлама мазмұнымен таныстырып, осыған дейінгі білімдеріне сүйене отырып, Абайдың өмірі, шығармашылығына қысқаша тоқталу.

Абайдың балалық шағы (1 сағат). Болашақ ақын сабырлы мінезімен, кең пейілімен ел анасы атанған «кәрі әжесі» Зеренің таусылмайтын мол қазынадай аңыз, ертегілерін естіп, абысын-ажынға жайлы, мінезі көнтерлі, әзіл-қалжыңға шебер, жөн-жобаға жетік өз анасы Ұлжанның тәрбиесінде өскендігі, 13 жасында ел ісіне араласқандығы, т.б.

Абайдың өскен ортасы (1 сағат). Абай өмір сүріп, шығармашылық қызметпен айналысқан кезең, қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірдегі түбегейлі өзгерістер жайлы, бұл өзгерістер белгілі бір кезеңдерді қамтып, аяқталған кездегі қазақ жерінің Ресейге қосылуы кезеңі жайлы, т.б.

Абайдың ұрпақтары (1 сағат). Абайдың үлкен бәйбішесі Ділдадан Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан, ал екінші әйелі Әйгерімнен Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл, Кенже деген 7 ұл, 3 қызының болғандығы жайлы.

Абайдың білім алған үш қайнар бұлағы (1 сағат). Абайдың білім алған үш қайнар бұлағы: халық ауыз әдебиеті, шығыс әдебиеті, батыс әдебиеті туралы.

Абайдың орыс достары (1 сағат). Абай шығармаларының дәстүрлі және жаңашылдық сипаттарына, сондай-ақ, орыс әдебиеті реализмінің әсері мен оның қазақ әдебиетінде өрістеуі мәселесі, Е.П.Михаэлис, А.А.Леонтьев, Н.И.Долгополов, С.С.Гросс, т.б. орыс оқымыстыларының ақынның ой-өрісін кеңейте түсуге тигізген ықпалы жайлы.

Абайдың ақын шәкірттері (1 сағат). Абайдың әдеби-

рухани ортасы, Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Әсет, Уәйіс, Бейсенбай, Әубәкір, Кәкітай, Әбіш, т.б. жас талант ақындар туралы.

Абай – ұлы ақын (7 сағат). Табиғат лирикасы.

Абай лирикасы – кең көлемді мол қазына, биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра екендігі, Абай лирикасының сала-саласы, табиғат лирикасы, Абайдың өмірдегі, табиғаттағы көркемдікті өте нәзік сезініп, шебер бейнелеп айта білетіні туралы.

«Жаз» өлеңі (Жаздықүн шілде болғанда).

Абайдың 1886 жылы жазған өлеңі. Көлемі 60 жол. Ақын бұл өлеңінде қазақ елінің өмір шындығын әсерлі, тартымды сурет арқылы бейнелеп берудің тамаша, үздік үлгісін туғызғандығы, ақынның асқан суреткерлік қуатын танытатын өлең тілінің бейнелілігі, көркемдігі, сөздердің бояуы жасанды емес, саф алтындай тазалығы көбіне көп орын-орнына өте қисынды тауып қойылған, қатарласып тұтасқан көп сипаттама сөздерден анық байқалатындығы, т.б.

«Күз» өлеңі.

Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұратыны, бұл өлеңде ақын жылдың төрт мезгілін суреттейтін басқа өлеңдеріндегідей үлкен ақындық, шеберлік таныта отырып, табиғат көріністеріне жанастыра ауылдың күнделікті машықты өмір тұрмысын мейілінше қарапайым нақтылы түрде, ешқандай көріктемей, әдейі әсірелеусіз сипаттауы жайлы.

«Жазғытұры» өлеңі. Көлемі 66 жол. 1890 жылы жазылған өлеңі. Өлеңдегі негізгі сарын сахара табиғатының көркін сипаттай отырып, қазақ халқының көшпелі өмір тұрмысын реалистік шынайылықпен нақтылы бейнеленгендігі, сонымен қатар бұл өлеңде табиғат көркін, сұлулығын асқақ шабытты суреткердің көзімен қарап тамашалау, тамсану пафосының ерекше күшті екендігі туралы.

«Қыс» өлеңі. Табиғат мезгілін суреттеуге арналған өлең екендігі, әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұратыны, ақын орыс әдебиетінің суреттеу әдістерін үлгі еткендігі, т.б. жайлы.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға». Абайдың анық

шеберленген ірі суретші және реалист ақын болғаны, қазақ халқы мекен еткен жердің қысы туралы, табиғат, бүркіт салуға атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы, ермек үшін еңбек етпеген ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар жайлы, көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданбайтын бүркіт аңшылығы суреттелгені жайлы.

I жартыжылдық бойынша сынақ (2 сағат). I жартыжылдық бойынша тест тапсырмалары арқылы білімдерін тексеру.

Қорытынды (1 сағат). Барлық өткен тақырыптар бойынша қайталау жүргізіп, қорытынды шығару, бағалау.

II жартыжылдық

Оқу, ғылым, өнер туралы өлеңдері. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі (1 сағат). 1885 жылы жазылған өлеңі. Алғашқы 2 шумағы 4 тармақтан, кейінгі 2 шумағы 3 тармақтан тұрады. Өлеңнің басты идеясы – жастарды білім, ғылымға үндеу екендігі, ақын ел ағасы ретінде жастарға оқып, білім алындар деген құрғақ үгіт айтпай, жасында ғылым қажет екенін ескермей, ер жеткен соң қолын кеш сермеп, одан махрұм қалғаны туралы, т.б.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі (1 сағат). 1885 жылы жазылған өлеңі. Көлемі 77 жол. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, оларды өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылғаны, жастардың өнімді еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуге уағыздағаны туралы.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі (1 сағат). 1887 жылы жазылған өлеңі. Көлемі әрқайсысы 5 тармақты 15 жолдан тұрады. Ол – қазақ оқушысына ертеден даңқты көркем әдебиетте Абай тудырған биік есебіндегі өлең екендігі, ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты туралы қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын өзге де жырлаушы болмағандығы жайлы.

«Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңі (1 сағат). Өннің құдіреті, өнерді қастерлеу жайында айтылғандығы жайлы тоқталу.

Философиялық лирикасы. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі (1 сағат). 1894 жылы жазылған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 6 шумақтан тұрады. Өлең мазмұны қазақ халқының дүниесі-әлем, бақи мен жалған туралы байырғы ұғым-түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымының негізгі категорияларымен тығыз байланысты екендігі жайлы.

«Жүректе қайрат болмаса» өлеңі (1 сағат). Абайдың 1898 жылы жазған өлеңі. Әрқайсысы 4 тармақты 5 шумақтан тұрады. Көлемі 20 жол. Абай бұл туындысында жүректің асылдығы мен нәзіктігін жырлағандығы, ақын адамның адамдығы, ғұламалығы, кісілігі тек бір ғана «ақыл мен сезімінде екендігі» жайлы айтқандары туралы.

Абай өлеңдерінің тілі (1 сағат). Абай қазақтың өзіне дейінгі және өзімен тұстас өлең сөзіне қатал талап қойып, кей сәттерін сынай отыра, қазақ поэзия тілінің жасалу және даму заңдылықтары мен шарттарына мойынсұнбай кетпегені, өйткені бұл – көркем сөз дамуының объективті заңдарының бірі екендігі жайлы.

Абайдың поэмалары «Ескендір» поэмасы (2 сағат). Абайдың дастаны. Әрқайсысы 4 тармақ 42 шумақтан тұрады. Поэmanın негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы деректер, шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің айтуы бойынша Александр – бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам болғандығы, Абай Ескендірді дәріптемей, сынағандығы, т.б. жайлы.

Абайдың аудармалары (2 сағат). Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударғандығы, ең бірінші аудармасы орыстың атақты ақыны М.Ю.Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді, ең соңғысы М.Ю.Лермонтовтың «Вадим» атты ұзақ әңгімесінің желісін алып, өзінше қысқартып жазған поэмасы жайлы, Абай аудармаларын зерттеушілер қазір орыс әдебиетінен оның елуден аса аударған өлеңдерінің бар екендігін айқындап отырғандығы, т.б.

Абайдың қарасөздері (2 сағат). Абайдың толық жинағында 1890 жыл мен 1898 жылдар арасында жазылған бір алуан

шығармалары – «қарасөз» деп аталатындығы, жалпы саны 46 бөлек шығарма, оның 6-7 үлгісі қысқа, жалпы алғанда Абайдың қарасөздер дейтін мұралары көркем прозаның ерекше бір бөлек, бір алуаны боп саналатыны, бұлар сюжетті шығармалар емес, бұрынғы жазушылар қолданған естелік, мемуар да емес, стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі екендігі туралы.

Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы (1 сағат). Абайдың өмірі мен ақындық жолына байланысты материалдар жинақталған мәдени мекеме екендігі жайлы, ондағы 13 мың экспонат қоры 7 дербес тақырыптық залдарға орналасқандығы жайлы, бөлімдердегі Абай өміріне байланысты архивтік материалдар, түрлі құжаттар, қазақ халқының түрлі тұрмыстық-этнографиялық өмірін бейнелейтін заттар, т.б. орналастырылғандығы жайлы.

Абай өлеңдерінен сынақ (2 сағат). I жартыжылдық бойынша тест тапсырмалары арқылы білімдерін тексеру.

Қорытынды (1 сағат). Барлық өткен тақырыптар бойынша қайталау жүргізіп, қорытынды шығару, бағалау.

Күнітзбелік жоспар. Барлығы 34 сағат.

р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Сабак түрі, әдіс-тәсілі	Пайдаланатын әдебиеттер:
I жартыжылдық					
1.	«Абайтану» бағдарлы курсы туралы түсінік.	1		Дәстүрлі сабақ.	
2.	Абайдың балалық шағы.	1		Ізденіс сабақ, СТО	Абай энциклопедиясы.
3.	Абайдың өскен ортасы.	1		Ізденіс сабақ, СТО	Абай энциклопедиясы.
4.	Абайдың ұрпақтары.	1		Ізденіс сабақ, СТО	Абай энциклопедиясы.

5.	Абайдың білім алған үш қайнар бұлағы.	1		Ізденіс сабақ, Джигсо тәсілі.	Б.Майтанов. Абай. Тарих, тұлға, уақыт.
6.	Абайдың орыс достары.	1		Дәстүрлі сабақ.	Абай энциклопедиясы.
7.	Абайдың ақын шәкірттері.	1		Ізденіс сабақ, Джигсо тәсілі.	Абайдың ақын шәкірттері. Қ.Мұхамедханұлы.
8.	Абай – ұлы ақын.				
9.	Табиғат лирикасы.	1		Ойтолғау.	Абай энциклопедиясы.
10.	«Жаз» өлеңі.	1		Ойтолғау. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
11.	«Күз» өлеңі.	1		Салыстыру. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
12.	«Жазғытұры» өлеңі.	1		Салыстыру. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
13.	«Қыс» өлеңі.	1		Салыстыру. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
14.	«Қан-сонарда бүркітші шығады аңға».	1		Пікірсайыс. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.

15.	I жарты-жылдық бойынша сынақ.	2		тест	
16.	Қорытынды.	1			
II жартыжылдық					
1.	Оқу, ғылым, өнер туралы өлеңдері. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі.	1		Дәстүрлі сабақ. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
2.	«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі.	1		Пікір-сайыс. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
3.	«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңі.	1		Ізденіс сабақ. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
4.	«Құлақтан кіріп бойды алар» өлеңі.	1		Салыстыру. СТО	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
5.	Философиялық лирикасы. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі.	1		Ізденіс сабақ, Диалогтік оқыту.	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
6.	«Жүреkte қайрат болмаса» өлеңі.	1		Пікір-сайыс.	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.

7.	Абай өлеңдерінің тілі.	1		Ізденіс сабақ, Диалогтік оқыту.	Абай энциклопедиясы.
8.	Абайдың поэмалары. «Ескендір» поэмасы.	2		Ізденіс сабақ, Джигсо тәсілі.	Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы.
9.	Абайдың аудармалары.	2		Ізденіс сабақ, Джигсо тәсілі.	Абай энциклопедиясы.
10.	Абайдың қарасөздері.	2			Абай. Қара сөз.
11.	Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы.	2		Кіріккен сабақ. СТО	Абай энциклопедиясы.
12.	Абай өлеңдерінен сынақ.	2		тест	
13.	Қорытынды.	1			

Аптасына 1 сағаттан. Барлығы 34 сағат.

Пайдаланылған әдебиеттер: 1. Абай энциклопедиясы. «Атамұра», 1995, 720-б.; 2. Өлең – сөздің патшасы. Шығармаларының бір томдық жинағы. Халықаралық Абай клубы. Жидебай, 2006; 3. Абай. Қара сөз. Халықаралық Абай клубы. Семей қаласы. 2007, 380-б.; 4. Б.Майтанов. Абай. Шығыстың ұлылары топтамасы. Тарих, тұлға, уақыт. А., «Аруна», 2004, 92-б.; 5. Абай туралы естеліктер. 1 кітап. Семей қаласы. Абай мемлекеттік қорық-мұражайы, 2010, 260-б.; 6. Қ.Мұхамедханұлы. Абайдың ақын шәкірттері. А., РГЖИ «Дәуір», 1995, 320-б.; 7. Қ.Мұхамедханұлы. Абайдың ақын шәкірттері. А., РГЖИ «Дәуір». 4-кітап. 1997, 240-б.; 8. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., «Санат», 2006, 904-б.

**Бейсен КӨШКЕЕВА,
Түркістан қаласындағы
№7 Сағтар Ерубаев атындағы
мектеп-интернаттың
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.**

БІЗ ӘДЕБИЕТТІ ҚАЛАЙ ОҚЫТЫП ЖҮРМІЗ?

Біз сөз еткелі отырған әдебиет дегеніміз не? А.Байтұрсынұлы «Әдебиет – оқушыға беймәлім өмірді танытатын қуатты құрал» десе, З.Қабдолов «Әдебиет адамдарға өмірді танытып қана қоймайды, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді. Әдеби шығарма адамның күллі ой-қиялын, сыр-сезімін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді. Қысқасы, адамның көңіл күйінде сан-сапа құбылыстар туғызып, із қалдырады» деп баға береді. М.Әуезов «Әдебиет қазақтың әдеби тілін қалыптастыруда және дамытуда тарихи рөл атқарады. Халық өркенді жыр өнерімен ат салысса, ақын-жазушылар тілдегі небір озық жаңалықтар атаулының бәрін іріктейді, сұрыптайды, жетілдіреді, дәйектендіреді.» деп, қоғам дамуына байланысты өзгеріп, дамып отыратын құбылыс екенін сипаттайды.

Ендеше, халықтың асыл қазынасы «асыл сөзді» қалай оқытып жүргеніміз жайлы сөз қозғау заңды да... Осы тақырып аясында бірнеше әріптестеріміз өз іс-тәжірибесі жайлы пікірлер білдіруде. Атам қазақ қазақ болғалы сөз өнерін бар өнерден асқақ қойып, бір ауыз сөзден ұтылса астындағы атын беріп, еркін даланың өжет қыранындай тайсалмай «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп сөз атасын өлтірмеген. Ғасырлар бойы атадан-балаға мұра болып жеткен сөз өнері бұл күндері әлемдік деңгейге көтерілді. Әдебиеттің барлық жанры өркениет дамуымен қатар қалыптасты, дамыды.

Ауыз әдебиетінен бастау алып, көне дәуір, Алтын орда дәуірі, Орхон-Енисей, т.б. ғасырдан-ғасырға сұрыпталып жеткен асыл сөз тәуелсіздік алған еліміздің бүгінгі күнімен өрнектеліп, толысып, кемелденіп жатқан шетсіз, шексіз дүние емес пе?! Халықтың ұлылығын танытатын алып мұхиттың тұңғығында ата-бабадан қалған небір інжу-маржандар толқынын күтіп жатыр емес пе?!

Мен қарапайым ғана мұғаліммін, әйтсе де мені соңғы күндері бір мәселе қатты толғандырады. Мен әдеби сыншы да емеспін, ғалым да емеспін, дегенмен өз ойыммен әдебиет жанашырларымен бөлісуді жөн көріп, осы мақаланы ортаға салсам деп отырмын.

Оқушының оралымсыз ойы мен шұбарлау шорқақ тілі біздің қалай оқытқанымыздан емес, нені оқытқанымыздан емес пе екен? Өйткені әдебиет бағдарламасын алып парактап қарап көрелік...Бағдарлама аясы тым жұтан емес пе? Әдебиетті оқытуда жүйелілік сақталған ба?

5-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілеріне тоқталамыз да, Махамбет, Абай, Ахмет, Мағжан, Илияс, Сәкен, Ғабит, т.б., 6-сыныпта Батырлар жыры, Күлтегін, Дулат, Абай, Ахмет, 7-сыныпта Лиро-эпостық жырлар, шешендік сөз үлгілері, Дулат, Махамбет, Абай, Ахмет, Жамбыл, Сәкен, т.б. 8-сыныпта Ежелгі дәуір әдебиеті, Махамбет, Абай, Жамбыл, Мағжан, Мұхтар, т.б. 9-сыныпта Ауыз әдебиеті үлгілері:тұрмыс-салт жырлары, төрт түлік малға байланысты жырлар, наурыз жырлары, жұмбақ, жаңылтпаш, ертегі, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар, шешендік сөз үлгілері беріледі. Ары қарай дәуір-дәуірімен ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулар поэзиясы, зар заман ақындары, Махамбет, Абай, Ыбырай, Жамбыл, Мағжан, т.б. 10-сыныпта Сал-серілер поэзиясы мен Махамбет, Шортанбай, Абай, Ыбырай, т.б. 11-сыныпта ХХ ғасыр әдебиетіне тоқтала келіп, соңғы тарауда тәуелсіздік жылдарындағы әдебиетке шолу жасалады. Бағдарламадағы кейбір тақырыптар бала танымына ауырлау тисе, кейбірінде тіпті жеңіл, кейбір тақырыптар қайталанып келіп жағады. Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін 1-сыныпта және 5-сыныпта оқимыз,

9-сыныптағы «Абай жолын», «Көшпенділер» романын, Ғабит, Ілияс, Мағжандарды 11-сыныпта қайталап жатамыз. Әдеби мұрамыздың шексіздігін ескерсек, неге бала танымына ұсынар дүниеге сараңдық танытамыз? Бәлкім, ғалымдарымыз баланың қабілетіне қарай әр дәуір үлгісінен там-тұмдап ұсынып отырған болар.. Алайда, бабаларымыз сауат ашар мектебі болмаса да тіл тосырқап, сөзден жығылған емес еді ғой... «Келгенде дүние есігін ашар өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең...» деп Абай атамыз жырлағандай, аталарымыз тал бесіктен жер бесікке дейін сөз құдіретімен тентегін тезге салып, ұрпағын бірін шешен, бірін көсем етіп тәрбиеледі емес пе? Сөз құдіреті шексіз, ендеше бала мүмкіндігін ескермей, тұлғалық танымын тежеп отырған жоқпыз ба?

Мысалы, қазақ тілі оқулығын алайық...5-сынып лексика, фонетикадан басталып, 6-сыныпта морфология, 7-8-сыныпта синтаксис, 9-сыныпта пунктуацияны оқытып келіп, соңы 10-сыныпта сөз мәдениеті мен 11-сыныпта шешендік сөздер үлгісімен қорытындыланады. Бәлкім, осы тәсілді әдебиетте де қолдануға болатын шығар?

Оқушының жас ерекшелігін зерттеген психолог мамандардың зерттеуіне қарағанда, 12-15 жас аралығы жеткіншек шақ деп есептелінсе, 15-17 жас аралығы жасөспірім шақ деп аталады. Жеткіншек шақ – 5-7-сынып оқушыларының болашақ туралы балалық армандардың орынына өз мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескеріп, болашақ жайлы ойлап, өз ниеті мен іс-әрекетін жүзеге асыратын кезең. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңиді. Жеткіншектер қоғамға пайдалы істерге ықыласты, кітап оқуға, кинофильмдер көруге ынталы, спортты ұнатады. Оның ауқымды әлеуметтік белсенділігі артып, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауға бағытталады. Мораль мәселелерін талдау және адамгершілік тақырыбындағы пікір сайыстардың әсерінен өмірдің мәні, өз болашағы, өз беделі туралы ойланады. Әдебиет жеткіншекке азаматтардың қарым-қатынасының мәнін, сезімдерін ашып, өз сенімдерінің дұрыстығына жауап

іздеуге үйретеді. Бұл жастағы оқушы білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімді бағалай біледі. Мұғалімнің міндеті – онымен бірге іс-әрекеттерді, оқиғаларды талдау, баға бергізу, өзін-өзі талдауға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрету. Күрделі тапсырмаларды жүйелеп беру арқылы есте сақтау қабілетін шыңдайтын кезең – осы.

Жасөспірім шаққа 15-17 жас аралығындағы 8-11-сынып оқушылары жатады. Адамның ақыл-ой қабілеті 15-16 жасқа қарай қалыптасып болады. Жасөспірімге өзін көрсетуге ұмтылу, өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән. Түрлі іс-әрекетті өз бетімен орындауға ұмтылып, жауапкершілігі артады. Жеткіншек жаста үй тапсырмасын тек жаттап алатын болса, енді үй тапсырмасын түсінікті етіп, өз пікірін білдіріп, баға бере айтуға талпынады. Үлкендермен қарым-қатынаста мейірімді, сыпайы келсе, кейде өрескел түрде тәртіп бұзуға икем келеді. Жасөспірім бәрін өзім істей аламын деп ойлағанмен, кейбір істерде балалығы білініп жатады. Олардың бойында дербестікке ұмтылу басым, күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Сабақтан тыс мезгілде компьютер, электротехникалармен шұғылданып, едәуір білім алады, мұндай қызығушылықтар түрліше фантастикалық іске ұмтылдырады.

Жаратылысынан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол халықтың бірі – қазақ. Оның ел алдындағы абырой-беделі, қадір-қасиеті тек жеке басының жақсылығымен, дәулетімен ғана емес, бауырынан өрген ұрпағының сауаттылығы жарактылығымен өлшенген. Ата-бабаларымыз «тектілік» деген ұғымды қастерлеп, оны атадан-балаға мирас етіп қалдыруында терең сыр жатыр. Шығыстың ғұламасы Әл Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен. Қазіргі кезде қазақ халқының өмірінде бұрын-соңды болмаған оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықыласы жоқ балалар саны көбеюде. Бұлар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Баланың ынтасын жақсы білу үшін, оның дамуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына не нәрсе қажет

екенін зерделеп білуге міндеттіміз. Олар – айналадағының бәрінің сыншысы. Олар өзі жақсы көретін адамдардың да кемшілігін көргіш келеді, сол үшін қиналады. Кез келген жалғандық оның ызасын тудырады, көңілін қалдырады. Жас жеткіншектерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, олардың өмірдегі басты қажеттілігі – айналадағы адамдармен қарым-қатынасын, әлемдегі өз орнын табу. Бұл қажеттілікті қалыптастыруда әдебиет пен өнердің атқаратын рөлі ерекше. Әдебиет жасөспірімдер алдына адамзаттық қарым-қатынастардың, мінез-құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді. Білім – жеткіншек үшін еңбектің бастысы. Ғылым мен мәдениеттің әр түрлі саласымен айналысу оларға тән. Білім жеткіншекті ұжым алдында сенімді ұстауға мүмкіндік берсе, рухани құндылықтарды қалыптастырып, мінез-құлқындағы тектілік қасиеттерді ұлғайтады.

Осындай ғылыми деректерді зерделей келе, мен әдебиетті оқытудың төмендегідей жүйесін ұсынғалы отырмын.

5-сыныптағы оқушының есте сақтау қабілетінің ерекше дамитынын ескеріп, тілі жеңіл ауыз әдебиеті үлгілерін: ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, аңыз әңгімелерді ұсынсақ. Өйткені жоғарыдағы ғылыми дерек көздері бұл жастағы балалардың есте сақтау қабілетінің шындалатын сәті екенін баса көрсетеді. Шешендіктің бастауы болған айшықты сөз үлгілері мақал-мәтел, ертегі-жырды түрлендіре айтқызу, өз қиялынан ертегі, шағын аңыз, мысал үлгілерін жаздыру өз жемісін береді деп сенемін.

6-сыныпта Батырлар жыры, Лиро-эпостық жыр, Айтыс үлгілерін, Ежелгі дәуір әдебиетінің үлгілерінен ұсынсақ; Есте сақтау қабілетін көлемді жыр жаттаумен шындаған баланың ерлікке, батырлыққа еліктеумен қатар, градациямен өрілген, жиі қайталанып келетін жеңіл сөз орамдары сөздік қорын байыта түсері сөзсіз. Әулие-әмбиелер жайлы аңыздарды (Қорқыт, Рабғұзи, С.Сараи,) оқу олардың адами қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді.

7-сыныпта Көне түркі әдебиеті, Жыраулар поэзиясы мен Шешендік сөз үлгілерін, Зар заман ақындарының шығармаларын ұсынсақ; Ә.Фараби, А.Иассауи, Ж.Баласағұни еңбектері мен жыраулардың пәлсапалық ой өрнектері, зар заман ақындарының шығармалары арқылы қоғам өзгерісін салыстыру танымдық, тұлғалық қабілетіне әсер етеді. Жиренше, Бөлтірік бастаған шешендердің сөзі арқылы философиялық ой иірімдерінің жыраулардан поэзиялық үлгісімен қатар, қара сөз арқылы да шебер жеткізілгенін салыстыра меңгерер еді.

8-9-сыныпта – Сал-серілер мен жазба әдебиеті.

Сегіз сері, Ақан Сері, Әсет, Жаяу Мұса, Біржан сал, Балуан Шолақ шығармалары жасөспірім жасына қарай мінез-құлқындағы сұлулыққа деген көзқарасын, ұлттық сипаттағы саятшылық-мергендікке қызығушылығын қалыптастырады, талғам-танымын дамытады. Абай, Ыбырай, Шоқан бастаған ақын-жазушыларымыздың шығармасын кезең-кезеңімен меңгерту арқылы ел тарихындағы елеулі оқиғалардың өзара байланысын бағалап, өзіндік көзқарасын қалыптастырады. Ұлт-азаттық көтеріліс, Қазан төңкерісі, ұжымдастыру жылдарындағы дүрбелең, Ұлы Отан соғысы, тың игеру, желтоқсан оқиғалары оқушының Отансүйгіштік қасиеттерінің дамуына оң әсерін береді.

10-сыныпта – Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет, әлем әдебиеті үлгілері;

Жиырма жылдан бері қоғамдағы ғасырға бергісіз өзгерістер бала танымынан тыс өрбіп жатқандай, әдебиетіміздің томағасын сыпырған қыран құстай еркін көсілген сан алуан жанрын әлемдік озық үлгілермен салыстыра меңгертсек, қазақ әдебиетінің де әлемдік көкжиекте өз бояуы барын бала сезіне, мақтан ете сөз етер еді...

11-сыныпта – Әдеби сын, әдебиет теориясы, әдебиет жанрлары: сатира, юмор, комедия, фантастика, детектив, т.б. Тақырып-тақырыпқа бөліп қарастырып, әр саладағы озық үлгілерді саралаған әдеби сын материалдарды бала танымына ұсынсақ, меніңше, оқушы айтар сөз тұщымды болар еді...

Мен, әрине, маман емеспін, алайда қазіргі оқытып жүрген әдебиеттің ішінде соңғы толқын қатарында І.Есенберлин, М.Шаханов, К.Ахметова, Ф.Оңғарсынова, Ә.Кекілбаев сынды тарландар тұрса, әдебиет оқулығы 1980-90 жылдардың тасасында қалып кеткендей әсер қалдырады. Тәуелсіздік алғалы да жиырма жылдың көлемі өтті. Бұл жылдарда әдебиет мызғып кеткендей, әлде ауызға алар тұщымды дүние жоқ па? Өз елінің жаңару сәтін танып өспеген бүгінгі ұрпаққа ұлттық патриотизм мен Отансүйгіштік қасиетті қалай меңгертеміз? Уызына жарымаған ұрпақ тәрбиелеп отырған жоқ па екенбіз? Әдебиетте сатираның Шонадай уытты, Оспанхандай терең ойлы саңлақтарының шығармаларының болмауы, қазақы қалжыңның қазақ бойынан алшақтап бара жатқанынан ба? Драмалық шығарма үлгісінен тек Шерағаның «Бесеудің хаты» ғана берілген. Әрине, терең талдау жасау- ғалымдардың ісі. Қазақ ұрпағының сөз арнасының тарылуының бір себебі осында емес пе екен? Біздікі тек, сөз жанашырының бір даты деп есептерсіздер... Тұңғыыққа тұнған асыл-маржандарымызды толқытып, ел игілігіне жаратар бір толқынның қажет екені сөзсіз ...



Бақыт САҒЫМБЕКОВА,
Абай атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Ақсу ауданы.

ТУҒАН ЖЕР – ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА ЖЫРЛАРЫНДА

(Зерттеу жұмысы)

Жұмыстың мақсаты: қазақтың біртуар ақын қызы Қанипа Бұғыбаеваның өмірі мен шығармашылығын зерттеу. Жерле-

сіміз – Қанипа Бұғыбаева жырларын оқи отырып, оның туған жер тақырыбындағы өрелі өлеңдеріне тақырыптық талдаулар жасау. Туған жерге арналған өлеңдерінен топтама жасау.

Ғылыми жұмыстың мазмұны: Ақын Қанипа Бұғыбаеваның өмірі мен шығармашылығын болашақ ұрпаққа үлгі ету. Соның ішінде, туған жерге арналған өлеңдеріне тақырыптық талдаулар жасай отырып, дарынды ақын апамыздың өнегелі жырлары арқылы жас ұрпақ санасына түрткі болуды парызым деп есептеймін. Себебі, адамның өмірге деген, Отанына деген, қоршаған ортасына деген, айналасындағыларға деген шынайы сезімі, адал махаббаты, ең алдымен, туған жерден басталмақ.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері: Ғылыми жұмыстың тақырыбы мен мақсаты анықталған соң жұмыс жоспары жасалынды. Жоспар бойынша ақынның туған ауылында тұратын туыстарымен, сыныптас достарымен кездесулер өткіздік. Газет-журналдар мен ақын жинақтарынан барлық қажетті материалдар жинақталды. Ақын өлеңдерін оқи отырып ондағы туған жерге арнаған өлеңдерін топтастырдым, аталған өлеңдерге тақырыптық талдаулар жасай отырып, мән-мазмұнын аштым. Жұмыс барысында күнделік бастап, онда жүргізген жұмыстарымды түсіріп отырдым.

Жұмыстың өзектілігі: Ақын Қанипа Бұғыбаеваның өмірі мен шығармашылығын болашақ ұрпаққа үлгі ете отырып, туған жерге арналған өлеңдеріне талдаулар жасау, дарынды ақын апамыздың өнегелі жырлары арқылы жас ұрпақ санасына соны ой салуды өз парызым деп есептеймін. Себебі, адамның өмірге деген, Отанына деген, қоршаған ортасына деген, айналасындағыларға деген шынайы сезімі, адал махаббаты, ең алдымен, туған жерден басталмақ. Жыр жинақтарын оқи отырып, ақынның туған жеріне деген шынайы сағынышы мен адал махаббатына бөлендім. Туған жеріне арнаған айбынды жырларына тақырыптық талдаулар жасай отырып өз еліне, жеріне деген толастамас іңкәрлігін мақтан етуге болатынын білдім.

Жұмыстың нәтижелігі: Қанипа Бұғыбаеваның өмірі мен шығармашылығын оқып-іздене отырып, ақынның туған

жері – Ақсуға деген шынайы сағынышы мен азаматтық іңкәр сезіміне куә болдым. Ақынның туған жерге арнаған айбарлы жырлары арқылы оқырман ойына түрткі болуды көздедім. Туған жер тақырыбындағы Қанипа жырларының бүгінгі күні өзекті екендігіне көз жеткіздім. Осы өлеңдер арқылы ақын әр қазақ баласын патриоттық сезімге бөлей алатындығын байқадым. Ақынның туған жерге арнаған өлеңдерінен топтама жасадым. Осы топтамаларды ауданның мектептеріне таратып, әр Ақсулық оқушыға жаттатып қойсақ, біздің жерлес ақын – Қанипа Бұғыбаеваға деген құрметіміз болар еді. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ақын қыздардың ақпейіл абзалы бола білген біртуар апаларымыздың қатарына дарынды жерлесіміз – Қанипа Бұғыбаеваны кіргізеріміз сөзсіз. Ол кісі өз өмірінің 40 жылдан артық кезеңін осы – ақындық жолға сарп етті. Қазақ поэзиясындағы Қанипа Бұғыбаеваның орны ерекше, алған тұғыры мығым, асқан асуы да заңғар. Дарынды жерлесіміз – ақын Қанипа Әбдірахманқызының өмірі мен шығармашылығы, соның ішінде ақын өзі сүйіп жырлаған, басын иген «Туған жер» тақырыбына тоқталмақпын. Қалың елдің қазанында қайнап, сол халықтың мұңына ортақтасып жүрген, жұлдызы биік тұлғалар ғана оның бал қаймағын тата алады. Сондай жанның бірі де бірегейі, тілдің тәтті де мәңгілік мәйегін өлеңіне азық еткен ақын – Қанипа Бұғыбай еді.

... Аппақ қағазға құйылды жырлар тізіліп,

Байиын деді бақытын тауып қыз үміт.

Солай, Қанипа, ең сұлу әйел жердегі!

Бағыңа сенің қарайтын болды қызығып,- деп ақын ағамыз Тұманбай Молдағалиев айтқандай, оның жырлары алты алаштың жүрегін жібітіп, нәзіктігімен, шынайылығымен баурады, жүректерге үміт отын жақты. Өзінің 40 жылдан артық шығармашылық жолында ақын - әкесі берген мінездемесіндегідей үндемес, томаға тұйық қалпымен-ақ өз жүрегіннің дүрсілін халық жүрегіне жеткізе білді. Қанипа ақынның сыршыл да жүрек тебіренерлік сұлу жырлары өз туған жеріне арналды.

Туған жер, асыл мекен – Қосағашым,

Жыл өткен сайын, қайта жасарасың.

Өзінде туып, өсіп, ержеткенмін,

Аттағам арманымның босағасың,- деп, төрт жол өлеңге өзінің туған жерге деген ыстық ықыласын сыйғызады. Ал «Інім Өмірсерікке» деген өлеңіндегі:

Туған жердің тастары да астана,

Туған жердің аспаны да баспана.

Жайлы қоныс, байлық іздеп жырақтан,

Ата-бабаң топырағын тастама,- деген жолдар өз туған жерін, туған елін ұмытуға айналған барша қазақ баласына арналған үндеу тәрізді. Әр адам қайда барса да, қандай атақ-абыройға қол жеткізсе де, ешқашан өз туған жерін, туған ауылын ұмытпауға тиіс. Әр қазақ өз туған жерін, шыққан тегін ұмытса, ол сол күні қазақ болудан қалады. Сондықтан, туған жерімізді, туған жер туралы жырлаған дарынды ақындарымызды дәріптеп, өлеңдерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мына біз – болашақ ұрпақ өкілдері міндеттіміз.



Гүлназ НҰРМАНОВА,
Қызылорда қаласындағы
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ОСЫНДАЙ ШАЙЫР ӨТКЕН **СЫР ЕЛІНДЕ**

Ақындардың ақыны

Ежелден бері сылаңдап аққан Сырдария өңірі – небір саңлақтарды тудырған, бесігіне бөлеп тербетіп, қыранша қияға ұшырған алтын ұя, қасиетті қоныс. Сылдырай аққан Сыр өзенінің өңірінде киелі топырақтан нәр алған талай дана да

дара тұлғалардың өткені белгілі. Сырдың елі десек, «жырдың елі» деп қосақтала айтылатын сөз тізбелерінің қалыптасуы да осы Сыр өңірінде талай ғұлама ғалым, ақын-жазушылардың, өнер иелерінің өткендігін, олардың өнерін өсер ұрпақтың жалғастырып жатқанын байқатқандай.

Сыр бойының ақын, жыраулары өзіндік дәстүрмен өзге аймақтағылардан ерекшеленіп тұрады. Олар өлеңді өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, оны аруақтай құрметтеп, жақсы жыр тудыруды басты мақсат тұтқан. Міне, осы жыр додасында ерен дарындылығымен суырылып алға шыққандарды халық – дүр ақын, Сыр сүлейлері деп атады. Олардың есімдері ел ауызында жатталды. Сондай ақындар Ешанияз сал, Балқы Базар, Күдеріқожа Көшекұлы, Әзілкеш Шымырұлы, Қарасақал Ерімбет, Дүр Онғар, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Рахмет жырау, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Төлеу Жорықбай, Таубайдың Жүсібі, Әлім Сайын, Ұлбике, Ырысты, Айманкүл, т.б. Сыр елінің барша жұртына мәлім. Өткен ғасырдың аяғында дүниеге келген Тұрмағамбет ақын да осы Сыр бойы түлектерінің бірі.

Ақындық пен жыраулықты қоса көтеріп көзге түскен өнер дүлдүлі Балқы Базар кәрілік мендеп, сырқат дерті кеудеден басқан кезде шығарған өзінің арнау өлеңінде:

Шырағым, Тұрмағамбет, білім алдың,

Еліңе енді қызмет етер кезің.

Суытпай адамшылық әзіл сөзді,

Қош, бауырым, өзің көтер жыр күмбезін, - деген екен.

Тұрмағамбет Ізтілеуов өзінің ұстаздығымен, ақындығымен Базар жырау өсиетіне адал екенін көрсете білді, ақын аманатын мүлтіксіз орындады. Бұл туралы Сыр ақыны Махмұтбай Әміреұлы ағамыз:

... Ақталды Базар ақын үміттері,

Көк тіреп жыр күмбезі биіктеді.

Көтерді құрметтеп төбесіне,

Аяулы ақын жырын сүйікті елі.

... Жауһар жыр жаңғыратын, жаңаратын,

Ақынның асқақтатып барады атын.

Осылай орындады Тұрмағамбет

Бір кезгі Базар ақын аманатын,- деп жырлайды. [8, 3] Балқы Базар үміт артқан Ізтілеудің Тұрмағамбетінің есімі кезінде елден әрі асып, нағыз жыр саңлағы атанды. Оның шығармаларын оқығанда жеміс-жидегі малынған үлкен бақты аралап жүргендей сезімде боласың. Өйткені ол поэзияның барлық саласына қалам тартып, көркем, құнды өлеңдер жазған.

Алдыңғы толқындағы аға буынға қосылатын «қырғи тілді» ақынымыз Асқар Тоқмағамбетов «Ұстаздарым» деген өлеңінде өзінің ақын болуына алғаш әсер еткен Тұрмағамбетті сол туған өлкесіндегі өзге ақындарға қарағанда таразысы басым екендігін баяндап:

Сөзінің шырын ләззатын –

Дария Нілдей бу еткен:

Тұрмағамбет, дүр Омар,

Батымды сөзі шым еткен!

Айтылған сөзі айқыннан,

Таңданып халқы шу еткен! – деген екен. [1,7]

Сондай-ақ «Сыр сүлейі» деген өлеңінде:

Күреспен, тіресумен шыңдалған көп,

Тілмен-ақ тасты тіліп шың жарған кеп.

Шындықтың шынын сүйген Сыр сүлейі,

Жалаң төс, батыл ақын Тұрмағамбет, - деп бағалайды. [12,3]

Тек Асқар ақын ғана емес, Сыр өңіріндегі қалың елге дәрігі кең жайылған Тұрмағамбет өлеңдерін Әбділда Тәжібаев, Нартай Бекежанов, Әбдікәрім Оңалбаев, т.б. ақындар бала күнінен жаттап өскен, олардың да ақындық сезімдерін оятуға себепші болған. Сыр бойындағы ежелден жасалынған жыр теңізі шегіне көз жеткізбейтін қалпында. Өйткені оған құяр арналардың ауқымы кең, лек – легімен жалғасқан толқындардың арыны күшті, иірімі жойқын, ағысы қатты.

Тұрмағамбет Ізтілеуов 1882 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин атындағы кеңшарда (қазіргі «Тұрмағамбет» ауылы) туылған. Перзент көрмей «дүниеден тұлдырсыз өткенім бе?» деп өксіп жүрген, сіңірі шыққан жалшы Ізтілеудің ауыл шетіндегі жапырайған құрым күркесіне

жарқыраған сәуле кірді. Қуанышы қойнына сыймаған Ізтілеудің дүйім жұртты дүбірлете шақыруға, оларға иіліп ілтипат көрсетуге шамасы келмеді. Сәбиге молда шақырып, кітап аштыру, азан айттырып, ат қойдыру сияқты сол кездегі ауылға үрдіс салттың бірін де істеген жоқ. Риясыз ата – ана жөргектегі бөбектің бетіне мейірлене қарап тұрды да, нәрестенің кіндігін кескен нағашысы Ермағамбет ақынның атына ұйқастыра «мұның аты Тұрмағамбет болсын», деп ырым жасады. [1,8] Ақынның халыққа танылған аты – Тұрмағамбет Ізтілеуов, бұған ешкімнің дауы жоқ. Бірақ, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба орталығы қорында сақталған №875 бумадағы 615 беттік төл қолжазбасында, басынан аяғына дейін оның есімі Тұрмұхаммед екен. Ақынның төлқұжат паспортындағы, 1936 жыл, 10 сәуір және 1937 жылдың 1 ақпанында берілген Халық Ағарту комиссариатында жұмыс істейтіндігі туралы куәлік пен анықтама қағаздағы, 1937жыл, 15 қаңтардағы КазЦИК-тің дербес пенсия тағайындау туралы хаттамасындағы, 1937 жыл, 7 мамырдағы Наркомсобестің Т.Ізтілеуұлына қайтарған жауап хатындағы есімі де Тұрмағамбет емес – «Турмухаммет», «Турмухамбет». [13,81] Әуелде азан айтылып қойған есімінің Тұрмұхаммед екенін ақынның өзі «Молла Тұрмұхаммедтің өзін баяндағаны» өлеңінде «Ат-есімім Тұрмұхаммед, асылым – Алшын» деп атап көрсетеді. Өзін «Мұхаммедпін» деуі де орынды. Қазақ тілінде Мұхаммед есімі дәл атала бермейді. Арабша транскрипцияда болатын заңдылыққа сай араб тілінен енген сөздерді біздің жұрт орфоэпия жағынан түрлі формада құбылтып, «Мұхаммед – Махамбет – Мәмбет» деп, ауызекі айтылуына бейімдеген. Ермұрат молдамен арадағы жұмбақ айтысында Тұрмағамбет өз есімінің бас буынын ұлықтап: «Атымды айтпасам да аңғарарсың, Мұсаның мысалында шыққан Тұрға» - дейтін жері бар. Соған қарағанда сәбиге ат қойған нағашысы Ермағамбеттің болашақ Сыр сүлейіне Синай түбіндегі «Тұр» тауы мен Алланың соңғы елшісі Мұхаммед пайғамбар есімін біріктіріп – Тұрмұхаммед деп ұлық есім беруінде мән бар. [3,22]

Тұрмағамбет ақынның балалық шағы Сырдария өзені бойында, оның жағасындағы су жолы, керуен жолы әрі осы өңірдің әкімгершілік орталығы – Ақмешіт, Қармақшы, Қазалы қалаларында өтеді. Алғашында өз ауылындағы Қожабай, Алдашбай, Ораз деген ишан, молдалардың көшпелі мектебінде оқып мұсылманша білім алады. Шығыс тілдерін үйрену, білуді үлкен өнер деп санаған Тұрмағамбет таудай талаппен ұшқан құстың қанаты талған, сағымданған сусыз шөл дала – «Қызылқұмның» шағыл құмын толарсақтан кешкен керуеннің соңына еріп өзегі тала, еріні кезере, қазіргі Өзбекстанның Бұхара қаласына әрең келіп жетеді. Сол кездегі Таяу, Орта Шығыс және Орта Азия елдері үшін ұлық саналатын, қабырғасы XVI ғасырда қаланған Бұхарадағы әйгілі оқу орны – «Мир – Араб» медресесіне оқуға түседі. 1899 жылдан бастап сондағы «Көкелташ» медресесінде оқыған. [1,8] Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген. Каникул кезінде Қарақалпақ елінде болып, бала оқытқан. «Көкелташ» медресесінде тәжіктің классик жазушысы Садриддин Айнимен достасып, бірге студенттер арасында қабырға газетін шығарып тұрған. Көкелташ медресесін екеуі бір мезгілде бітіріп, хатиршатты (дипломды) бірге алып шығады. Көшпелі қазақ жерінен Орта Азияның атақты қаласына білім іздеп, шөліккеп келген Тұрмағамбет оның бай кітапханасынан Шығыстың ежелгі мол мәдени мұрасы – дарқан шығармаларын тауып алып мейірлене оқиды. Араб, парсы тілдерін едәуір меңгергеннен кейін, Шығыс әдебиетінен, оның ғылымынан емін-еркін сусындауға ынта қояды. Сөйтіп, арабтың атақты «Мың бір түн», үндінің «Тотынама», «Кәмила және Димна», парсы елінің әйгілі «Шаһнама» кітаптарын түгелдей парақтайды. Әсіресе, әдебиетке етене құмартқан бозбала есімі төрткүл дүниеге селдей жайылған Омар Хайям, Хожа Хафиз, Шайқы Сағди, Низами, Рудаки, Физули, Жәми шығармаларын құрандай құрметтеп, олардың жырларын жатқа айтатын дәрежеге жетеді.

Сонымен бірге Шығыстың ғұлама философ, тарихшылары Бируни, әл Фараби, Әбу-Әли ибн Синалардың еңбектерімен

танысып, білім дәрежесін кеңейте түседі. Ұшан теңіз рухани байлыққа кезіккен Тұрмағамбет осынау ой маржандарын жиған жауһар хикаяттарды өз ана тілінде сөйлетіп, халқына жеткізуді алдына мақсат етіп қояды. Тұрмағамбет өзінің туған жеріне оралысымен мектеп ашып, 1905 – 1925 жылдары ауыл мектебінде мұғалім болып, медреседен алған білімін жастарға үйретуге күш салады. Оның «Шәкірттерге» деген өлеңінде балаларды білімге шақырып, ғылымның өмірлік пайдасын түсіндіру барысында:

Ата – анаң бәріңнің де мәз боп отыр,
Қалды деп молда болып қарақтарым
...Дұғада ұстаздарың Тұрмағамбет,

«Бәріңнің оң болғай, -деп – талаптарың», - дегені осыны айғақтайды. [5,136] Он тоғыз жылдай оқып, зердесіне жиған бар білімін еліне таратып, ұстаздық еткен Тұрмағамбет ақын 1935 жылдан бастап Қазақстан Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер болған. [4,194]

Он төрт жасынан қалам ұстап, өлең жаза бастаған Тұрмағамбеттің негізгі тақырыбы – қазақ ауылындағы бай-манап, би-болыстардың қара халыққа зорлық, үстемдік етуін мінеу, кем-кетіктің шерлі өмірі, кертартпаға қарсылық, халықты өнер-білімге шақыру турасында. Шымбайға тиер шыншылдық, өткір өлең феодалдық санаға «дақ» түсіреді. Мұны жақтырмаған жуандар Тұрмағамбетті қуғындап, абақтыға да жаптырады. [11,3] Бұл туралы Асқар Тоқмағамбетов «Сыр сүлейі» деген өлеңінде:

Ғұлама, ишан, молданы тыңдаған жоқ,
Патша, байды, құдіретті сыйлаған жоқ.
Әділдік пен адамдық оған құдай,
Өжет ақын, өрен тіл Тұрмағамбет,- деп жырлайды.

Т.Ізтілеуов өмірінің соңында «халық жауы» атанып, қуғынға түсіп, Шымкент, Қызылорда, Қармақшы түрмелеріне қамалады. Ақын шығармаларын оқуға тыйым салынып, үйіне бірнеше рет тінту жүргізіледі. Оның тінту кезінде селт етпегенін айтады көнекөз қариялар. Түрмеден денсаулығынан айырылып шыққан аяулы ақын 1939 жылы дүние салады. [10]

Тұрмағамбет көз жұмып, бақиға көшкен күні әруағына тағзым етіп, ақжуып арулап, шарифат жолымен жаназа шығарып, жария түрде жерлеуге «халық жауы, молда» деген жаманаттан қорыққан туыстары дәрменсіздік танытты. Ет жақындары мен бала – шағасы жұрт көзінен жасырып, марқұмның мүрдесіне қандай рәсім жасағанын бүгінге дейін ешкім білмейді.

Қаралы уақиға ақырындағы адамның төбе-құйқасын шымырлататын көріністі көзімен көріп, көргенін қағаз бетіне түсіріп кеткен жалғыз куәгер – ақынның ұлы: «Но через три дня, 18 мая 1939 года, после смерти отца, вновь пришли сотрудники НКВД арестовать его еще раз, но его уже не было в живых. А через год пришли и снесли надгробный памятник, который установили родственники у могилы поэта», - деп жазады. [3,25] Міне, елімнің ертеңі деп еңіреп, жұртымның бірлігі деп Аллаға жалбарынғанда көз жасы көл – дария болған алаштың ақиық ақыны Тұрмағамбетке Тағдырдың тартқан сыбағасы – осы!

Ақын өлгеннен кейін де оның үйіне қайта-қайта тінту жүргізіле берген. Сонда ақынның жұбайы Биға әжеміз Тұрмағамбеттің өз шығармаларын және жинаған кітаптарын әр жерге бөліп-бөліп көміп тастаған екен. Ондағы ойы тінту кезінде бірі табылса, екіншісі табылмасын деген мақсатты көздесе керек. Одан әрі барлығын сақтауға мүмкіндік болмаған соң, тек Тұрмағамбеттің өз шығармаларын алып қалып, қалған кітаптарды сол кездегі Қожабай мешіті деген жерге қойыпты. Тек 1957 жылдан бастап қана Тұрмағамбет шығармалары зерттеле бастайды. [10]

Артында ардақты ердің қалған сөзі

Тұрмағамбет Ізтілеуов қазақ әдебиетіне өз үлесін қосқан дәуірінің көрнекті ақыны боп танылған. Ол өзінің «Шөлмек» деген өлеңінде:

Сөйлеген сөзім ыңғайлы,
Құмартып халқым тыңдайды.
Шайырдан шатақ сөз шықса,
Күлістік етіп көбісі,

Бір-біріне ымдайды,- деп өзінің көкейіндегі ниетін оқырманына бүкпесіз ашық жеткізеді. Сондай тыңдаушылардың

табасына қалмау мақсатында ауызынан шыққан әр сөзге аса мұқият қарайтынын дәлелдейді. Осылай еңбектенудің нәтижесінде ақындық талантына қанат бітіп, өз алдына таудай талап қойып, сол мақсатқа жетуде өзін аямай қамшылайды. Оны мына өлең жолдарынан байқауға болады:

Жазған сөзім қыдырды,
Орал менен Торғайды.
Хорезм жұрты хабарлы,
Шорахан, Төрткүл, Шымбайды.
Киіз үйлі қазақтың,
Есіткен жұрт сөзімді,
Аяқ асты қылмайды,
Үйреніп қалған он саусақ,
Ұста деп қалам тынбайды. [5,139]

Ақын шығармалары бастан-аяқ халқын асыл армандарға жетелеп, адал еңбекпен күнелтуге, жақсылық жолын нұсқайды. Туған елінің ақындық дәстүрін дамыта отырып, оны жазба әдебиетке етене жалғастырады. Ақын өз шығармаларында қандай мәселелерді көтермесін әр тұста адамгершілік идеяны басым ұстайды. Әрқашан әділет жолын нұсқап, жымысқы жат қылықтарға соққы береді. Халық арасында жайылған өзімшілдік, тәкаппарлық, бұзықтық әшкереленіп, бұл қылықтардың елдің берекесін кетіріп, қасірет-қайғысын молайтып жатқанына күйінеді. Адамгершілікпен түйіндер түйіп, ақыл-нақылдар жазады. Тұрмағамбет ақын шығармаларын адамгершілікті, мейірімділікті, әдептілікті, бірлік-татулықты, өнер-білімді насихаттаған терме-толғаулар, такпақтар, нақылдар, өмір болмысын суреттеген көңіл-күй жырлары, жақсылық пен жамандықты салыстыра бейнелеген мысал өлеңдер, ізгілік пен инабаттылықты, имангершілікті уағыздаған дастандар, арнау жырлар деп бірнеше топқа бөлуге жарайды.

Ақын алғашқы жазған өлеңдерінде жастарға, бұқара қауымға оқу мен өнер – білімнің адамның зердесін ашатынын, содан нәр алып, ой-өрісі кеңейетінін, ғылым-даналықтың, ақылдылықтың, парасаттылықтың бесігі екенін айғақтап, ғибрат айтады. Мысалға «Балаларым» деген туындысында:

Болсаңдар, балаларым, хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар, тұрмай тыста.
Төр түгел төменнен де тимейді орын,
Жүрсендер, жалқаулықпен жазы, кыста, - дейді де,
шығармасының соңында:

Қусырып қолдарыңды отырмандар,
Айналған адамдардай құр құнысқа.
Сауалын Сүлейменнің берген шешіп,
Білімге бай болған соң бір құмырсқа, - деп ізгі ниетін білдіреді. [5,136] Адамгершілікті, әділдікті және оқу-білімге деген ынтызарлықты сөз еткен ақын:
Шәкірттер, бір-біріңмен ұрыспандар,
Мінездің мінін алып дұрыстандар.
Жолына жамандықтың жақын бармай,
Күтініп, күн ілгері жылыстандар! – деп жақсы мінез, жарқын жолға үгіттейді.

Тұрмағамбет ақын адам деген ардақты атқа ие болу үшін адамға ең керек нәрсе білімділік, ақылдылық, өнерпаздық, ыждаһаттылық, ел-жұртына берілгендік деп біледі. Ақынның «Шәкірттерге», «Балаларым», «Ұстаз ұсынысы», «Ұлдарым» атты өнер-білім тақырыбындағы өлеңдерінің қай-қайсысын алып қарасақ та, жастардың келешегі алдында екенін ескеріп, сол келешек үшін жан аямай еңбектену керектігін алға тартады.

Ақынның өлеңдерінде көтерілетін көкейтесті мәселесі – елі, жұрты үшін аянбай еңбек ете білуі. Тұрмағамбет шайыр бір топ шығармаларында елдің кәдесіне жарап, халықтың қамын ойлап, сол үшін өмір сүру – әрбір пенденің басты парызы екенін жырлапты. «Қайтсең де өз халқына қызмет қыл» деген өлеңінде ақын:

Бақ қонып бастарыңа бітсе дәулет,
Көзің сал көкірегі шерленгенде!
Қолайлы өз халқыңа қызмет қыл,

Белгілі бедеу сыры ерленгенде... – деп, адам бақыты дәулеттілікпен шектелмейтіндігін, халқына қол ұшын беріп, қызмет ету – жігіттің асыл қасиеттерінің бірі екендігін, сондықтан басыңа бақ қонса, халқыңнан көмегіңді аямай қарасу

керектігін айтады. Осы туындысымен сабақтас «Қамын ойла халқыңның» деген өлеңінде:

Қайратты туған ер болсаң,
Қамын ойла халқыңның.
Жетім менен жесірге
Өзі бол – жүзі жарқынның
Туысқанды тонама,

Толуын ойлап алқымның, - дейді де, ондай жағымсыз әрекет азаматтық арға өшпес таңба болып басылатынын ескертеді. [5,138]

Адам бойында кездесетін кемшіліктер – жеке бастың қамын ғана жеп, дүниеқоңыздыққа берілушілік, менмендік, тоғышарлық ерге емес, езге тән қылықтар екендігіне көз жеткізе толғайды. «Қайрама халқыңа тісінді» деген өлеңінде ақын қазақты осындай «арам ниеттілерден» алшақтатады.

Қамын ойлап қарныңның,
Қайрама халыққа тісінді!
Ел ізіңе ермейді,
Тазартып алмай ішінді
Қойдырып алып қор болма,
«Арам» деген есімді!

Осы кескінсіз мінездерден ақын оқырмандарын аулақ ұстамақ. Кісілікке шақырады. Кейбір дүние, мал үшін өз ағайындарын жұтып жіберуге даяр қара ниеттілерді өле жек көреді. «Адамдық іс» атты шығармасында:

Кейбіреу сәл бақытқа мас болады,
Шабактай шалпылдаған қайрандағы.
Адамдық иісінді жұрт аңсап тұрсын,
Не керек қарныңның құр майланғаны?!
...Ер болсаң, елің үшін ет қызмет,

Сыбанып білегіңді сайлан-дағы,- деп сыйластықты дәріптейді.

Т.Ізтілеуов поэзиясының тағы бір назар аударатын жағы – оның жанр жаңалықтары. Туған әдебиет үлгісінде ол толғау, терме, айтыс, мысал, т.б. жазса, шығыстан рубаят, хисса, дастандар, т.б. енгізіп, ұлттық жанр түрлерін біраз байытқан.

Т.Ізтілеуов – поэзиядағы күрделі түр – мысал жанрын дамытуға елеулі еңбек сіңірген ақын. Оның бұл бағыттағы шығармаларына үңілсек, ақынның көп ізденіп, өзіндік қолтаңбасын танытуға тырысқаны аңғарылады. Тұрмағамбет ақын өмір сүрген дәуір тұсында қазақ әдебиетінде мысал жанрының дамуына негізінен екі бағыт әсер етті. Оның бірі – Шығыс әдебиетінің ықпалы болса, екіншісі – орыстың классикалық шығармаларының 19 ғасырдың екінші жартысында қазақ сахарасына кеңінен тарауы.

Әрине, реалистік бағыттағы, тынысы кең орыс әдебиетінің ел ішіндегі оқыған, білімді қаламгерлерге кәдімгідей күшті әсер еткені сөзсіз. Бұл топқа осы халықтың әйгілі ақыны И.Крыловтан үлгі алып, азды-көпті мысал жазған Ы.Алтынсарин мен ұлы Абайды, С.Торайғыров пен С.Дөнентаевтарды қосуға болады. Ал шығыс әдебиетінен сусындап, мысал жанрын дамытуға үлес қосқандар – Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Молда Мұса және басқа шайырлар. [5,141] Бұл туралы профессор Т.Қожекеев «Қазақ мысалы» деген кітабында ХХ ғасырдың басындағы қазақ мысалшыларының еңбектеріне талдау жасай келе: «Бұл тұстағы әдебиетімізде екі бағыт, екі деңгейде ақындар қалам тербеді. Бір тобы Шығыс поэзиясының мектебінен өтіп, соның үрдіс дәстүрлерін шығармашылық стиль ретінде қабылдаған шайырлар еді. Олардың бүкіл шығармаларының басты сарыны – жұртқа үгіт-насихат, нақыл-өсиет айту болды» деп жазған. Осы екі бағыттағы ақындардың мысал өлеңдерін салыстырып көрсек.

Мысал өлеңінің авторы, тақырыбы.	Тұрмағамбет Ізтілеуов. «Төрт дос»	Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Арыстан мен тышқан»
Мазмұны	Шығармада түлкі, тасбақа, қарға, киік дос болады. Бір күні киік ауға оралып қалады. Оны қарға түлкіге білдіреді. Үшеуі ойласып, киікті құтқарудың әдісін табады. Түлкі аудың қасынан өтірік ақсаңдап қашып,	Арыстан жапан далада ұйықтап жатқанда бір тышқан інінен шығып, оның үстіне секіріп, ойнақтайды. Ашуланған арыстан оны ұстап алып, бүріп қысады. Сонда тышқан: «Мені өлтirme, бір кәдене жарармын» деп жалынады. «О, сорлы, шымшық құс құрлы қауқарың жоқ. Сен де жақсылық жасамақшысың ба маған? Осы күлдіріп, көңіл ашқаның үшін азат етемін» дейді.

	адамды алдаусыратып, алысқа әкетеді. Сол сәтте тасбақа ескі досы тышқан екеуі ауды қиып, киікті ажалдан аман алып қалады.	Бір күні арыстан абайсызда торға түседі. Қайратына сеніп бұлқынған сайын торға шырмала түседі. Сөйтіп, жанынан күдер үзіп, қиналыңқырап тұрғанда баяғы тышқан оның дауысын танып келіп, торды тістеп қиып босатады.
Шығарманың идеясы	Мысалда достық, бірлік, ұйымдасып әрекет жасау насихатталған.	Мысалда арыстанның даңғойлығы, өрөкіректігі мен менмендігі, мақтаншақтығы, өзінен төменді - әлсізді елеуі әшкереленеді.

Тұрмағамбет мысалында өткір сатира, ащы ирония, зілді күлкі жоқ. Тек жұртқа адамгершілік жолын сілтеп, түсіндірумен тынады. Тұрмағамбет ақын мұрасының күрделі бөлігін құрайтын басқа да мысал өлеңдері өнеге, үлгі, кеңестерге толы. Сондай мысалдардың бірнешеуін келтірейік. Ақынның «Ата мен бала» деген мысалының (Бұл шығарма Т. Ізтілеуов. Шығармалары, Алматы, 2007 ж. ғылыми басылымда «Қойшы хикаясы» деп берілген.) қысқаша мазмұны мынадай: Бір шаруаның бір қора қойы түнде өріп кетіп, ауылдас диқанның егініне түсіп бүлдіреді. Ол Дәуіт ханға арыз айтады. Хан мал иесін шақырып алып, қаһарланып: «Мынаның егіндік жерін сен алып, қойыңды түгелдей осыған бер» деп бұйырады. Сонда баласы Сүлеймен ара түсіп, істі әділ шешіп берудің жолын айтуға атасынан ұлықсат сұрайды. Дәуіт хан қарсылық жасамайды. Сосын Сүлеймен қой иесіне:

Үзбесін иесінен ол да үмітін,
Абзалдап атыз-жабын жаздай күтіп,
Қалдырмай қырмандап бер ішетінін,
Қойыңның соған дейін сүтін ішіп,

Қайтарсын қырқар кезде жүн, түбітін,- дейді. Дәуіттің бұл шешімге көңілі толып, қолындағы бар билікті баласына береді. Ақын осы мысалын:

«Жас» демей, ақылы барды «аға тұт» деп,

Данышпан айтқан Лұқпан Аплатон,- деп түйіндейді. Бұл мысал өлеңнің өн бойына тартылған арқау – әділетсіздікті тоғышарлықпен емес, ақылмен, ешкімге қиянат жасамай тура шешуді мегзейді. Мұнда әлгі ханның о жарлығын жанамалап қана көрсетіп, ел билеушінің ақылды, адамгершілігі мол болуын армандау бар. Бұл туынды халық қамын ойлау, бірлікте, татулықта болу жөнінде нақыл-өсиет айтумен тұжырымдалған. [5,142] Ақын «Дарақ пен сая» мысалында ағаштың тасасына тығылып күн

көрген көлеңкенің өз әлін білмей әлекке түскенін көрсетіп, сол оқиғаға ұқсас өмірден нақты фактілер келтіріп, жұртшылықты жағымсыз әрекеттен сақтандырады, ізгілік қасиеттерді мегзейді. Тұрмағамбет мысалдарын таза дидактикаға құрып, халқына адамгершілікті нұсқап, өсиет айтқан.

Тұрмағамбет ақын жасаған шығармалардың алтын арқауы – имандай адалдық, періштедей пәктік, ар мен жанның мөлдір тазалығы. Ақынның бұл жүрек лүпілінің үндеуі – ислам дінінің адамзатты қылаудай қиянатқа барғызбайтын тура жолымен сарындас.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрмағамбет Ізтілеуов. Таңдамалы шығармалар. А., «Жазушы», 1972 жыл. Құрастырып, баспаға әзірлеген Мардан Байділдаев.
2. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. I том. Астана, «Фолиант», 2009 /Сырдария кітапханасы/
3. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Шығармалары. А., «Дешті Қыпшақ», 2007 / ғылыми басылым/
4. Сыр өңірі тарихы. А., «Атамұра», 1998.
5. Тоқболат Еңсегенұлы. Сыр бойы ақын-жыраулары. А., «Білім», 2000.
6. Шалқыма Әбдірәуіпова. Тұрмағамбет тағылымдары. Ұстаз үні. 2002, 30 қараша.
7. Ұлжан Жанбершиева. Артында ардақты ердің қалған сөзі. Ақмешіт апталығы. 2007, 31 мамыр. №22.
8. Махмұтбай Әміреұлы. Аманат. /Т.Ізтілеуовке арналған поэма/. Сыр бойы, 2007, 25 қазан.
9. Ақыл-ойдың дариасы, асыл сөздің қазынасы. Сыр бойы. 2007, 6 қараша.
10. Ерхан Карбозов. Ақынның асыл мұрасы – өнегелі өмір өрісі. «Егемен Қазақстан». 2002, 25 қыркүйек.
11. Дүйсенбек Аяшұлы. Аралап жердің жүзін жүрер сөзім. Сыр бойы. 2006, 16 ақпан.
12. Асқар Тоқмағамбетов. Сыр сүлейі. Сыр бойы. 2007, 7 маусым.
13. Берік Жүсіпов. Күретамыр /Әдеби толғамдар мен зерттеулер/. А., 2009.

**Шаруан САЛАМАТОВА,
Тельман Жанұзақов атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы.

С.ТОРАЙҒЫРОВ. «БІР АДАМҒА»

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы туралы айта отырып, өлеңнің мән-мазмұнын түсіндіру; ә) оқушыларды адамгершілікке, қайырымды болуға баулу, қоғамдық саяси дүниетанымын дамыту; б) сабақ барысында оқушыларды өз ойын айта білуге, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, іздену, т.б.
Пәнаралық байланыс: тарих.

Сабақтың барысы:

а) **Ұйымдастыру кезені:** оқушылармен амандасу, түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

ә) **Үй тапсырмасын пысықтау:** үйге берген тапсырманы сұраймын. Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын.

б) **Жаңа сабақты түсіндіру:** ой шақыру. Тақтаға тақырыпты жазу. С.Торайғыров кім? Қандай өлеңдерін білеміз?

Ой өрбіту. Сыныпты үш топқа бөлеміз: баяндаушылар, зерттеушілер, сарапшылар, «Баяндаушылар» ақынның өмірбаяны жөнінде қысқаша мағлұмат береді.

Ой қозғау. «Бір адамға» өлеңін оқып беру. Осы өлеңнің шығу тарихы және ақынның басқа да өлеңдері жөнінде зерттеу тобы не дайындап келгенін тыңдау.

Сұрақ. Шорманның Садуақасы шен-шекпенді кімнен не үшін алды? Қалай жинады? Әлеуметтік теңсіздікті ашу.

Ой дамыту. Мәтін бойынша жұмыс.

1. Осы өлеңде оқиға бар ма, әлде ақынның көңіл-күйі, сезімі бар ма?

2. Неше адам қатысып отыр? Мұнда шал сөзі бар, ол ақын атынан баяндалады. Сосын ақынның ішкі ойы, монологы берілген.

3. Ирония дегенді түсіндіру. Бір қарағанда мақтау сияқты көрінгенмен, астарында зілді кекесін, мысқыл, әжуа жататын астарлы ойды ирония дейміз.

Мәтіннен иронияны тауып оқыту. Екі-үш шумақ.

4. Ащы мысқылмен, зілді кекесінмен ашық түрде күлкі ете суреттеуді сатира дейміз. Соңғы үш шумағы. Сатиралық ойды табу.

Оқушылардың баяндағанын қорытындылау үшін синхрондық таблица қолдануға болады.

1893 жыл Көкшетау облысы әкесі Шоқпыт (Әбубәкір)

1908 жыл Баянауыл Әбдрахман медресесі.

1911 жыл Баянауыл Нұрғали мұғалім.

Ой шарықтату. Өлең ұйқасын, тармақтарын талдау (5 шумақты)

а	↘	11 буын
а	↙	11 буын
б	↘	11 буын
а	↙	11 буын

Білімді бекіту. Сөздік жұмысы. Ой қозғау.

Оқа – жібек жіптен тоқылған көмкерме. Бұлды түйме – бағалы ілгек. Шекпен – түйенің жүнінен жасалған сырт киім. Нақақ – адал, бейкүнә.

Ермұрат ҚОЙШЫБАЙ,
Мамай орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Еңбекшілдер ауданы.

1. 1 шумақты үш қайталап жаттау.
2. Өлеңді бөліп, мәнерлеп оқытып шығу.
3. Деңгейлік тапсырма.

I деңгей. Өлең мазмұнын айт.

II деңгей. Осындай ирониялық сарында жазылған А.Байтұрсынұлының қандай шығармасы бар? Мазмұнын естеріне түсіру.

I деңгей. Өлең мазмұнын айт.

II деңгей. Осы өлең арқылы Шорманның Садуақасына мінездеме бер.

III деңгей. Осы өлең идеясымен мәндес мақал-мәтел айт.

IV деңгей. Өзің біреуді әжуалап өлең шығарып көр.

Ой қорыту. Insert стратегиясы бойынша жұмыс.

V	+	?
Білемін	Білім (мен үшін жаңа ақпарат)	Білгім келеді

Итті күшігім-күшігім десең, ауызыңды жалайды.

Өзін-өзі мақтаған өліммен тең.

Жеп тоймаған жалағанмен тоймайды.

Басы ауырғанның қасында балтырың сыздамасын.

Алма ағашынан алма алысқа түспейді.

Қарыны ашып көрмеген ас қадірін білмейді.

Аш бала тоқ баламен ойнамайды,

Тоқ бала аш болам деп ойламайды.

Білімді бағалау: оқушылардың жауаптарына, сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

Үйге тапсырма: С.Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңін жаттап келу.

ӨСКЕНБАЙДЫҢ ҚҰНАНБАЙЫ

*...Кешегі Құнанбайлар бұрқасындай,
Салмақты болған екен кір тасындай.
Арсызға қатал, қатты болғанменен
Халқына болған құстың ұлтасындай...*

(Мұхамеджан Тазабеков).

Құнанбайдың Абайы алыстаған сайын нұрланып, жарқырай түсетін жарық жұлдыздай қазақ аспанында мәңгі орнап заманнан-заманға жол тартпақ. Ұлы Дала өркениетінің білгірі, асқан ойшыл, ғұлама, ақын Абайдың өзі туралы айтылар сөз еш бітпес. Ол толассыз сай-саладан ағып келіп бір арнаға тоғысқан тау суындай ғасырдан-ғасырға арнасын кеңейтіп, молая жетпек. Бұған дейін талайлардың қажырлы қаламымен том-томға айналған еңбектердің үстіне ақ қағазға қара сиямен жазылып талай тың дүниелер қосылады. Оған себеп – Абай таусылмайтын қазына! Абай қоймасын қопарған сайын ішіндегі інжу-лағылы ақтарыла бермек.

Менің бүгінгі жазбағым Абайдың өзі туралы емес, әкесі Құнанбай хақында.

Құнанбай кім?!

Бұл сұрақ тіл-әдебиет пәнінің мұғалімі, қала берді, ұлтының ұлы адамдарының өмірі мен тұлғалық ерекшеліктеріне бейжай қарай алмайтын көп қазақтың бірі ретінде мені қызықтырады. Халқын сүйіп, ұлтын ұлықтаған кез келген қазақ баласы Құнанбайды «Абай жолы» романындағы жағымсыз бейнесіне қия алмасы анық! Шынымен де Құнанбай Өскенбайұлы бәріміз танып білгендей қатыгез, бірбеткей адам болды ма?!

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы «Құнанбай» мен өзім оқыған, естіген деректердегі «Құнанбай» – мені екіұдайы ойға жетеледі.

Қазақтың оқшау да аса биік шыңындай болып дараланып, асқақтап тұрған Абайының дүниеге келуіне себепкер болған (ұлы сөзде ұят жоқ! Қ.Е.) адамды жүрегің жамандыққа қимайды! Оның үстіне көптеген абайтанушы ғалымдар Құнанбай қажы туралы оң пікірлер айтады. Көкшетаулық ізденуші Смайыл Құттықожиевтің «Қазақтың Құнанбайы» атты деректі фильмі менің санамда осынау күрделі тұлға туралы жағымды пікір қалыптастырды. Тек ол ғана емес, соңғы кезде оқыған, естіген деректерім де Құнанбай Өскенбайұлы туралы пікірімді өзгертті.

Мен Құнанбай Өскенбайұлын тарихта әр қырынан танылған күрделі тұлға деп тани отырып, ол туралы жақсы сөздер мен жасаған игі істеріне назар аударуды көздедім.

Ұрпақ санасына сыналана сіңіп қалған «Қатыгез Құнанбайды» қалай ақтап аламыз?! Уақыттың өзі дәлелдегендей, кешегі талай жақсылар мен жайсандарымызды «халық жауы» атандырған сұм кезең, «арсыз» саясаттың өзі асылдарымызға қанша күйе жақса да қаралай алмады. Сол сияқты халқының қамын жеген ұлдарының ізгі іс-амалдарын қанша жасырып-жабуға тырысқанмен де, күннің нұрын көлеңкелей алмайтындығымыздай әр кез жарығы мен жылуы жан-жағына жайылып жатады. Құнанбай да – өзін ақтауды, дәріптеуді қажет етпейтін ұлы тұлға! Абайдың немере інісі Шәкәрімнің ұлы Ахаттың мына бір сөздеріне зер салайықшы:

«Қазақтың қасиетті, ұлы адамының бірі – Құнанбай Өскенбайұлы. Ол кісінің жайынан аз сөз жазбақпын. Қазіргі кезде ол кісі туралы әңгімелер көтеріліп жүр. Әрине, Құнанбайдың жақсы жағы емес. Оны бай, жуан, зорлықшыл, арам, халықты қанаған деген сияқты неше түрлі жамандау. Тоғжанұлы Ғаббастың Құнанбайды жамандап, Абайды да ұсақ байшыл ақын деп жазған кітабын оқыдым. Әлі де Құнанбайды жамандаушылар болар. Бірақ менің ойыма мынау

келеді: «Ер сыншысы - ел» - дейді. Ел - елге еңбек еткен ерін мақтайды.

Мен жасымнан Құнанбай туралы сөздерді, оның басына арналып айтылған түрлі оқиғаларды көп есіттім. Бұл оқиғалардың көпшілігі – тарихи шындық.

Құнанбай жайындағы әңгімелерді бірлі-жарым ғана емес, көп адамдардан, халықтан естідім десем, мұным қате болмас. Жамандаушылар – Құнанбай нашар тапты қанап, кедейлерге зорлық қылды десе, мен сол нашар кедейлердің: «Құнанбай әділ адам еді», - деген сөздерін де көп естідім.

Құнанбайдың немересінің баласы болған соң атасын мақтап отыр ғой дейтіндер де болар. Бірақ мен елден естігенімді жазбақпын.

Тарих шындықты жақтайтын болса, халық анық жақсы адамын, өзі өсірген адал ұлын мақтайтын болса, түбінде жақсы адам бірлі-жарым адамдардың жамандағанымен жаман болып кетпейді.

Өз дәуіріне қарай, елге еңбек етсем деген талап – Құнанбайдың жасынан алдына қойған мақсаты...»

Құнанбай Өскенбайұлы – 1804 жылы бұрынғы Семей облысы Шыңғыстаудың бауыр жағына құлай ағатын «Хан өзені» деген өзеннің жағасында ақпанның қақаған аязды күнінде туыпты. Әкесі Өскенбай Тобықты руының биі болған, әділдігімен танылған адам болған.

«Өскенбай өзінің ел меңгеру әдісінде, ең алдымен, көпті мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде: «Ісің адал болса Өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар», - деген сөз қалған...» (Бейбіт Сапаралының еңбегінен. Қ.Е.) Өскенбай Ырғызбайұлының нағыз әділ би болғандығын осыдан-ақ аңғаруға болады.

«...Халық айтысына қарағанда, жат жердің адамдары Өскенбайға келіп, дауларын шештіреді екен.

Құнанбайдың шешесі Найман ішінде Матай руының қызы – Зере өте есті, адал, момын, тақуа, жомарт болған...» (Ахат Шәкәрімұлының естелігінен. Қ.Е.)

Осы орайда, Зере ананың тақуалығы мен тазалығы туралы бірер сөз...

Деректерде Зере анамыз Құнанбайды ешқашан дәретсіз емізбегендігін айтқан. Ал дәрет алу дегеніміз – мұсылман адамның намазға дайындық ретінде тазалану барысында дененің белгілі мүшелерін жууын білдіреді. Дәрет алу – өз алдына сауапты іс. Күніне бес рет дәрет алу арқылы мұсылман адам үнемі толық тазалықта болады.

Белгілі ақын Мұхамеджан Тазабековтің айтыста айтқан шумақтарында мынадай жолдар бар:

*...Тектілік үлгісімен Зере әжеміз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаның бойындағы тазалықпен
Абай туды тектілік негізбенен...*

Бойында дәрет-ғұсылы бар, тақуа, текті ата-анадан жаман ұрпақ тумасы анық!

Құнанбай тумысынан өте ірі, толық, зор денелі болыпты.

«...Құнанбайдың денесі өте сымбатты, толық, бойы зор, жүзі нұрлы, бота көз, маңдайлы, қыр мұрын, келбетті болған. Балғын, зор денесі – балуандыққа, өткір көзі – ерлікке, басы – ақылдылыққа сәйкестене біткен...

...Құнанбай он бес жасынан бастап күреске түсіп, ел арасындағы өзі құрбы балуан дегендерді жығып, балуан атанған...» (Ахат Шәкәрімұлының естелігінен. Қ.Е.).

Меніңше, Құнанбай – заманының талабына бағына отырып, халқына барынша адал қызмет қылуға тырысқан адам. Өзі патша үкіметіне қызмет қыла жүріп, өзінің алдына қойған мақсат-мүддесін де орындай білген. Құнанбай Өскенбайұлының қайраткерлік тұлғасы туралы поляктың саяси қайраткері Адольф Янушкевич өзінің сапарнамалық күнделігінде былай деп жазған:

«...Құнанбай – өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер аталастарының игілігі туралы қам жейді. Дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі. Қара қылды

қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған.» («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар» А.Янушкевич. 1979 жылы жарық көрген).

Осыдан біз Құнанбай Өскенбайұлының ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан байырғы Дала заңдарын, Патшалық Ресейдің биліктік-басқарушылық жарғыларын және Ісләм дінінің кемел қағидаларын жетік біліп, өзінің аға сұлтандық қызметінде осыларды үйлестіре шебер пайдаланғанын байқаймыз.

Тарихта Құнанбай жасады деген ізгі істер баршылық.

Құнанбайдың қоғамдық қызметіндегі игілікті қызметінің бірі – оның оқу-ағарту ісіне ерекше мән бергені. Ол өзі дінді мықтап ұстанып қана қоймай, қара танудың, сауат ашудың, ескіше ғана емес, орысша оқудың заман ағымына өте қажетті екенін ұғынып, өз ауылынан қазақ балаларына тіл үйретіп, білім беретін училище ашпақ болып, 1845 жылы шекара басқармасына қазақша-орысша сөйлей алатын, жаза алатын орыс мұғалімін сұрап хат жолдайды. Құнанбайдың бұл өтініші мақұлданбайды. Бірақ екі тілді бірдей білетін мұғалімнің жоқ екендігін айтып, тобықты еліндегі тілмашты қызметтен бос уақытында еңбекақы төлеп, бала оқытуға пайдалануға кеңес береді. Бұдан кейін Құнанбай «Ескі там» деген жерде мектеп ашып, онда орысша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп тағайындайды. Сөйтіп өз балалары мен руластарының балаларын оқыта бастайды. Құдайберді, Тәңірберді (Тәкежан), Абай, Ысқақ, Оспан, Халиоллалар алғашқы сауатын осы мектепте ашқан. Құнанбай балаларын одан әрі оқытуға ерекше ынталы болады. Абайды Семейдегі діни медресеге береді. Халиолланы 1858 жылы Омбы кадет корпусына оқуға береді. (Халиолла 1848 (1849 жыл болуы да мүмкін) жылы туып, 1870 жылы қайтыс болған. Небары 21 (22) жас жасаған. 1959 жылы Омбыдағы Кадет корпусына

қабылданып, оны бітірген соң Мәскеуде оқыған. Корнет шенін алып, Омбыда қызмет атқарып жүрген жерінде науқасқа шалдығып қайтыс болған.) Осы орайда, Құнанбай балалары туралы аз мағлұмат беріп өтсек. Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі Күнкеден Шәкәрімнің әкесі Құдайберді (1866 жылы, 37 жасында дүниеден озған. Қ.Е.). Екінші әйелі Ұлжаннан Тәңірберді (Тәкежан), Абай, Ысқақ, Оспан. Айғыздан Халиолла, Ысмағұл. Ал төртінші әйелі Нұрғанымнан бала болмаған.

Құнанбайдың шапағаты мен даналығы Семей өңірі мен Қарқаралы, Шыңғыстау халқына аян болатын. Ол халқының қамын жеген қайраткер, шебер дипломат және қазақ халқының рухани көсемі бола білген жан. Оның қайырымдылығы мен қамқорлығы, ата дініміз Исламның шариғат-үкімдеріне сай барынша түзу жолды ұстанғанына туған елі куә!

Ата-бабасынан имандылық, ізгілік пен ұлылық сынды қасиеттер үзілмеген текті тұқымның заңды жалғасы Құнанбай өмірінің соңғы жылдарында балаларын жиып, қасиетті мекен – Меккеге барып, Қағбаны тәуап ету ниеті барын жеткізеді. Меккеге сапар бірнеше айға созылады. Мұсылмандардың бас қаласына келісімен жергілікті қонақ үйлерде бос орындар қалмағанын біледі. Сол себеппен Құнанбай қажы Мекке қаласының әкіміне жолығады. Одан қажылыққа барған қазақтардың тіркелмегенін анықтайды. Бұл Құнанбайдың намысына тиеді. Сол кезде қасындағы Досжан деген кісі: «Құнанбай, осы мәселені өз қолыңа алсаң қалай болады?!»- деген ой салады. Ол қала әкіміне қазақ қажыларға арнап қонақ үй мен мешіт салдыруға рұқсат сұрайды. Сөйтіп Құнанбай қажы өз қаражатына Мекке қаласында қазақ қажылары үшін 12 бөлмелі, шамамен 60 адамға арналған қонақ үй салдырған. Халық Құнанбайды өз есімімен атамай, «Қажы» деп атайтын болған.

Әкесінің қырық жастан асқан шағында дүниеге келіп, оның соңғы қырық жылдық өмірін өз көзімен көріп өскен Абай 1895 жылы келешегінен үміт күткен ұлдарының бірі Әбдірахман (Әбіш) Алматыда қызмет атқарып жүріп аз уақыт ішінде

науқастанып қайтыс болғанда, қайғылы қам көңілден туған жоқтау өлеңінде әкесі Құнанбай хақында терең ой тербейді:

*Арғы атасы қажы еді,
Бейістен татқай шәрбәтті.
Жарықтықтың өнері,
Айтуға тіл тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғапты, тыныштық берметті.
Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр қиянға серметті.
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернетті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрметті.
Әділ, мырза, ер болып
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубәсін еске түсіріп,
Тентекті тыйып, жерлепті.
Қазақтың ұлы қамалап,
Іздеген жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ап қайтқан,
Өлгенше болар ермек-ті.
Ол сыпатты қазақтан
Дүниеге ешкім келметті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңілін бөлметті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбек-ті.
Олар да тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмек-ті,
Оны да алды бұл өлім,
Сабыр қылсақ керекті.*

Абай ақын осынау «Әбдірахман өлгенде» («Арғы атасы қажы еді») өлеңінде, байқап тұрғанымыздай, әкесі Құнанбайдың бар болмыс-бітімін айшықтап, ел сүйсінер ерен тұлғасын шынайы суреттеп берген. Бұл өлеңнен «Абай жолындағы» әке мен бала

арасындағы «салқын» қатынастан гөрі, ақынның әкеге деген сағынышы мен қимастық сезімін аңғару қиын емес.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі баршамызға аян. Әсіресе, Қодар мен Қамқаның өлімі – Құнанбай образын қоюландырып, қатыгездіктің шырқау шыңына шығарып жіберген. Одан кейін рулас-туыстар арасындағы дау-шар, жанжалдың басты себепкері де осы – Құнанбай. Кім білсін, егер де жазушы Құнанбай сынды күрделі образды дәл солай жасамағанда біз Абайды бүгінгідей биік дәрежесінде танымас па едік?! Алайда романнан сол қатал, қатыгез деген Құнанбайдың өзін қарсыластарының сөзімен мақтататын да жері бар. Романның 1-кітабынан Абайға Байдалы айтып берген бір қызық жәйтті мысалға келтірейік:

Байдалы Абайға: «Тап соның ішінде бір қойма жатыр, не керек», - деп Қаратайды мақтай отырып былай дейді: «Әне бір күндерде Қаратай, Бөжей, Байсал бар – барлығымыз Қаумен үйінде түстеніп отыр едік. Жиын бір сөзден бір сөзге түсіп, шалқып отырып ақыр-аяғы: «Жә, өзіміз көргенде мырза кім?» дегенге келді. Жұрт ойланып қалды. Байсал күншуақта жатқан тағыдай көзін бір ашып, бір жұмып, бүк түсіп сырт қарап жатқан. Жаңағы сөзге ол қатысқан жоқ. «Мырза кім?» дегенге Қаратай жауап беріп, «Мырза - Құнанбай», - деді. Тағы біраздан соң ол жиын: «Шешен кім?»,- деді. Тағы Қаратай жауап беріп: «Шешен - Құнанбай», - деді. Екі бел асты. Аздан соң және бір оралып кеп: «Жақсы кім?»- десті. Өлгі Қаратай және жауап беріп: «Жақсы – Құнанбай» - деді. Сол кезде Байсал басын жерден жұлып алып, саңқ етіп: «Уай, Көкше, не оттап отырсың өзің?»,- деп, Қаратайға қадала түсіп: «- Мырза Құнанбай екен, шешен Құнанбай екен, жақсы Құнанбай екен! Ендеше не көкіп алысып жүрміз онымен?» деді. Соған Қаратай іле жауап беріп: «Әй, тәйір-ай, мен Құнанбайдың өзге жағынан мін тауып алысып жүрмін бе? Жалғыз-ақ «не қылайыны» жоқ қой, сондықтан кетіп жүрген жоқ па?» деді». Құнанбайдың шынайы даралығын досы түгілі дұшпанының өзі мойындаған. (Жоғарыда келтірілген мағлұматтардың

біразы Смайыл Құттықожиеттің «Қазақтың Құнанбайы» атты деректі фильмінен алынды. Қ.Е.)

Құнанбай Өскенбайұлы 1886 жылы, кей деректерде 1885 жылы дүниеден озды делінеді. Бізге белгілісі 82 жасында Алланың ақ ажалымен қайтыс болған.

Адамның бәрі де пенде! Қандай жақсы деген адамның бойынан да бір мін табылады. Қалай десек те, Құнанбай қажының күрделі ғұмырында жасаған істерінің жаманынан жақсысы басым болғаны анық. Оған дәлел, бүгінгі Құнанбай жайындағы зерттеулердің көбісі осынау тұлға туралы жақсы ой мен оң пікірлерге бағытталғандығы. Тарихта аты қалған атақты адамдарға деген көзқарасымыз біржақты болмағаны дұрыс сияқты. Олар жөніндегі алуан түрлі дерек-мағлұматтарды салыстырып, саралап барып, ой түйінін жасағанымыз абзал!



Гүлдана ӘДІЛОВА,
Кенбай орта мектебінің мұғалімі,
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. «ДАЛАДА»

(6-сынып)

Мақсаты: білімділік – С.Сейфуллиннің туған жерге, елге, кең далаға, арынды тұлпарға сүйіспеншілігін, көңіл кернеген мақтаныш сезімін оқушыларға ұғындыру. Өлең арқылы ақын бейнесін ашу; **тәрбиелік** – оқушыларға ақын тілімен салынған табиғат, асау тұлпар, ақын суреті арқылы эстетикалық тәрбие беру; **дамытушылық** – оқушылардың логикалық ойлауын, ой дәлдігін дамыту, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, пікір айтып, түрлі амал-тәсілдер арқылы іздендіру.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, түсіндіру, іздендіру,

сұрақ-жауап, салыстыру, талдау, СТО. **Көрнекілігі:** ақын шығармашылығына арналған слайдтар, кең дала, асау тұлпар бейнеленген суреттер, кітаптары, қанатты сөздер жазылған плакаттар, үлестірме қағаздар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, саз пәні, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.
2. Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. С.Дөнентаев шығармалары.
2. «Заман кімдікі?», «Бозторғай» өлеңдерінен үзінді жатқа айту.

3. «Ой» фельетоны.


III. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықты ояту.

Ой қозғау:

Туған жері: 1894 жылы бұрынғы Ақмола облысы, Ақмола уезі, Нілді болысының Бірінші ауылы (қазіргі Қарағанды облысы, Шет ауданы, бұрынғы Жаңарқа ауданы) Ортау кеңшарының Қарашілік қыстағы.

Қызметі:



Хронологиялық кесте.

2. 1922 жылы жарық көрген кітабы «Асау тұлпар» жинағы туралы әңгімелеу.
3. «Далада» өлеңін мәнерлеп оқу.

4. Жетекші тапсырмалар арқылы оқушылардың ой-пікірін, көзқарасын білу.

- 1) Асау тұлпар, кең дала.
- 2) Асауға мінген ақын сипаты.
- 3) Арнауадағы болашақ иесі-жастар бейнесі.
- 4) Жаңа өмір үшін күрес.
- 5) Келешектен жақсылық күткен ақын бейнесі.
6. Өлеңдегі көркемдегіш тәсілдерді табу.

Теңеу	Шелектей, көріктей, өріктей, оттай
Эпитет	Қиырсыз дала, кең дала, күшті дауыс, қамыс-құрақты көк өзен, аққулы-қазды шалқар көл.
Кейіптеу	Күңіренді дала
Риторикалық сұраулы сөйлемдер	Өрге қарай орғыса, Өр не қылмақ асауға? Желге қарай орғыса, Жел не қылмақ асауға?
Синоним	1. Әділдік, теңдік, еркіндік. 2. Жүйткіп, зымырап. 3. Тулады, орғыды.

7. Топтық жұмыс.

I топ. Ақын тұлпардың шабысын қалай суреттейді?

II топ. Кең даланы, жасыл жайлауды елестете отырып, қандай әсер алуға болады?

III топ. Ақын өлеңін кімдерге арнаған? Ол жастарға қандай тілек айтады?

8. Қорытынды.

«XXI ғасыр: Мен сенемін...» ой-толғау жазу.

9. Бағалау.

10. **Үйге тапсырма:** өлеңді оқи отырып, көңілге түйгендерін мазмұндап жазу.

11. **Рефлексия кезеңі:** сабақтан алған әсерлері туралы ой бөлісу.

Гүлжамила ҚАЛМАҒАМБЕТОВА,
№1 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
 Ақтөбе қаласы.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. **«АНАНЫҢ АНАСЫ»**

(7-сынып)

Максаты:	- оқушыларды жазушының өмірі және шығармашылығымен таныстырып, әңгімедегі ана бейнесін ашу, ананың балаға деген сезімін жеткізу; -білім қоржындарын толықтыру; әдеби-көркем сөйлеу тілін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге бейімдеп, логикалық тұрғыдан ойлауды қалыптастыру, ізденуге жетелеп, проблемалық сұрақтарды шешуге баулу; - өмірдегі ең жақын да қымбат адам анаға тағзым ете білуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.			
Типі:	Жаңа сабақты игеру.			
Түрі:	Аралас сабақ.			
Әдісі:	Сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау, ойқозғау, талдау, суреттеу, қорғау, іздену.			
Көрнекілігі:	Жазушының портреті, ана суреті, ана туралы өлең жолдары, бейнефильм, косымша деректер, суреттері,сызбалар, интерактивті такта.			
Пәнаралық байланыс	Тарих, музыка.			
Оқыту нәтижесі:	Тақырыпты меңгеріп, білім қоржындарын Ғабит Мүсіреповтің шығармашылығы мен нақыл сөздерімен танысып, «Ана» туралы ойларын кеңейту.			
Тірек ойлар:	«Анада үш бақыт бар: ар-ожданы, бөбегі, ізгі еңбегі».			
Уақыты	Стратегиялар	Ресурстар	Сабақтың мазмұны	
			Мұғалімнің әрекеті.	Оқушының іс-әрекеті.

5-7 мин.	Шақыру.	Флеш-тренинг: «Жүрек жылуы»	I. Ұйымдастыру бөлімі. -Амандасу, назарларын бүгінгі сабаққа аудару.	Оқушылардың тиімді жұмыс жасауына жағдай жасау.
			1. Флеш-тренингтің өтуіне ықпал жасайды. Максаты: сыныпта жылы, мейірімді атмосфераны орнату.	Оқушылар ортаға дөңгеленіп тұрып, сағат тілінің бағытымен бір-біріне бүгінгі күнге сәттілік тілеп, жүрек жарды жылы сөздерін айтады.
		Топқа бөлу. «Жасырынған сурет».	2. Оқушыларға суретті дұрыс құрастыру тапсырмасы беріледі. («Мозайка» әдісі бойынша қолдарындағы сурет қиындыларын дұрыс орналастыру барысында өз топтарын табады).	Оқушылар өз топтарына отырады.
10 мин.		Формативтік бағалау.	II. Үй тапсырмасын тексеру: Ғабит Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы туралы дайындаған слайдтарын сыныптастарының назарына көрсетіп, мазмұндайды. Сынып оқушылары тыңдай отырып хронологиялық кесте жасайды.	Жылдар жырлайды: 1. 1902 жыл. Солтүстік Қазақстан облысында, кедей шаруаның отбасында дүниеге келді. 2. 1916 жыл. 14 жасында орыс мектебіне оқуға түсті. 3. 1923-1926 жылдар. Орынбор қаласы, жұмысшы факультеті. 4. 1934 жыл. «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Ақлима» әңгімелері.
				III. Сабаққа қызығушылығын ояту. а) «Ана» деген сөзді естігенде ең бірінші ойларыңа, көз алдарыңа не келеді?

			Кәнекей, ойларыңды жинақтап, топтастыру әдісін қолданып жұмыс жасайық.	
10 мин.			ә) «Менің анам...» / «Сөйлемді аяқта» әдісі бойынша әр оқушы өзінің анасы туралы ой қозғайды.	
		Постер, маркер, қосымша деректер.	IV. Негізгі бөлім. Анаң саған керек болса, анаңа да сен керек, Кезекпенен ауысатын ғұмыр ғой бұл дөңгелек. Ана керек, о, адамдар, ана керек адамға, Анасыздар аң сияқты күн кешіп жүр ғаламда. Пікірімді ұнатпаған таптық та дер дананы, Даналықтың қажеті жоқ сыйлау үшін ананы- деп жырлаған жерлесіміз Төлеген Айбергенов.	2) <i>Жеке жұмыс түрі:</i> әр оқушы өзінің анасы туралы ой қозғайды./
			- Иә, АНА деген – ол үлкен бір күш. Сиқырлы да, сырлы махаббаттың иесі де, сұлулықтың бастамасы да осы аналар. Ананың құдіреті неге болса да жетерлік. Ананың алақаны мен мейірімді жүрегіне тең келетін ештеңе жоқ. Ана туралы ақындар жыр жазса, суретшілер суретін салып өз ризашылықтарын білдірді. Міне, солардың бірі Ғабит Мүсірепов.	
10 мин			/ Оқушыларға интерактивті тактаның көмегімен Ғабит Мүсіреповтің өмірі және шығармашылығы туралы бейнефильм ұсынамын.	Әр топ өзіне берілген постермен жұмыс жасайды. Берілген уақыттан кейін постерлерін қорғайды.

			Сондай-ақ «Ананың анасы» әңгімесіне қысқаша тоқталып өтемін. Себебі, бұл әңгімені оқушылар өз беттерінше үйден оқып келді./	«Ана» тақырыбында өздерінің ой-қиялдарын суреттеп, қорғайды.
			V. Топтық жұмыс. - Оқушылар көрген бейнефильмдерін, оқыған әңгімені пысықтау барысында, топқа бөлініп жұмыс жасайды: - Әңгімеде, кейіпкерлерден басқа қандай суреттер байқадыңдар? (Жыл мезгілінің – жазы, шаңқай түс, балалар, әңгімеші қария) - Әңгіменің басталуы мен аяқталуы туралы не айтасыңдар? (Соқыр қарт Әйтілістің әңгімесінен басталып, Жалпақ балуанның Ана мен қызына бостандық беруімен аяқталады).	(Жыл мезгілінің – жазы, шаңқай түс, балалар, әңгімеші қария). (Соқыр қарт Әйтілістің әңгімесінен басталып, Жалпақ балуанның Ана мен қызына бостандық беруімен аяқталады). ... Бейшараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара. Еріні қырық тілінген, жарық-жарық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жан шошырлық.
5 мин.				
		«Кім жылдам?» әдісі.	V. Жұптық жұмыс: - «Ананың анасы» әңгімесі бойынша жұмыс: а) «Кім жылдам?» әдісі бойынша әңгімеден ананың портретін табу.	а) Топтық жұмыс. Әр топ өзінің қарсыласына «Жуан-жіңішке» сұрақтар әдісі бойынша сұрақ қояды. ә) Ана туралы жазылған өлең, шығармаларды еске түсіру кезеңі.
		«Жуан-жіңішке» сұрақтар.	VI. Сабақты бекіту бөлімі: а) Әңгіме мазмұны бойынша «Ана» портретін салу. ә) «Бас иеміз аналарға» / Ана туралы жазылған өлең, шығармаларды еске түсіру кезеңі./	«Автор креслосы» әдісі бойынша әңгімені қалай атап, қалай аяқтар едіңдер?

		«Автор креслосы».	VII. Қорытынды. -Атам қазақ ананың алақаны әлемді әділейді- деген екен. Міне, бұл әңгіме – соған дәлел. Қазақ әдебиеті айдынында «АНА» тақырыбына толғанбаған жан жоқ. Атап өтсек, Мұхтар Әуезов «Адамдық негізі- әйел», Шыңғыс Айтматов «Найман-Ана», Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда», Міржақып Дулатов «Шешенің балаларын сүюі», т.б.	Оқушылар «АНА» тақырыбына сәнквейн, яғни, бес шумақ өлең жазады.
		«Сәнквейн».	VIII. Бағалау. «Ана» тақырыбына сәнквейн жазу.	«Екі жұлдыз, бір тілек» стикерді жабыстыру. Нәтижелі жұмысқа «Үш шапалақ».
			Үй тапсырмасы /«Ана алақаны» тақырыбына эссе жазу.	



Қуаныш АМАНДЫҚОВА,
Қошқар жалпы орта
білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Ақтоғай ауданы.

Ш.АЙТМАТОВ. «НАЙМАН-АНА»

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ш.Айтматовтың романынан алынған үзіндінің мазмұнымен тереңірек

таныстыру, әңгіменің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын оқушыға жан-жақты меңгерту; **дамытушылық** – танымдық қызығушылығын, шығармашылық, ой-талдауға бейімділігін, өзіндік сын, көзқарасын дамыту, оқушының жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылықпен айналыса білетін тұлға қалыптастыру; **тәрбиелік** – ел тарихын, әдебиетін білуге, оны құрметтеуге, ұлылардың даналық сөздерінен өнеге алуға, адамгершілікке, адалдыққа, имандылыққа, ізгілікке, ар мен жан тазалығын жоғары қоя білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** іздену, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, топтастыру, қайталау. **Көрнекіліктер:** оқулық, портрет, шығармалар жинағы, тірек-сызбалар, ұнтаспа, көрме «Қазақ – қырғыз бір туған» (Ш.Айтматов пен М.Шаханов шығармашылығының біртұтастығы). **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу, саз.

Сабақтың жүрісі.

I. Ұйымдастыру.

1. Амандасу.
2. Сабақтың тақырыбын, жүрісін таныстыру.
3. Үй тапсырмасын тексеру.

II. Ой шақыру бөлімі: Білімінді зерделе.

1. Шыңғыс Айтматов қай елдің жазушысы?
2. Шыңғыс Айтматовтың қандай шығармаларын білесіңдер?

III. Жаңа сабақ:

Шағын дәріс:

А) Шыңғыс Айтматовтың шын мамандығы – табиғат сыйлаған жазушы. Бұл күнде Шыңғыс Айтматовтың есімі дүние жүзіне мәшһүр. Шыңғыс шығармалары – әр елдің тіліне аударылып, оқырманын көбейтуде. Жазушы бейнелеген кейіпкерлер – тек қырғыз халқының перзенттері емес, әлем халықтарына тән мінезбен, азаматтық болмыспен бірігіп жатқан бейнелер. Сондықтан да оны ешбір халық жатсынбайды. Шыңғыс Айтматовтың ұстазы – Мұхтар Әуезов. Көрмеде көріп тұрғанымыздай поэзия әлемі ұлт таңдамайды. Әдеби шығармалары да достығы да тұтас дүние бола білген Мұхтар

мен Шыңғысты бүкіл ел біледі. Осындай достықта туған шығармалары мәңгілік болмақ.

Ә) «Найман-Ана» үзіндісін көрсетіп, түсіндіру. Ана басындағы ақ жаулық неге ақ құсқа айналды?

Б) Жазушы шығармасының тақырыбын, идеясын оқушыларға жете меңгерту.

Тақырыбы: Ана ерлігін насихаттау.

Идеясы: Адамзатты жауыздықтан қорғау.

IV. Ой-толғаныс бөлімі: «Адамдықтың қасиеті – елдігінен көрінер».

(Оқулықпен жұмыс)

1) Көрініс көрсету.

Қатысушылар: Найман Ана, Мәңгүрт, Маңғолдар. Музыка жаймен ойнап тұрады.

Ана: - Отыр, сөйлесейік. Сенің атың кім?

Мәңгүрт: - Мәңгүрт.

Ана: - Мәңгүрт деп сені қазір атайды. Ал бұрынғы атың есінде ме? Есіңе түсірші шын атыңды.

- Әкеңнің атын білесің бе? Әкеңнің аты кім? Өзіңнің елің қайда, руың кім? Тым құрыса, туған жеріңді білесің бе?

- Құдай-ау, қандай күйге душар қылған сені!

- Ау, жерді, суды тартып алса, мейлі, байлығыңды тартып алса, мейлі, тіпті жаныңды алса да, мейлі.

- Адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қара жүрек ойлап тапты, Құдай-ау?! О, Құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?

- Сенің атың – Жоламан. Естимісің сен? Сен – Жоламансың. Әкеңнің аты – Дөненбай. Әкеңді ұмытып қалдың ба, құлыным? Ол саған титтейіннен садақ атуды үйретіп еді ғой. Мен – сенің анаңмын. Сен – менің баламсың. Сен найман руынан боласың, ұқтың ба? Наймансың сен...

Ана: - Сен мұнда келгенге дейін не болды, білесің бе?

Мәңгүрт: - Ештеңе де болған жоқ.

Ана: - Мұнда келгеніңде күндіз бе еді, түн бе еді?

Мәңгүрт: - Ештеңе де.

Ана: - Кіммен сөйлескің келеді?

Мәңгүрт: - Аймен. Бірақ біз бір-бірімізді естімейміз. Айда біреу отыр.

Ана: - Тағы не қалар едің?

Мәңгүрт: - Басымда қожаның басындағыдай бұрым болса.

Ана: - Келші бері, басыңа олар не істеді екен, көрейін.

- Анау кім?

Мәңгүрт: - Маған ауқат алып келе жатыр.

Ана: - Сен ештеңе айтпа. Мен кешікпей келемін.

Маңғол: - Келген кім?

Мәңгүрт: - Ол маған шешенмін дейді.

Маңғол: - Қайдағы шешен ол сенің! Шешен жоқ сенің! Теріңді сыпырып тастамақшы! Енді келгенде мына садақпен ат!

Ана: - Жоламан! Құлыным менің, Жоламан, қайдасың? Жоламан! Қайдасың, құлыным?

Анасын Мәңгүрт ұлы атып құлатады.

Сұрақтар беру.

1. Осы көріністен нені байқадың?

2. Жауыздық адамзатқа тән бе?

3. Бейітті халық неге соншама қадір тұтады?

4. Найман-Ана ерлігін қалай қабылдадың?

5. Найман-Ана баласын не үшін жау қолынан алып қашпақ болған? (Мәтіннен тауып оқу)

6. Сарыөзек тағдырына пікірің қандай?

V. Ғылыми ізденіс бөлімі: «Ертеңін ойлаған ұрпақ азбас!»

1. Мәңгүрттік дегеніміз не?

2. Зомбильық деген не?


Оқушылар өз пікірін талдағаннан кейін кесте құру.

А) Ерікті мәңгүрт тақырыбына оқушылар шығармашылығын тыңдау.

Ә) Қазіргі кезде ерікті мәңгүрт деп кімді атаймыз? (Жағдаяттық сұрақ)

VI. Ой-толғау жазу: «Мәңгүрттіктен сақтан, ұрпақ!»

VII. Топтастыру бөлімі: «Ұлы тұлға – ұрпақ мақтанышы».



VIII. Қорытынды: «Мен адаммын, адамдық мәңгі мұратым!»

1) Қасиетті халықтың адал перзенті болуың үшін сен қандай болуың керек? (Тірек-сызба құрастыру).

Мұғалімнің қорытынды сөзі.



**Әзина САДЫҚОВА,
М.Ғабдуллин атындағы орта
мектеп-интернатының қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Ақмола облысы,
Зеренді ауданы,
Зеренді ауылы.

САН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сан есім туралы алған білімдерін тиянақтау, теориялық білімдерін практикамен

ұштастыру; **дамытушылық** – ойлау, қабылдау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – нақыл сөздер арқылы адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, батылдыққа, туған жерін, елін сүюге тәрбиелеу.

Түрі: қайталау сабақ. **Қолданылған технология:** деңгейлеп оқыту. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика.

Көрнекілігі: суреттер.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Өткен тақырып бойынша жұмыс түрлері.

- Балалар, біз сендермен сан есім бойынша өткен тақырыптарды қайталаймыз. Сан есім бойынша алған білімдеріңді тексеремін. Сендер бірнеше тапсырма орындайсыңдар.

1-деңгей. «Біліміңді байқап көр» (теориялық білімдерін тексеру).

Жазылған сұрақтарға оқушылар жауап береді: 1. Сан есім дегеніміз не? 2. Сан есім зат есімнің қандай мағыналық белгілерін білдіреді? 3. Сан есім құрамына қарай қандай болып келеді? Мысал келтір. 4. Күрделі сан есімдер қалай жасалады? Күрделі сан есімдер (тіркескен және қосарланған) қалай жазылады? 5. Сан есім мағынасына қарай қандай түрлерге бөлінеді? 6. Есептік сан есімнің ерекшеліктері неде? 7. Реттік сан есім нені білдіреді және қалай жазылады? 8. Жинақтық сан есімнің ерекшелігі неде? 9. Болжалдық сан есім нені білдіреді және қалай жасалады? 10. Топтау сан есімнің ерекшелігі неде? 11. Бөлшектік сан есімнің ерекшелігі неде? 12. Сан есімнің емлесін айтыңдар. 13. Сан есім сөйлемде қандай қызметтер атқарады? Мысалдар келтіріп дәлелдендер.

2-деңгей. «Сен қалай ойлайсың?». Берілген сөйлемдерден, мақал-мәтелдерден, нақыл сөздерден сан есімді тауып, мағынасын анықтайды. Морфологиялық талдау жасау.

1. Атадан алтау, анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ. (Абай).

2. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

3. Жиырма-отыздай жылқысы, екі-үш жүздей қойы, жиырма – отызға тарта сауын сиыры бар. (С.Мұқанов).

4. Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар. (мақал)

5. Олар бүгін футболды бірінші ойнайды.

6. Ұл он беске келгенше,

Қолға ұстаған қобызың.

Ұл он бестен асқан соң,

Тіл алмаса, доңызың... (Үмбетей жырау)

3-деңгей.

а) Шығармашылық жұмыс: «Мәтін құра».

Тірек сөздер жазылып тұрады. Оқушылар тірек сөздерді, сан есімдерді қатыстырып мәтін құрайды. Тақырып қояды.

ә) «Бүлдірген теру» ойыны.

Бүлдірген суреттері ілініп тұрады. Оқушылар «бүлдіргендерді» теріп, жазылған сұрақтарға жауап береді.

1. Бір сан есімнен бірнеше болжалдық сан есім жаса.

2. Жазумен берілген есептік сан есімдерден реттік, болжалдық, топтау сан есімдерін жаз. Есептік: *сексен, он бір, жиырма, отыз*.

3. Күрделі сан есімдерді ата. *Үш, екі жүз, жүз қаралы, мың, оннан бір, ондаған, бес ондық, үш – төрт, сегізінші*.

4. Өзің сан есімге байланысты өлең құрастырып көр.

5. Болжалдық сан есімдерді цифрмен жазып, сөз тіркесін жаса.

Сегіздерде, он мыңдаған, қырықтарда, елулеген, бес жарымда, жүзге таман, отыз – қырық, алты – жеті.

6. Сөйлемдегі сан есімдерден жұрнақтарын бөліп жаз да, қандай сөз табына айналғанын анықта.

Қазанды екеулеп көтеріп, үйге қойдық. Мен әр сабаққа дайындықпен келемін, екілік алмауға тырысамын.

4-деңгей.

а) Кім жылдам? Семантикалық карта.

Сөздерден сан есімдер шығару, құрамын анықтау	Сандарды жазу	Дара сан есім	Күрделі сан есім
Оның кекілі қысқа қиылыпты.	2	+	

Ауызбірлікті нығайту керек.			
Алтын жүзік.			
Жүзім біркелкі пісіпті			
Тоғызкүмалақ			
Балтыр			
Мыңбай – күшті жігіт.			
Тонның ішкі бауындай.			
Дербес ел			
Оның бесігі			
Желтоқсан айында болған оқиға.			

ә) «Өзің білетін өлеңді оқы».

Әдебиет пәнінен өткен өздері білетін өлеңдерді жатқа оқиды. Ішіндегі сан есімдерді атайды.

III. Сабақты бекіту.

IV. Бағалау.

V. Үйге тапсырма беру.

1-деңгей: 189-жаттығу.

2-деңгей: әдебиет пәнінен өткен шығармалардан сан есімі бар 6 сөйлем теріп жаз, морфологиялық талдау жасау.

3-деңгей: «Қонақта» деген тақырыпта сан есімді қатыстырып шағын эссе жазу.



Гүлдариға ИСИНА,
№1 Қосшы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Целиноград ауданы.

ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Қорқыт аға туралы толық мәлімет беру. Оқушыларды жаңа білім беру талабына сай

сусындатуға күш салу. Халқымыздың көне тарихын, өнегелі тағылымын ұғындыру. Көне мұраларымызды құрметтеуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық қасиетін арттыру. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Мәнерлеп оқу қабілетін шыңдау, ой-өрісін, тілдік қорын дамыту; **тәрбиелік** – даналық сөздердің мәнін ұғындыру. Адалдыққа, саналылыққа, парасаттылыққа, өнерді сүйе білуге тәрбиелеу.

Типі: дәстүрлі емес сабақ. **Түрі:** сахналық көрініс сабағы.

Көрнекілігі: Қорқыт атаның портреті, плакатта жазылған накыл сөздер, бүктемелер, аңыз-деректер. **Пайдаланылған әдебиеттер:** қазақ әдебиеті энциклопедиясы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, оқулық хрестоматия, суреттер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үй жұмысын тексеру.
3. Жаңа тақырып. Қорқыт ата кітабы.

Қорқыт атаға қатысты оқиғалар шежіресі (хронологиялық кесте).

4. Сахналық көрініс.
«Қам Бура-Бекұлы Бамсы» әңгімесінің баяны.
5. Теориялық білімнің игерілуі.
6. Оқушылардың өз пайымдаулары.
7. ВЕНН диаграммасы.
8. Мұғалімнің қорытынды сөзі.
9. Оқушылардың білімдерін бағалау.
10. Үй тапсырмасын беру.

Сабақтың эпиграфы:

«Атадан тағылым алмаған ұл жаман, Анадан өнеге алмаған қыз жаман» (Қорқыт ата кітабынан).

1. Ұйымдастыру кезеңінде сыныппен сұхбат жүргіземін.
2. Үй жұмысын тексеру барысында «Күлтегін» жырының ерекшелігі жөнінде оқушылардың пікірлерін тыңдау.

Қосымша пысықтау сұрақтары беріледі:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті жайлы не түсіндің? 2. Күлтегін жырлары қай жерден табылған? 3. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі ғалымдарымыз кімдер екен? 4. Ежелгі әдебиетке қатысты

қандай тарихи шежіре-дастандарды білесіңдер? 5. Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк ескерткіштері жайлы не айтар едіңдер?

Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіремін.

- «Қорқыт ата кітабы» – VIII ғасырда туған аңыздар жинағы. Дрезден қаласында 12 жырдан тұратын, Ватиканда 6 жырдан тұратын қолжазбасы сақталған. Қорқыт ата кітабы – оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. 1986 жылы Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып шықты. Қорқыт ата жайлы зерттеген ғалымдарымыз: Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Мырзатай Жолдасбеков. Кітаптың 1300 жылдығы 1999 жылы ЮНЕСКО тарапынан халықаралық деңгейде атылып өтілді. 1999 жылы «Қорқыт ата» энциклопедиялық жинағы басылып шықты. Қорқыт ата – оғыз елінің батыры, ақылшысы, данасы, жырауы, ақыны, күйшісі, мәңгі өлмейтін өмір іздеушісі. «Қорқыт» сөзі түркілердің «хұр-кісі», «хыт-құт» сөзінен шыққан. Құт әкелуші кісі деген мағынаны білдіреді. «Қорқыт ата кітабы» мынадай жырлардан тұрады: «Қазан бектің ауылын жау шапқаны туралы жыр»; «Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр», «Оғыз қаған жыры», т.б. (Оқушылардың әдебиет дәптерлеріне жаздыру). Қорқыт атаға қатысты оқиғалар шежіресі (хронологиялық кесте):

1815 – неміс ғалымы Х.Ф.Диц Дрезден кітапханасынан «Қорқыт ата кітабының» 12 жырдан тұратын нұсқасын тапты.

1868 – Ресей археология экспедиция мүшесі М.Приорев Қорқыт бейітін алғаш рет суретке түсірді.

1980 – Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында Қорқыт ескерткіш-кешені тұрғызылды.

1986 – Ә.Қоңыратбаев пен М.Байұлдаевтың аударуымен «Қорқыт ата кітабы» тұңғыш рет қазақ тілінде жарық көрді.

1999 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік Университеті болып қайта құрылды.

2003 жылы – Түркі елдерінің театр фестивалінде ақын Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» атты әпсанасы қойылды. Қорқыт рөлінде: Балтабай Сейітмамытұлы ойнады.

2010 – «Қорқыт» атты деректі фильм түсірілді. Режиссері: Берік Барысбеков.

4. Жаңа тақырып: «Дерсе хан ұлы Бұқаш туралы жыр». Қысқаша мазмұнын түсіндіру. Тәрбиелік мәніне тоқталу, жырда түркі халықтарының анаға деген құрметі, ұрпақ жалғастыру мәселесі, ата-ана мен бала арасындағы парыз баяндалады.

5. Сахналық көрініс. Оқушылардың қосымша ізденісі.

6. Теориялық білімнің игерілуін тексеру. Оқушылар өздері білетін Қорқыт жайлы аңыздар, нақыл сөздері, өсиеті, күйлер жөнінде сыр шертеді.

Қорқыт атаның сөздері: 1. «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, Анадан өнеге көрмеген қыз жаман»; 2. «Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас»; 3. «Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас»; 4. «Ұлың өсіп жетілсе, ол-отбасының мерейі»; 5. «Қар қанша қалың жауғанымен жазға бармас».

Өсиеттері: 1. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық; 2. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы; 3. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы; 4. Өтірік сөз өрге баспайды; 5. Кімнің батыл, кімнің бақыл екенін жырау білер.

Күйлері: «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қоңыр», «Тәңір күй», «Торғыл тана», «Ұшардың ұлуы», «Қорқыттың елмен қоштасуы», «Әппай», «Сарын». Қорқыт – кобыз бен күйдің атасы. Ел шежіресінде мәңгілік өнер жыршысы, ұлы сазгер. Қорқыт атаның күйлерін тартқан атақты күйшілер: Ықылас пен Молқыбай, Жаппас Қалымбаев, Дәулет Мықтыбаев, Фатима Балғаева. Бұл күйшілер – кобыздың қыл пернесінің үнін қазақ даласында боздата білген жандар.

Аңыздар: «Қорқыт пен ажал», «Қорқыттың өлімнен қашуы», «Қорқыт және қырық қыз», «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт».

8. Венн диаграммасы арқылы салыстыру. Әбу Насыр Әл Фараби мен Қорқыт ата. Әбу Насыр Әл Фараби – математик, ғалым, IX ғасырда өмір сүрген дана. Қорқыт – жыршы, күйші, VIII ғасырда өмір сүрген тұлға.

Ұқастығы: Сыр бойында өмір сүрген қайраткерлер, аңыз кейіпкерлері. (Оқушылар тақтада орындайды).

9. Мұғалімнің қорытынды сөзі: - Қорқыт ата тойы 1999 жылы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Келер ұрпаққа есімін мәңгі қалдыру үшін көптеген істер атқарылды. Қызылорда қаласында Қорқыт ата атында университет бар. Ғылыми зерттеу орталығы бар. Қорқыт мәңгілік өмірді өнерден тапқан бабамыз. Дүниені қанша шарласа да жерұйық – өзінің атамекені екеніне көзін жеткізеді. «Қолына кобыз ұстаған абыз елден елге жетеді» деп Қорқыт атаның өзі айтқандай, өнер мәңгілік, ол ұрпақтан-ұрпаққа тарайды.

«Қорқыт ата кітабы» – әр түрлі жырлардың жинағы болса да, онда ерлік жасау мен ізгілік көрсетуді қанатты сөздермен біртұтас алып отырған шығарма. Абыз өмірінің соңында «өлмейтін нәрсе жоқ» деген пікірге келеді. Мәңгілік өмірді кобыздың сарынынан іздейді. Толассыз күй тарта өмірден озады. Сабақты қорытындылай келе: Өзі өлсе де, артында өлмес мұралары қалған Қорқыт бабамыздың жолымен бүгінгі жас ұрпаққа тарих атамыз бата береді. Бата сөз:

Уа, құдайым, оңдасын,
Жаманшылық болмасын.
Аруақ біткен жар болып,
Қызыр бабам қолдасын.
Өркені шалқып тасысын,
Ертеңгі ұрпақ өздерің,
Халқымның салтын сақтасын,
Бабалардың ерлігін,
Көкіректе жаттасын.
Болашағым -жастарды,
Жамандықтан сақтасын!

11. Оқушылардың білімдерін бағалау.

12. Үй тапсырмасы: Сызба-кесте толтыру.

Қорқыт ата жайлы не білдім?	Өз пікірім
-----------------------------	------------



Айгүл ЖАБЕЛ,
М.Мақатаев атындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Іле ауданы,
Өтеген батыр кенті.

ЖАРМАДАҒЫ БАТЫР АТАЛАР – БІЗГЕ МАҚТАНЫШ

Сабақтың мақсаты: жас жеткіншек ұрпақтарды отан-сүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа баулу. Ұлттық патриоттық сезімін қалыптастыру, елін, жерін қорғауға, бейбітшілікті нығайтуға тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында туған жерін қорғаған Қазақстан және туған ауылымыз – Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Жарма кентінің азаматтары туралы мәлімет беру. Оқушылардың бойындағы патриоттық сезімін ояту.

Мұғалім сөзі: - Балалар, біз бүгін Ұлы Отан Соғысының ардагері Самарқан атамьздың үйіне арнайы келіп, кездесу сабағын өткізіп отырмыз. Атамьз биыл бізге келе алмады. Біздің мақтанышымыз – Самарқан атаның немересі біздің сыныпта оқиды. (Сәлемдесу).

Сансызбаева Жұпар:

- Екі қолмен шоқ көсеп ойнағандар,
Кеудесін оққа төсеп лаулағандар.
Бір сәтке сол ерлерді еске алайық,
Жеңіс тойын 69 жыл тойлағандар.

Мустафинов Жасұлан: - Бақытты өмір үшін белсене еңбек етіп жатқан халық қаннен-қаперсіз тыныштық өмір кешуде болатын. Келесі күн жексенбі – демалыс еді. Таңғы сағат төртке таяды. Тек шекарашылар ояу. Кенет батыстағы шекарашылар жарқылдаған, от сияқты сәулелерді байқады. Олар тез арада көбейіп, қызылды-жасылды болып, қалқып келіп қалды. Жер-

көкті моторлар гуілі алып барады. Ә дегенше болған жоқ, батыс жақтан келген ұшақтар аэродромдарды, соғыс қарулары тұрған қоймаларды, қалаларды бомбалай бастады. Жер беті қаптаған машина. Бүкіл дүние астан-кестен. Құлаған үйлер, қираған қалалар, иен елді мекендер.

Ешимбаева Толқын: - Бұл 1941 жылдың 22 маусымы еді. Бұл соғыс КСРО тарихынан Ұлы Отан соғысы деген атпен енді. Өйткені соғысты бастаушылар осы мемлекетті жоюды мақсат етті. Ал кеңес халқына өз елін, халқының тәуелсіздігін сақтап қалу керек болды. Сондықтан да осы соғысты жеңіспен аяқтау үшін оған бүкіл ел, бүкіл халық қатысты. Иә, бұл нағыз қырғын соғыс еді. Халқымыздың жартысынан көбі осы соғыста жер жастанды. Атап айтқанда Жарма өңірінен шыққан батыр аталарымыз: Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ә.Нұршайыхов – біздің мақтанышымыз.

Есімі елге танымал Р.Қошқарбаев, С.Баймағамбетов, Қ.Спагаев, І.Айтықов, С.Нұрмағамбетов, Ж.Саин және де батыр қыздарымыз Әлия мен Мәншүктің есімі мәңгі жүрегімізде. Қарапайым қазақ қызы Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының батыры атағы осы Ленинград-Псков бағытындағы шайқастарда көрсеткен асқан ерліктері үшін берілді.

Жұмағалиев Ерасыл:

- Есінде ме, туған қалам,
Сен деп неше жан қиылды.
Тас қорған боп мың сан адам,
Қорғағаны әр үйінді.
Жау еңсесін жаншып төмен,
Қуған оны жатыр із.
Есінде ме Мәншүк деген

Қазақтың жас батыр қызы- деп невелидіктер оны әрдайым құрметпен еске алады.

Құлахметова Әсел: - Ақын Я.Хелемскийдің «Әлияның жүрегі» поэмасында:

- Шаттансаң қыз тудым деп, қазақ, шаттан,
Әлия Отанына болған мақтан.
Бежанца маңында тұлғасы тұр,

Дегендей: «Ерлікке аттан, еңбекке аттан!»

Бұл жермен сонау заман Пушкин өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.

Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп,

Қазақтың Әлия қызы қанын төккен,- деп жырлаған.

Қанды қырғында кеудесін оққа тосып, жан аямай шайқасып жатқан апа-аталарымыздан басқа соларға ісімен болмаса да, сөзімен дем берген ақын атамиздың бірі – Жамбыл деуге болады. Ол кісінің «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңін оқыған жауынгерлер ерекше шабыттанып, жауға қырғидай тиді.

Ардагер атамиздың немересі атасына арнап шығарған өлеңін оқыды.

Жүніс Дина: - Ұлы Отан соғысы деп аталатын қырғын жылдары біздің ата-әжелеріміз бірі қан майданында, бірі елде ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Бұл соғыстың қасіретін сол кездегі бала – біздің ата-апаларымыз да тартты. Соғыс оларды ерте есейтті. Балалықтың бал дәуренін бастан өткізбеді. Буындары бекімей еңбек майданына араласып егін екті, мал бақты. Соғыс сол кезде әскер қатарына шақырылған алты қазақтың бесеуі қан майданда апат болды. Талай шаңырақтың оты өшті, мыңдаған ұрпақтың өркені кесілді.

Қанашова Аяулым: - Сол қасіретті соғысқа біздің жерлестеріміз де ат салысты. Атап айтсам: С.Туспеков, Б.Оразбаев, Қ.Тоқабаев, Н.Идришев, Қ.Қопабаев, Н.Рулев, Ә.Қалиев, Т.Жараспаев, К.Сапарғалиев, Н.Бутырский, А.Уақпаев, А.Сысин, С.Әбілпейісов сынды батыр аталарымыз ұрпақ үшін тер төгіп шайқасты. Осы Жеңіс күніне орай мектеп директоры Сұлтанбеков Айтқали Жақсыбекұлының бастамасымен батыр аталар өмірінен сыр шертетін «Есімдері ел есінде» атты естелік кітабы жарық көрсе, мектебімізде «Ұмытылмас ерліктері» тақырыбында бұрыштама жасалып, осы аталарымыз жайлы құнды мәліметтер жазылған.

Саягуб Саян: - Жарма ауылының ұйытқысы, балалары мен немерелерінің аяулы атасы, біздерге өсиет айтудан жалықпайтын, «Ұлы Отан соғысы» орденінің, «Нахимов» медалінің,

«Жапонияны жеңгені үшін» медалінің және маршал Г.К.Жуков медалінің иегері – Әбілпейісов Самархан ата. Ол 1924 жылы 18 қаңтарда осы Жармада дүниеге келген. 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылып, Қызылтулы Амур флотында әскери міндетін атқарды.

Самархан ата көзіне жас ала отырып сол соғыс қасіретін былай деп еске алады: - «Армияда жүріп, Жапонияны азат етуге қатыстым. Қырылған адам. Сол елдің атақты қаласы Сеанусиға дейін бардым. Соғыс қайбір жақсы болсын, құлаған үйлер, өлген боздақтар, жаралы жауынгерлер, зарлаған аналар. Ұрпағымыз біз көрген қайғыны көрмесін. Еңбегімнің барлығы бағаланды. Қазір сексеннен астым. Еліме тыныштық, бейбіт өмір тілеймін, халқым аман болсын, Елордам гүлдене берсін, Елбасына денсаулық тілеймін!»- деді. Бәріміз бірге отырып «Ерліктері есімізде» әнін орындап бердік (Катюша әуенімен). Біз көкейімізде жүрген сауалдарымызды қоя отырып естелік фотоларға түстік.

Мұғалім сөзі: - Біз Самархан атамизбен кездесулер жиі өткізіп тұрамыз. Мектебіміздің бұрынғы директоры ҚР Білім беру ісінің үздігі Құттиева Рымкеш Құттықызы: «Балаға батырлар ерлігін дәріптеу үшін ең әуелі өз ауылымыздағы батырларымызды таныстырудан бастаңдар. Бұл кісілер тарих куәгерлері, осы кісілер туралы естелік жинаңдар» деген сөзі әр кез жадымызда. Білмегенімізді сұрап, өсиетін тыңдап өсіп келеміз. 1945 жылы мамырдың 9-да екінші дүниежүзілік соғыс Кеңес елінің жеңісімен аяқталды. Бұл нағыз Ұлы Жеңіс болды. Сондықтан да осы күнді халықтар жыл сайын мейрамдап келеді. Бұл күні – Қазақстан Республикасында да белгілі мереке күндердің бірі. Өйткені Қазақстандықтар бұл жеңіске сүбелі үлес қосты. Қазақстандықтар соғыс майданында жаппай ерлік көрсетті. Көптеген жауынгерлер бұрын-соңды болып көрмеген теңдесі жоқ ерліктер жасады. 518 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соғыс аяқталғалы көп жылдар өтіп кетті. Алайда соғыстан оралмағандар, Жеңіс жолында құрбан болғандар тірілер жүрегінде мәңгі сақталады.

Кездесу соңында Самархан атамиз бізге бата берді.

Гүлмира САҒЫНДЫҚОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Шет ауданы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ШЫҒАРМА ЖОСПАРЛАРЫ

1. Шеберлік шыңы (Ғ.Мүсіреповтің шығармашылық еңбегі туралы ой-толғау)

*Ғабит Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ,
Онымен мақтануымыз керек.*

Зейнолла Қабдолов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Ұлттық мәдени тарихымыз. Ұлы тұлға.

II. Негізгі бөлім:

1. Ғ.Мүсірепов – шағын әңгіме шебері.

2. Ана туралы новеллалары – ананың алып тұлғасын, киелі сезімін, нұрлы жүрегін жырлайтын көрнекті туындылар.

3. Ғ.Мүсірепов – шебер драматург.

III. Қорытынды.

Сөз зергері - Ғ.Мүсірепов.

2. Тұрмыс-салт жырларында халықтың өмір-салты мен ұлттық дәстүрінің көрініс табуы.

Халқын сүйген, салтын сүйер.

Халық мақалы.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Тұрмыс-салт жырлары – халықтың асыл мұрасы.

II. Негізгі бөлім:

1. Туғанда дүние есігін ашады өлең...

2. Төрт түліктің қадірін баққан білер.

3. Батамен ел көгерер.

III. Қорытынды:

Дәстүрдің озығы да, тозығы да бар.

3. Аңыз әңгімелердің тәрбиелік құндылығы.

Аңыз әңгімелер – халық шежіресі.

М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Аңыз әңгімелер – халық өмірінен алынған асыл қазына.

II. Негізгі бөлім:

1. Аңыз әңгімелер кейіпкерлері – тарихта болған тұлғалар.

2. Аңыз әңгімелер – адамды асыл арманға бастайтын, ұшқыр қиялына қанат бітіріп, келешекке үміттендіретін тәрбиелік мәні зор мұра.

III. Қорытынды:

Аңыздардың көркемдігі, сөз өрнектерінің шеберлігі.

4. «Атымды адам қойған соң...»

(Ұлы Абайдың адамгершілік толғамдары)

... Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағым

Абайдай ұлы, киелі ұғым болмауға тиіс.

Н.Ә.Назарбаев.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Абай – ойшыл ақын.

II. Негізгі бөлім:

1. Абай гуманизмі нәр алған үш бұлақ.

2. Абай өлеңдеріндегі адамгершілік үн.

3. Абай поэзиясы – адамдық жолын нұсқаушы.

III. Қорытынды:

1. Абай – қазақ әдебиетін биік белеске көтеруші.

5. Адамзат тудырған алып тұлға.

(Абай Құнанбайұлы туралы)

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сол сендей жанның

Әлемнің құлағынан әні кетпес!

*Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.*
Мағжан Жұмабаев.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Абайдың өскен ортасы, өнегелі өмірі.
2. Абай – қазақ поэзиясына жаңалық енгізуші.

II. Негізгі бөлім:

1. Ақынның өнердің құдіреттілігін көрсетуі.
2. «Өлең – сөздің патшасы...»
3. Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні.

III. Қорытынды:

1. Абайдың ақындық мектебі.
2. Жыр жазамын Абайдың үлгісімен...

6. «Туады ерлер ел үшін...»

(Ер Тарғын жырындағы Тарғын бейнесі)

*Аттанбадым олжа үшін,
Сыңсып жатқан мал үшін.
Аттанғаным кәуірге
Атамның ежелгі кегі үшін.*

«Ер Тарғын» жырынан.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Батыр – ел қорғаны.

II. Негізгі бөлім:

1. Тарлансыз Тарғын жоқ.
2. Адал жар – батырдың жан серігі.
3. Опасызда ар болмас.

III. Қорытынды бөлім:

Жырдың маңызы мен көркемдік ерекшелігі.

7. «Қыз Жібек» жырындағы асыл да асқақ махаббат тақырыбы.

*Қыз Жібектің құрметі
Жаһаннан асқан сәулеті.*

*Ләйлі – Мәжнүн болмаса,
Өзгеден артық келбеті.*
«Қыз Жібек» жырынан.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Лиро-эпостық жырларда сүйіспеншілік, ынтызарлық сияқты қасиеттердің жырлануы.

II. Негізгі бөлім:

1. «Қыз Жібек» жырының идеялық мазмұны. Ескілік пен жаңалықтың тартысы.
2. Жырдағы сұлулық пен зұлымдық, махаббат пен қаскөйлік.
3. Жырдағы көшпенді елдің сән-салтанаты, әдет-ғұрып көріністері.

III. Қорытынды:

Жырдың маңызы, көркемдік ерекшелігі.

8. «Сайраған жолым жатыр жер бетінде...»

(Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуына)

*Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.*

Қ.Аманжолов. «Өзім туралы»

Жоспар:

I. Кіріспе:

Қазақтың дауылпаз ақыны – Қасым Аманжолов.

II. Негізгі бөлім:

1. Өзге емес, өзім айтам өз жайымды.
2. Сайраған жолым жатыр жер бетінде...
3. Жауынгер ақын – Қасым.
4. «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы - зор азаматтық патриоттық жыр.

III. Қорытынды:

Дүниеге келер әлі талай Қасым...

9. Қазақ жырының Құлагері.

(I.Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы)

*Лермонтов болмағанмен біздің Ақан
Кісі ме еді ақындықтан құр алақан
Ортасын олқы көрген бұл да дара,
Имеген иттерге бас, сері, дархан.*

I. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасынан.

Жоспар:

I. Кіріспе:

I. Жансүгіров – қазақ поэзиясының дүлдүлі.

II. Негізгі бөлім:

1. Мен өзім тауда туып, тасында өстім.

2. Илияс – өнер, өнер адамдары жайында қалам тартқан ақын.

3. Ақан трагедиясы («Құлагер» поэмасы бойынша) – үздік дарын иелерінің трагедиясы.

III. Қорытынды:

Илияс Жансүгіровтің поэтикалық тіл ерекшелігі.

10. С.Мұқановтың шығармашылық қызметі.

Сәбиттің өмірі мен еңбегі жазушының бір басының ерекшелігін ғана баян етпейді. Ол қазақ әдебиетінің тарихындағы аса бір күрделі дәуірдің өскен жолын, ізденген мүддесін, жеткен өрісін де баян етеді. М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Сәбит Мұқанов – қарымды қаламгер.

II. Негізгі бөлім:

1. С.Мұқанов шығармаларындағы халық тағдыры, ел мұңы.

2. Шоқпыт – халық сипатын танытатын образ – символ.

3. «Сұлушаш» поэмасы – елдің әлеуметтік жайын, хал – күйін, жастар тағдырын сипаттайтын реалистік шығарма.

4. Қазақ халқының ұлттық сипаттарының «Ботагөз» романындағы көрінісі.

III. Қорытынды:

С.Мұқанов – өмір шындығын шебер де шешен суреттей білген шыншыл суреткер.

11. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Құнанбай бейнесі.

Туған халқына мәңгілік мұра болғандай ғасырлық туынды

сыйлау тек қадау-қадау ұлылардың ғана үлесіне тиген. Солардың бірі – Мұхтар Әуезов. **З.Қабдолов.**

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Ұлтын сүйген ұлы қаламгер.

2. Эпопеяға барар жолда.

II. Негізгі бөлім:

1. Абай – жаңалықтың өкілі,

Құнанбай – ескіліктің қорғаны.

2. Құнанбай – азулы ғана емес, ақылды, шоқпар мен сойылдың ғана емес, әріден толғайтын ойдың адамы.

3. Құнанбай – тіл біткеннің шешені, жоқ біткеннің көсемі.

III. Қорытынды:

Әуезов – әлемге танылған суреткер.

«Абай жолы» - ғасырлық туынды.

12. «Кен дала... анам еді мені тапқан»

(Мағжан поэзиясындағы адам және табиғат)

Табиғатты Мағжаннан көп, онан артық суреттеген қазақ ақыны кемде-кем шығар. Табиғат қойынында туып, табиғат анасының бауырында өскен жігіт... табиғатты дәріптеген соң, оның қойынындағы елді, жұртты айтпай тұрсын ба?

Ж.Аймауытов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Мағжан – ұлтжанды, патриот ақын.

2. «Жалынмын мен, келме жақын жанарсың...» (Ақынның ауыр тағдыры туралы сыр)

II. Негізгі бөлім:

1. Мағжан поэзиясындағы адам тағдыры және табиғат көрінісі.

2. Мағжан лирикаларындағы символизм, миф, фантастика.

3. Мағжан – сыршыл ақын.

III. Қорытынды:

«Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған...»

13. «Таза мінсіз асыл сөз...»

(XV–XVIII ғ.ғ. жыраулар поэзиясы)

*Жыраулар қисса толғайды
Батырлар жайлы, ел жайлы.
Күңіреніп көне абыздай
Замандарды болжайды...* С.Мәуленов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Жыраулар поэзиясы – өсиетнама, нақыл сөздер.

II. Негізгі бөлім:

1. Таза мінсіз асыл сөз...
2. Жауға шаптым ту байлап...
3. Бірлік болмай тірлік болмайды.

III. Қорытынды бөлім:

Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі өлмейді.

14. Махамбет өлеңдеріндегі Исатай бейнесі.

*Ханнан қырық туғанша,
Қарадан бір – ақ тусайшы,
Халықтың кегін қусайшы!* Махамбет.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Ереуіл атқа ер салмай.

II. Негізгі бөлім:

«Арыстан еді-ау Исатай» (Махамбет)

Арыстан одан кім өткен.

III. Қорытынды:

Тайманның ұлы Исатай

«Ағайынның басы еді» (Махамбет)

15. «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен»

(Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл)

*Өлең үшін туған ақын тұлпар боп,
Өлең үшін жанып кетті, сенер ме ең?*

А.Әбдіхалов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Мұқағали – ғасыр ақыны.

II. Негізгі бөлім:

1. Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін

2. Өлең деген тумайды жайшылықта,

Өлең деген тумайды қайшылықта...

3. Бір өлеңі бір елдің мұрасындай...

III. Қорытынды:

Сағынады Мұқанды сыздап жүрек...

16. «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін...»

(А.Байтұрсынұлының қазақ тарихында алатын орны)

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» жинағы, «Қазақ» газетінің 1961 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер, білім, саясат жолындағы қажымас қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер болатын. М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Оқыған азаматтың зиялысы, бетке ұстар ардағы Ахмет Байтұрсынұлының өскен ортасы.

II. Негізгі бөлім:

1. «Қырық мысал» – орыс мысалын қыр қазағы тілінде ұлттық болмыс бітіре сөйлеткен аудармалар топтамасы.

2. «Масадағы» ұлттық намысты қайрау, халық санасын ояту идеясы.

3. Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері.

III. Қорытынды:

А.Байтұрсынұлы – қазақтың рухани көсемі.

17. «Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш...»

(М.Дулатұлы шығармашылығына тән азаттық идеясы)

*Дамыл көрмей ерте – кеш,
Жұрттың қамын көп жседің.
Байлардың белді салып күші,
Тыныштық жүзін көрмедің.
«Оян! - дедің халқыңа, -
Бас көтеріп тірлік қыл!»
Ақыл айттың ұлтыңа
«Таста талас, бірлік қыл!»* М.Жұмабаев.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Азаттық жолындағы күрескер тұлғасының қалыптасуы.

II. Негізгі бөлім:

1. «Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш...»

2. «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты...»

3. Міржақып өлеңдеріне тән азаттық идеясы.

III. Қорытынды бөлім:

М.Дулатов – ақын, жазушы, публицист, ағартушы, қоғам қайраткері.

18. Шоқан Уәлиханов – қазақ халқының тұңғыш зерттеуші ғалымы.

Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді. Оған талайлар-ақ назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін.

Г.Н.Потанин.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Шоқанның өскен ортасы, өз заманының алдыңғы қатарлы озық ойлы адамы.

II. Негізгі бөлім:

1. Шоқан – тұңғыш ғалым, зерттеуші.

2. Шоқан – тұңғыш саяхатшы, этнограф.

3. Шоқанның демократиялық, ағартушылық, гуманистік көзқарасы.

III. Қорытынды бөлім:

Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп...

19. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...»

(Ұлы Абайдың поэзия құдіреті жайлы ой толғамы)

Шын хақім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.

Қарадан хақім болған сендей жанның,

Әлемнің құлағынан әні кетпес!

...Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,

Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.

*Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,
Хақім ата, тыныш бол, қадірің артар.*

Мағжан Жұмабаев.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Абайдың өскен ортасы, өнегелі өмірі.

2. Абай – қазақ поэзиясына жаңалық енгізуші.

II. Негізгі бөлім:

1. Ақынның өнер құдіреттілігін көрсетуі.

2. Өлең – сөздің патшасы (сөз өнеріне көзқарасы).

3. Абай өлеңдерінің тәрбиелік мәні.

III. Қорытынды бөлім:

1. Абайдың ақындық мектебі.

2. Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.

20. Ұлы жырау – Ж.Жабаев.

(165 жылдығы қарсаңында)

Жүз жыл өмір кешкен ақында неше жүз жылдар өнері мен шеберлігі түйіскен. М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Жамбыл – халық жыршысы.

2. Менің пірім – Сүйінбай.

II. Негізгі бөлім:

1. Жамбылдың тарихи дастандарындағы отаншылдық сезім.

2. Отанды сүю, азаматтық борыш сезімдерін жырлау – Жамбыл өлеңдерінің негізгі идеясы.

III. Қорытынды бөлім:

Өлең – сөздің даңғылы

Бар қазақтың Жамбылы.

21. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалар.

(Ақындар Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Шәңгерей Бөкеев, Мәшһүр Жүсіп, Нарманбет Орманбетұлы қатарынан оқушының өзі қалаған қаламгердің шығармашылығы туралы ой-толғау).

Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді

жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Өз заманында Мәшһүр болған бала.

II. Негізгі бөлім:

1. Мәшһүр Жүсіп ғылым, білім туралы.

2. Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың рухани байланысы.

3. Мәшһүр Жүсіп пен дін.

4. Мәшһүр Жүсіп және ауыз әдебиеті.

III. Қорытынды бөлім:

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің көрнекті ақындары шығармаларындағы үндестік.

22. Сұлу сөз бен саздың тоғысы.

(XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әнші-сазгер ақындар шығармашылығы).

Олар еш заңға бағынбайды, ешкімнің құлы емес, еркін, өр. Тіпті киімдері де ешкімге ұқсамайды. Жүріс-тұрысы бөлек жандар қазақ өнері алдында ғана бас иеді. Т.Кәкішев.

Жоспар:

I. Кіріспе:

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезіндегі әнші, сазгер, ақындар шығармашылығындағы ерекшелік.

II. Негізгі бөлім:

1. Сал-серілер – әнші, сазгер, әрі ақын, өнерпаз адамдар.

2. Сегіз сері – сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі.

3. Жаяу Мұсаның қазақ әдебиетіне қосқан бағалы қазынасы.

4. Балуан Шолақ – жанына нөкер ертіп, елге ойын-сауық көрсеткен өнерпаз, жамбасы жерге тимеген балуан.

III. Қорытынды бөлім:

Сал – серілер, әнші-сазгер, ақындар – сұлу тағдыр иелері.

23. Қазақ даласын әнмен тербеген ұлы өнерпаз.

(Біржан салдың өмірі мен шығармашылығы туралы).

Жасым бар елу бесте жасырмаймын,

Басымнан жаман сөзді асырмаймын.

Қысқа жіп келмесе де күрмеуіме,

Саған да туысым деп бас ұрмаймын. Біржан сал.

Жоспар:

I. Кіріспе:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын (өмірі, өскен ортасы)

II. Негізгі бөлім:

1. Біржан – қазақ даласын әнмен тербеген ұлы өнерпаз.

2. Біржан – сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі.

3. Біржан – ешкімге бас иеген өр ақын.

III. Қорытынды бөлім:

Біржан әндерінің көркемдік ерекшелігі.

24. Абай қарасөздерінің өзіндік ерекшеліктері.

Абай – қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы. М.Әуезов.

Жоспар:

I. Кіріспе:

1. Абай туған дәуір.

2. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы.

II. Негізгі бөлім:

1. Абайдың енгізген жаңалығы.

2. Қара сөздерінің өзіндік ерекшеліктері.

3. Абай – философ, сөз шебері, ұлы ойшыл.

III. Қорытынды бөлім:

Абай – қазақтың бас ақыны.

25. Шәкәрім шығармаларындағы азаматтық әуен.

«Жаным – арымның садағасы» деп айтатын екі қазақ болса, соның бірі – Шәкәрім. Ш.Елеуқенов.

Жоспар: I. Кіріспе:

Шәкәрім – Абай шәкірті.

II. Негізгі бөлім:

1. Бір білімді данышпан жан іздеген.

Соқыр сенім алдауына көнбедім...

2. Қазағымның ертеңін ойлап болашағын болжаған, өлеңмен халқына ой қозғаған...

3. Халқына даралықты, еліне даналықты жыр еткен...

III. Қорытынды бөлім:

Ақын мұрасы – қайталанбас, сарқылмас арна.

26. Елінің еркесі – Ақан сері

Тұсында сері болсын, пері болсын,

Ұнайды өмірімен Ақан маған. I. Жансүгіров.

Жоспар: I. Кіріспе:

1. Ақан – ақын, әнші, сазгер.

2. Ақан – жасынан сұлулықты сүйіп, әсемдікті ардақтаған сері, дархан.

II. Негізгі бөлім:

1. Ақан поэзиясы – адамзаттың асыл қазынасы.

2. Ақын өлеңдеріндегі сұлулық, махаббатқа адалдық, еркіндікті аңсау.

3. Ақан – өз заманының жыршысы, қоғамның шындығын көрсетуші.

4. «Құлагер» – ақынның ішкі жан сыры, күйзелісі, психологиялық толғанысы.

III. Қорытынды бөлім:

Ақан өмірі – өнер адамының рухани тазалығының үлгісі.

27. Сегіз қырлы, бір сырлы суреткер.

(Әсет Найманбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы)

Әсеттей сал, ән салсаң әсемдетіп,

Делебесін қоздырып, әсерлетіп.

Дауысым – дауыл, сөзім – жел, әнім – ескек,

Ойнақтап ашылайын аз желдетіп.

Ә. Найманбайұлы. «Әсет» әні.

Жоспар: I. Кіріспе:

Сегіз қырлы, бір сырлы суреткер.

II. Негізгі бөлім:

1. «Арғынмын, атым Әсет арындаған...»

2. Әсеттің ән әлемі.

3. Әсеттің Рысжанмен айтысы.

III. Қорытынды бөлім:

Әсет – әні мен сөзі өзгеше қатар өрілген өнер иесі.

Ақтілек НУРИТДЕНОВА,

Дарьинск орта жалпы

білім беретін мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Зеленов ауданы.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ЕҢЛІК-КЕБЕК»

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шәкәрім мұрасын тереңдей оқытып үйрету, дастанның мазмұнын меңгерту, көркемдік ерекшелігін ашу; **дамытушылық** – ойлау қабілеттерін, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, көркем мәтінмен жұмыс істеуді дамыту, өз бетімен ізденуге үйрету; **тәрбиелік** – кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып, өзара сыйластыққа үйрету. Мәдени құндылықтарымызды бағалауға баулу.

Типі: қорытынды сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, пікірлесу, талдау. **Көрнекілігі:** сызбалар, ақын портреті, слайдтар. **Пәнаралық байланыс:** тарих, музыка, қазақ тілі. **Күтілетін нәтиже:** оқушыны өз бетімен іздендіре отырып, шығармашылыққа баулу, өз ойын ашық, жүйелі жеткізуге үйрете отырып, адамгершілігі мол, Отансүйгіш ұрпақ болып қалыптасуына ықпал ету.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.


2. Үй тапсырмасын сұрау.

3. Өткен сабақты қорыту.

Біз өткен сабақта ұлы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы талантты шәкірттерінің бірі

Ш.Құдайбердіұлының артына қалдырған бай мұраларының бірі – «Еңлік-Кебек» поэмасының оқиғасымен танысқан болатынбыз. Онда біз «Болжау кестесін» толтырып, әр бөліктер бойынша өз ойларыңды айтқансыңдар. Ал бүгінгі сабақта үйге берілген тапсырма бойынша ақын туралы білетінімізді ортаға салып, поэма туралы білгенімізді еске түсіріп, олар туралы қосымша мәліметтерге сүйеніп, білімді қорытындылау, ол үшін зерттеушілердің еңбектеріне сүйенеміз. Эпиграф ретінде Шәкәрімнің мына өлеңімен бастаймыз.

Қайтадан қайырылып,
 Қауымға келмейсің.
 Барыңды-
 Нәріңді-
 Тірлікте бергейсің.
 Ғибрат алар артыңда із қалдырсаң,
 Шын бақыт,
 Осыны ұқ,
 Мәңгілік өлмейсің!



Пысықтау сұрақтары:

- Мұтылғанның өмірі (Өмірі туралы)

Ақын өмірі туралы қысқаша баяндау. Баласы Ахаттың естелігін оқу. Қызы Гүлнәрдің жоқтауын оқу. 1931 жылдан кейін Шәкәрім маңайына қара, қатерлі бұлт төнген еді. Шәкәрімнің туыстары, балалары-Қапыр, Қабыш, Ахат, Зият, Гүлнәрлардың өмірлері аса қиын болды. Мәселен: Қапыр деген ұлы өзін-өзі түрмеде пышақтап өлтірді. Ахат 20 жылдай түрмеде болды. Шәкәрім маңайындағылардың тағдыры осыған ұқсас өтті. Сол Шәкәрім өлген тұста қызы Гүлнәр жоқтау шығарса, ұлы Ахат әкесінің сүйегі жатқан құдыққа арнап өлең шығарды.

Шәкәрім – лирик ақын. Ақын өлеңдері жайлы мәлімет

беру. Өлеңдерін оқу. «Жолама, қулар, маңайға», «Жастарға», «Мақтау мен сөгіс», т.б.

Шығыс әдебиетінің әсері.

Шығыс әдебиетінен аудармалары. Физули «Ләйлі-Мәжнүн».

Орыс әдебиеті өресі.

Орыс әдебиетінен аудармалары. «Дубровский», «Боран».

Шәкәрім – эпик ақын.

Ақын поэмалары туралы сөз. «Нартайлак-Айсұлу», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Еңлік-Кебек», «Мұтылғанның өмірі».


Ш.Құдайбердіұлы(1858-1931)
Туған жері – бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы.
Абай басшылығымен араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгерген.
1905-1906 жылдары Меккеге қажылыққа барған.
Поэмалары: «Нартайлак-Айсұлу», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн», «Еңлік-Кебек», «Мұтылғанның өмірі».

«Еңлік-Кебек» поэмасы

«Еңлік-Кебек»	1891 жылы жазылған.
Оқиға болған жер	Шыңғыстау өңірі, 18 ғасырдың 80 жылдары.
Жанры	Эпикалық –ғашықтық дастан.
Тақырыбы	Екі жастың махаббат трагедиясы.
Идеясы	Қоғамның әділетсіздігіне, озбырлыққа қарсылық.
Өлең құрылысы	11 буынды, қара өлең ұйқасымен жазылған.

Венн диаграммасы

«Қалқаман-Мамыр» «Еңлік-Кебек»



Поэmanın композициялық-сюжеттік құрылысы

Р/с	Оқиға желісі	Оқиға өрісі
1.	Экспозиция	Кебектің Нысан абызға бал ашқызуы.
2.	Оқиғаның басталуы	Кебектің аңға шығуы. Еңлікпен кездесуі.
3.	Оқиғаның дамуы	Кебек пен Еңліктің байланысы.

4	Оқиғаның шиеленісуі	Кебектің Еңлікті алып қашуы, сәбилерінің дүниеге келуі.
5	Оқиғаның шарықтауы	Екі жасты өлтіруге шешім қабылдауы.
6	Оқиғаның шешімі	Екі жастың өлімі, сәбидің тауда қалуы.

Кейіпкерлерге мінездеме бергізу.

I топ	Еңлік – сұлу, намысшыл, қайсар, өз теңін іздеуші, антына адал, ақылды.
II топ	Кебек – батыр, сөзге берік, ержүрек, т.б.
III топ	Кеңгірбай – мінезі қатты кісі, қатыгез, ескі салтты қорғаушы.

ә) Пікірталас ұйымдастыру. «Еңлік пен Кебектің өліміне кім кінәлі?» деген тақырыпта пікірталас жүргізу.

Ру басылары кінәлі.

Екі жастың өздері кінәлі (Әр топ өз пікірлерін қорғап шығады).

Оқушылар пікірі: 1. Екі жастың өліміне, менің ойымша, ру басылары кінәлі. Себебі, ру басылары екі жастың жалындаған махаббатына қарсы болып, оларға келісім бермейді. Ру басылардың пікірінше, екі жастың бұл ісі қылмыс, қателік болды және оларға өз ризашылықтарын бермеді. Егер ру басылары келісім бергенде бақытты да баянды өмір сүрер еді және жас сәбидің өліміне де себепкер болмас еді.

2. Менің пікірімше, бұған екі жас кінәлі деп ойлаймын. Өйткені екі жас ата-анасының келісімінсіз алты айдай кездесіп жүріп, тауға қашып кетіп, балалы да болады. Ата-анасының келісімін алмай, нәтижесінде олардың зардабын сәбилері тартты. Әрбір адам дүниеге келген соң ата-анасының үмітін ақтап, ризалығын алу керек. Сонда ғана барлығы жақсы болады деп ойлаймын.

3. Менің пікірімше, екі жастың өліміне ру басылары кінәлі. Себебі, олар сүйген жандарды қоспай, қарсылық танытты. Бұл меніңше дұрыс емес. Шын сүйген жандарға ақ батасын беру керек еді. Еңлік пен Кебекті ру ақсақалдары өлтіргенше, олар нағыз махаббаттың қандай екенін біліп, бақытты ғұмыр кешті.

«Еңлік-Кебек» поэмасының сюжеті бойынша пьеса жазған кім?

Мұхтар Әуезов. 1917 ж. Ералы жазығында қойылады, қазақ театрының алғаш шымылдығын ашқан туынды.

IX. Сабақты қорытындылау үшін берілетін сұрақтар:

1. Шәкәрім қазіргі заманда өмір сүрсе қандай тақырыпта өлең жазған болар еді?

2. Егер сен автор орнында болсаң шығарманы қалай аяқтаған болар едің?

X.Үйге тапсырма: РАФТ әдісі бойынша «Еңлік-Кебек – адал махаббат құрбандары» атты шығарма жазу.



Самал ҚАСЕНОВА,
№41 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
 Целиноград ауданы,
 Қабанбай батыр ауылы.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ТЕРЕҢДЕТІП ОҚЫТАТЫН ӘДІСТЕМЕЛІК КІТАПША

«Ғылым мен көркем әдебиет адамды білімді етеді, мәдениетін көтереді». Демокрит.

Еліміздің алдында тұрған басты мүдде – өркениетті, қуатты елу елдің қатарына қосылуға қол жеткізу. Ол үшін, ең алдымен, білімді жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру және оқушылардың біліктіліктерін арттыру, әлемдік білім кеңістігінен орын алумен де өлшенеді. Бүгінгі таңдағы көкейтесті бұл мәселе оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, оқу үрдісін жетілдіру, білім мазмұнын жаңарту, жан-жақты дамыған рухани жан дүниесі бай жеке

тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеу ісімен тығыз байланысты. Мен ұстаз ретінде тіліміздің құдіретін, көркемдігін, әдебиетіміздегі ұлы тұлғалар қалдырған жазбаларын бала жүрегіне жеткізіп, әдебиетке деген құштарлықтарын, сезімін оятып, жан жүрегіне әсер етіп, сүйіспеншілігін тудырып, оған тәнті етуге және шығармашылық қабілеттерін арттыруға жол ашқым келеді. Келесі кезекте аталмыш мақсатымды жүзеге асыру жолдарымен бөлісемін.

Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуды мен алғаш рет 5-сыныптан бастадым.

5-сыныпта әдебиетке 5 сағат бөлінген, жылдық сағаты – 170. Негізгі оқу бағдарламасындағы әдебиет сағатынан 2 сағатқа артық. Мен бұл екі сағатты төмендегідей тәртіпте пайдалануды жоспарладым. Бағдарламада қамтылған шығармаларды оқып, талдауға – 130 сағат, шығарма жазып талдауға – 15 сағат, мазмұндама жұмыстарын жазып талдауға – 6 сағат, тіл дамыту жұмыстарына арналған сағат саны – 4, әдебиет теориясын меңгертуге – 15 сағат бөлінді. Осыған орай оқушылардың теориялық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатын көздегендіктен мен Б.К.Сүлейменованың әдістемелік нұсқауы бойынша төмендегідей бағытты ұстандым.

Әдістемелік сабақ жүйесі:

- Лекция.
- Әдеби шығармаларды талдау.
- Арнау – шығармашылық сабақ.
- Жазба жұмыстары.
- Оқушылардың білімдерін түйіндеу.

1. Лекция – бұл сабақта әр тақырыптың теориялық материалы оқытылады. Оқу материалын оқушыларға түсінікті түрде айтуға, рационалды еңбектің әдістеріне үйрету, ең негізгісін бөлуге үйрету. Сызба бойынша ақын-жазушы өмірінен мәлімет бере отырып, шығармаларының маңыздылығын таныту және өз беттерінше сызба жасауға үйрету. Оқытылған тақырыпты өмірмен байланыстыру және осы сабақта оқушыларға шығарманың тақырыбын беру.

2. Әдеби шығармаларды талдау:

- Мәнерлеп оқу;
- Шығарманың мағынасын ашу.
- Әр тармақтың мағынасын ашу.

Өленді СКТ технологиясымен талдау немесе әдеби шығарманың композициялық құрылымын талдау;

- Өмірмен байланыстыру;
- Ұқсас өлеңдермен салыстыру;
- Өзіме не алдым?
- Сен ақынмен келісесің бе?

3. Арнау – шығармашылық сабақ:

- Ақынға арнап айтылған өлең түрін оқыту;
- Мұғалімнің шығармасын оқу;
- Ақынға ізет-құрмет ретінде жазуды көздеу – дарынды балаларға берілетін тапсырма.
- Деңгейлік тапсырмалар:

1. «Япондық өленді» аяқтау;

2. «Адасқан сандар» өлең жолдарын құрастыру.

4. Жазба жұмыстары – оқушыларға бірінші сабақта берілген тақырып бойынша шығарма немесе ой толғау жазу.

5. Оқушылардың білімдерін түйіндеу – осы сабақта өтілген тапсырмаларды қорытындылай отырып, шығарма жұмыстарын талдау және қандай жетістікке жеткеніміз туралы оқушылардың өздеріне түйін жасату.

Осы бағыт бойынша құрастырылған 5-сыныптың күнтізбелік жоспарының үлгісі төменде көрсетілген.

№	Сабақтың тақырыбы	Сабақ түрі	Сағат саны	Мектеп бағдарламасының талабы	Сабақтың мақсаты	Шығармашылық жұмыс
1	С.Торайғыров. «Шілде»	Жаңа сабақ	1	Кейіптеу туралы түсінік беру.	Абай өлеңдерімен салыстыру.	Ой толғау
2	М.Жұмабаев. «Қысқы жолда»	Талдау сабағы	1	Өлең құрылысы туралы, суреттеу құралдары.	Ақын өлеңіндегі жылы лиризм.	Арнау жазу
3	Сағындым	Тіл дам	1			

4.	Ж.Жабаев. «Өтеген батыр»	Жаңа сабақ	1	Жыр жанры туралы түсінік	Мінездеме беру, жыр жанры туралы түсінік.	
6.	С.Сейфуллин. «Ақсақ киік»	Талдау сабағы	1	Эпитет, теңеу туралы ұғым.		ой толғау
6	І.Жансүгіров. «Күй»	Жаңа сабақ	1	Поэманың сюжеттік негізіне алынған күй мазмұны.	Қобызшы тартқан «Бозінген» күйі, қобызшы портреті.	
7	Шығарманың композициялық құрылымы	Талдау сабағы	1			
8	Сазбен тербелген сағымды далада	Ой толғау	1			Арнау жазу
9	М. Әуезов. «Ақын қонақтар»	Кіріспе сабақ	1			Портрет туралы ұғымды дамыту.
10	Әңгіменің тілі	Талдау	1	Әңгіменің эстетикалық қуаты, тіл нәрі, фразеологиялық тіркестер, шешендік сөз қолданыстары.	шығарма	
11	С.Мұқанов. «Лашын»	Жаңа сабақ	1			Әңгіменің тілі, теңеу сөздер мен мақал-мәтелдерді табу.
12	Әңгімедегі халық өнері.	Ізденіс сабақ	1			Шығармадағы әдет-ғұрыптар, салт-дәстүр туралы түсінік.
13	Саятшылық-өмірдің бір қызығы.	Талдау	1			
14	Шығарма. «Құсбегілік»	Ой толғау	1			
15	Ғ.Мүсірепов. «Жаңа достар»	Талдау		Әңгіменің баяндалу түріне тоқталу, сөз саптауларын дамыту.	Әңгімедегі абзал аналар бейнесі, табиғат суреті.	Досына арнау
16 17	Балалар бейнесі. Шығарма «Ана жүрегі»	Ой толғау	1 1			
18	С.Бегалин. «Бала Шоқан»	Жаңа сабақ	1	Оқушылардың сөздік қорын молайту.	Өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет.	«Балалық шақ». Арнау.
19	Шоқанға мінездеме.	Тіл дамыту	1			
20	И.Байзақов. «Жазғы кеш»	Жаңа сабақ	1	Өмірі мен шығармашылығы.	Жаздағы табиғатты суреттеу тәсілі.	арнау

III тоқсан. Күнтізбелік жоспар.

21	Ж.Молдағалиев. «Ар-ұят туралы»	Ізденіс сабақ	1	Қажымұқанның ерен күш иесі екенін көрсету, әңгімедегі адамгершілік мәселесі.	Өлеңде көтеріліп отырған адамгершілік, имандылық, Отансүйгіштік қасиеттерін дамыту.
22	Қ.Әбдіқадыров. «Қар күреген бала»	Ізденіс сабақ	1		
23	С-Петербург, Парижде.	Ізденіс сабақ	1		
24	Мазмұндама. «Шана сүйреген Мұқан»	Бекіту сабағы	1		
25	Қ.Аманжолов. «Дауыл»		1		
26	С.Мәуленов. «Менің Республикам»	Тіл дамыту	1	Оқушылардың ойлау қабілеттерін, сөздерді орынды қолдану қабілеттерін дамыту.	
27	Шығарма: «Менің Республикам»	Ой толғау	1		
28	Қ.Шаңғытбаев. «Сабалақ»	Жаңа сабақ	1		
29	Өлеңнің тарихи сипаты	Талдау сабағы	1		
30	М.Мақатаев. «Фантазия»	Ізденіс сабақ	1	Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру. Өлеңдердегі ақын ойлары мен сезімі.	Образды ойлау, оны көркем сөзбен айшықты жеткізе білу.
31	Барлығы да сендердікі	Тіл дамыту сабағы	1		
32	Жүйріктен жүйрік озар.	Арнау сабағы	1		
33	Шығарма.	Шығармашылық	1		
34	Тесттік жұмыс.	Бекіту сабағы	1	Қысылмай еркін сөйлеу қабілеттерін дамыту.	Тоқсан бойына өтілген материалдарды қайталау.
35	Тіл дамыту.	Ізденіс сабақ	1		
36	Өткенді қайталау.	Қайталау	1		

Күнтізбелік жоспар бойынша автордың өмірбаяны мен шығармашылығына арналған сағаттар жоқ. Тереңдетіп оқыту бағдарламасында таңдаулы ақын, жазушылардың өмірбаяндары мен шығармашылық жолын танытуға арнайы сағаттар бөлінген. Ондағы негізгі мақсат – халқымыздың асыл азаматтарының өмір деректері арқылы олардың шығармаларына оқушылардың қызығушылығын тудырып, білімдерін кеңейту. Сөзіме дәлел ретінде 5-сыныпта өтілген әдебиет сабағының эзірлемесін ұсынамын.

1-САБАҚ. Мұқағали өмірі мен шығармашылығы.

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – оқушыларға ақын өмірінен мәлімет бере отырып шығармаларының маңыздылығын

таныту; *дамытушылық* – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру; *тәрбиелік* – оқушылардың ақын өлеңдеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу.

Түрі: лекция сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, ізденіс, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, ақын портреті, ақынның шығармалар жинағы бойынша көрме, жазушылардың Мұқағали туралы пікірлері.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

2. Жаңа сабақ:

а) Сызба бойынша түсіндіру.

1. М.Мақатаев туралы лебіздер.

2. Ақын образын жасау.

3. Топтау әдісі.

4. Қорытынды.

5. Үйге тапсырма.

6. Бағалау.

Жаңа сабақ:

Мұқағали Мақатаев туралы лебіздер

«Арамыздан тым ерте кеткен тамаша ақынымыз М.Мақатаевтың алғашқы қадамында-ақ оның аяқ алысынан айырықша талант иесі екенін аңғаруға болатын еді». Ә.Тәжібаев.

«Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес. Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы – болашақ ұрпақтардың да өншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы». З.Серікқалиев.

«Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық сарайы деп есептесек, сен соның талантты тасқалаушыларының бірі едің». Қ.Мырзалиев.

Мұқағали образын жасау

МИНЕЗИ

ТІЛІ

ПОРТРЕТІ



ҚОРШАҒАН ОРТАСЫ

Топтау:



Қорытынды бөлім:

«Мұқағалидай ақыны бар халық – бақытты халық» /Ф.Оңғарсынова/.

Олай болса сыршыл ақынның өміршең шығармасымен танысқан сендер сол бақытты ұрпақсындар.

Үйге тапсырма: Поэзия патшасы – Мұқағали өлеңдері мені несімен толғандырады?

Шығармаға дайындық: сөздік қорларын жинақтау.

Бағалау:

2-САБАҚ. М.Мақатаев шығармаларын талдау.

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың мәнерлеп оқу, жаттау дағдысын қалыптастыру, өлеңді теориялық жағынан талдай білуге үйрету; дамытушылық – оқушының сөйлеу тілін дамыта отырып, өз ойын еркін, жатық жеткізе білу және мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру; танымдық – өз бетімен іздене білуге, қосымша материалды іріктей алуына, ой қорытуға үйрету; тәрбиелік – оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, тіл, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге және адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Түрі: ізденіс сабақ. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, түсіндіру, өлеңге теориялық талдау жасау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, ақын туралы айтылған пікірлер жазылған плакат, шығармалар жинағы. **Пәнаралық байланыс:** шешендік өнер.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

3. Шығармаларын оқу:

а) Оқушы мәнерінің сақталуы;

ә) Мағынасын ашу.

4. Өлеңді СКТ технологиясымен талдау.

5. Өмірмен байланыстыру.

6. Салыстыру.

7. Өзіме не алдым?

8. Сен ақынмен келісесің бе?

9. Қорытынды.

10. Үйге тапсырма.

11. Бағалау.

Үй тапсырмасы: «Поэзия патшасы – Мұқағали» өлеңдері мені несімен толғандырады?

- Мұқағали қашан қай жерде туған?

- Осы сұрақты қамтитын қандай өлеңдері бар?

- Мұқағали ағамыздың отбасы жайлы не білеміз?

Жаңа сабақ: «Барлығы да сендердікі», «Фантазия», «Мен таулықпын», «Үш бақытым» өлеңдерін мәнерлеп оқу.

Сұрақтар: - Өлең кімдерге арналып айтылған?

- «Ата ұрпақтар» кімдер? Олардың сендерге қалдырған мұрасы нелер?

- Өздерің оқыған қиял-ғажайып ертегілерді атаңдар.

- Ақын сендердің болашақтарыңа қандай үміт артқан?


Өлеңді СКТ технологиясымен талдау:

Бб бб аб аб аб бб аб бб аб бб аб

Сен-дер-ді-кі ө-мір, қо-ғам, за-ман да,

Сән тү-зе-ген қа-лаң ме-нен да-лаң да.

Бар-лы-ғы да мұ-ра бол-мақ ә-ман-да,



Өлең аты
Өлең шумағына қарай
Ұйқас түріне қарай
Тармақ санына қарай
Буын санына қарай

Буын ережесі айтылады.

Ашық буын

Тұйық буын

Бітеу буын

Ақын шығармаларын өмірмен байланыстыру.

Салыстыру (ақындар өлеңін алу).

«Жұмыр жердің қай түпкіріне барсақ та, Мұқағали алдымыздан шығады. Өйткені халықтың жыры да, пірі де Мұқағали»- деп, Оразақын Асқар айтқандай сен өзіңе не алдың?

Осы пікірді оқыған соң сен ақынмен келісесің бе?

Қорытынды: «Егер ертең туған тілім жоғалар болса, мен бүгін өлуге даярмын» /Р.Гамзатов/.

Үйге тапсырма: Өлеңдердің бірін жаттау.

Келесі сабаққа: «Арнау», ізденіс жұмыстары.

Бағалау.

3-САБАҚ. Арнау.

Сабақтың мақсаты: *білімділік* – оқушылардың білімін одан әрі дамыту, тереңдету, ізденгіштігін арттыра отырып, тіл байлығын молайту; *дамытушылық* – оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту; *тәрбиелік* – оқушылар бойына адамгершілік қасиеттерін дарыту, ақын поэзиясына деген толғаныстарын арнау арқылы жеткізе білуге тәрбиелеу. **Түрі:** шығармашылық сабақ. **Әдісі:** тіл дамыту, өлең шығару.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

3. Арнау жазу (1-деңгей).

4. «Япондық өлеңді» аяқтау (2-деңгей).

5. Адасқан сандар (3-деңгей).

6. Қорытынды.

7. Үйге тапсырма.

8. Бағалау.

Үй тапсырмасын сұрау:

- Өлеңді мәнерлеп оқуын, дауыс ырғағын тексеру.

- Шығармаға дайындық мақсатындағы оқушылардың жинақтаған сөздері, сөз тіркестері, сөйлемдері тексеріледі.

Жаңа сабақ: - Балалар, біз поэзия патшасы – Мұқағали ағамызбен таныстық. Енді ағамызға арнап өлең шығарып көрейік.

Үлгі ретінде мұғалім шығармасы: Елімнің ұлы ақыны,
Қазақтың ең асылы.
Мұқағали ағамыз.
Өшпес мұра қалдырған,
Кейінгі ұрпақ біздерге..

Ұсыныс: ақынның шығармасына ортақтасқандай, ағамызға қаратылып айтылған өлең түрінде, ақынға ізет-құрмет ретінде айтылады.

1-деңгей.

«Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
.....

Отқа түсіп өртенсем не етер едің?
.....

Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
.....

Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?

2-деңгей

15 Қалған-ау	9 мамық	6 бұлт	1 анау	8 жадау
4 бақ	12 қыс	3 мынау	13 та	10 ұшты
2 аспан	5 аспанда	14 келіп	7 бақ	11 кылаулап

Қорытынды:

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім мен де бірге өшемін». Ә.Тәжібаев.
Тілімізді қадірлеп, қастерлейік, балақайлар!

Үйге тапсырма: «Тіл құдіреті» /шығармаға дайындық/.

Бағалау.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Сағыныш БЕГАЛИНА,
Еңбекту орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы.

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: фразеологизмдерден алған білімдерін тиянақтау. Деңгейлік тапсырмалар арқылы тұрақты сөз тіркестерінен алған білімдерін тереңдету, сөз құдіретін терең түсініп, орынды қолдана білуге, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын түрлері, суретпен жұмыс, мәтін құрау. **Көрнекілігі:** тақырыпты ашуға арнап салынған суреттер (жыл мезгілдерінің, төрт түлік малдың, адамның бейнесі), тірек-сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру. Оқушылар бір-бірлеріне тұрақты тіркестерді қатыстырып сәлем жолдайды.

II. Қайталау – білім анасы.

1. Лексика нені зерттейді? 2. Тұрақты тіркестер дегеніміз не? 3. Тұрақты тіркес пен еркін тіркестің арасында қандай айыр-машылық бар? 4. Олардың қандай ортақ белгілері бар? 5. Антонимдес тұрақты тіркестер ойлап табындар. 6. Синоним болатын тұрақты тіркестер айтындар.

I деңгей.

1-тапсырма. Сызбаны үлгі бойынша толтырындар.

№	Еркін сөз тіркестері	Тұрақты тіркестер
1	Асанның атасы шұбар тайға таңба	Алматтың жазуы тайға таңба
2	басты.	басқандай анық еді.
3

2-тапсырма. Мына сөздердің фразеологиялық синонимдерін жазыңдар.

1. Бақытты – 2. Анық –
 3. Алыс – 4. Әдемі –
 5. Жылдам – 6. Ұйықтамады –

II деңгей.

1-тапсырма. Төмендегі фразеологизмдердің мағынасын білдіретін сөздерді жаз.

1. Төбесі көкке жетті – 2. Бармағын тістеді –
 3. Жермен жексен етті – 4. Қол ұшын беру –
 5. Жүрегінің түгі бар – 6. Зәресі ұшты –
 7. Ит өлген жер – 8. Жұмған ауызын ашпау –

2-тапсырма. Сәйкестендіру тесті. Тұрақты тіркестердің антонимдерін тауып белгілеңіздер.

1	Жүрек жұтқан	Мандайынан сипады
2	Ит терісін басына қаптады	Су жүрек
3	Ат ізін салмады	Қозы көш жер
4	Дүние есігін ашты	Ат ізін құрғатпады
5	Ит өлген жер	Дүниеден өтті
6	Күн құрғатпай келу	Жол кесу
7	Айы оңынан туды	Ат ізін салмау
8	Жол ашу	Жолы болмады

III деңгей. Ойын. «Кім көп біледі?». Сурет бойынша жұмыс.

1. Адамның бет-әлпеті: мұрынына, ауызына, маңдайына, тіліне, тісіне, жағына, т.б. қатысына қарай тілімізде қалыптасқан тұрақты тіркестерді айту.

2. Төрт түлік мал, олардың жеке түрлерімен байланысты толып жатқан тұрақты тіркестер бар. Мысалы: тайлы-тұяғымен келу, қой бастаған серкедей, т.б.

3. Жыл мезгілдеріне байланысты айтылатын тұрақты тіркестер. Мысалы: Жаз – аспан айналып жерге түсті. Қыс – түкірігі жерге түспейді. Күз – түнере қалды. Көктем – май тоңғысыз.

IV деңгей. 121-жаттығу. «Менің досым» тақырыбына партада қатар отырған екі оқушы бір-біріне мінездеме жазады. Ішінде тұрақты тіркес болуы керек. Тұрақты тіркестің мағынасын ашу.

III. Бекіту. Венн диаграммасы.

Еркін тіркес	Ортақ белгілері	Тұрақты тіркес
1. Сөздердің орындары ауыса береді. 2. Құрамындағы сөздердің әрқайсысы жеке мағынаға ие.	1. Екі немесе бірнеше сөзден жасалады.	1. Бір ғана мағынаны білдіреді. 2. Орынын ауыстыруға болмайды. 3. Басқа тілге еркін аударуға келмейді.

IV. Бағалау.

V. Үйге тапсырма. Тұрақты тіркестерді қатыстырып мәтін құрау.



Шынар ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫ,
№14 орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Қарағанды облысы,
 Қарқаралы ауданы,
 Жаңатоған ауылы.

САН ЕСІМНІҢ ЕМЛЕСІ


(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға сан есімнің емлесі туралы мағлұмат беру және түсіндіру; білімдерін кеңейту, сан есімдерді дұрыс жаза білуге үйрету; **дамытушылық** – тіл байлықтарын, сөздік қорларын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, оқу және жазу сауаттылықтарын дамыту; сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды белсенділікке, әдептілікке, бір-бірінің пікірін тыңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, іздену. **Көрнекілігі:** тірек-сызбалар, кәртішкелер, логикалық тапсырмалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, математика, тарих.

Барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

- Оқушылармен амандасу, түгелдеу.
 - Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.
- Үй тапсырмасын тексеру.*
162-164-жаттығулар. «Топтастыру» әдісі.



Сан есімнің түрлері: есептік, жинақтық, бөлшектік, реттік, топтау, болжалдық.

Ой шақыру.

- Балалар, сан есім туралы алдыңғы сабақтарда өттік.

Сан есімнің емлесін кім айтады?

Жаңа сабақ.

Мұғалім қысқаша түсіндіріп, толықтырып өтеді.

1. Күрделі сан есімнің сыңары бөлек жазылады. Мысалы: жиырма бес, он алты.

2. Цифрмен берілген сан есімдерге жалғанатын жалғаулар дефис арқылы жазылады. Мысалы: 70-ке толды, 30-дан асты.

Реттік сан есімдер араб цифрмен таңбаланғанда, *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағының орнына дефис қойылады. Мысалы: 6-сынып, 5-қатар.

Рим санымен берілгенде дефис қойылмайды. Мысалы: VI сынып, XXI ғасыр, V том.

5. Жыл, ай, ғасыр, күннің ретін білдіретін сан есімдер араб цифрмен берілсе де, дефис қойылмайды. Мысалы: 2001 жыл, 22 наурыз, 16 желтоқсан.

Екі, алты, жеті есептік сан есімдеріне жинақтық сан есімнің *-ау, -еу* жұрнағы жалғанғанда, түбір соңында *[ы, і]* дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: екеу, алтау, жетеу.

Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда, олардан кейін келетін қосымшалар дефис арқылы жазылады. Мысалы: 100-дей, 10-даған, 10-дап.

Мәтінмен жұмыс. 165-жаттығу. Мәтінді оқып, сан есімдердің жазылуы мен мағыналық түрлерін талдаңдар. Үлгі: бір, екеуі, төрт-бес.

Дәптермен жұмыс. 166-жаттығу. Сан есім емлесіне қатысты ережелерді еске түсіріп, қатесін түзетіп жазыңдар. Мысалы: үшінші қызы, 2003 жыл, 111 таңба, 500-ден астам.

Деңгейлік тапсырмалар.

I деңгей. Төмендегі цифрмен берілген сан есімдерді дара және күрделі түрлеріне қарай топтастырып жаз. 45, 7, 12, 100, 265, 40

I деңгей. Берілген мақалдардағы көп нүктенің орынына сан есімді қойып, көшіріп жаз.

Ер жігіт рет өледі, қорқақ ... рет өледі. ... жүйрік, ... тұлпар. ... сөздің тобықтай түйіні бар.

II деңгей. Жазумен берілген есептік сан есімдерден реттік, болжалдық, жинақтық сан есімдерді жаз. Сексен, он бір, отыз, жеті, бес. Үш-төрт сөйлем құра.

II деңгей. Сөйлемдердегі реттік сан есімдердің тыныс белгілерін дұрыс қойып жаз. Мен 7 сыныпта оқимын. Ол 5-қатарда отырады. Үйге 30- есеп берілді. Аружан 4-сыныпта оқиды.

III деңгей. Сан есімдердің түрлерін қатыстыра отырып, «Математика сабағында» атты тақырыпқа шағын ойтолғау жаз.

Логикалық тапсырма.

Аулада бірнеше қойлар жайылып жүр. Әр қойдың қасында 6 қойдан. Барлығы неше қой? Жауабы: жеті.

Жеті санына байланысты мақал-мәтелдер айтыңдар.

Қорытынды. Сан есімдері бар мақал-мәтелдер мен жұмбақтар айтыңдар. Сонымен, балалар, сан есімдерді қолданғанда, үнемі сан есімнің емлесіне назар аудару керек.

Үйге тапсырма: 168-жаттығу. Сан есімдері бар өлең шумақтарынан үзінді жазып келу.

Оқушылардың білімін бағалау.

Нұрболсын ҚАМЫСПАЕВА,
Матайқұм орта мектебінің мұғалімі.

Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Дияр ауылы.

САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ

Сабақтың мақсаты: сан есім туралы түсінік беру. **Міндеттері:** **білімділік** – жаттығу жұмыстарын орындату арқылы сан есімдердің өмірде қолданылуы жайлы түсініктерін кеңейту; **дамытушылық** – оқушылардың сөз байлығын, ойлау қабілеттерін, салыстыра айыра білу қасиеттерін, пәнге деген қызығушылығын дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, адамгершілік қасиеттер мен эстетикалық дағдыларын, білімге деген құштарлығын арттыру. **Түрі:** ертегі сабақ. **Әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, жаттығу жұмыстары және оларды талдау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, кестелер, сызбалар, оқулық, жұмыс дәптері.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

Қазақ тілі – өз тілім, ана тілім.

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім.

Міне, балалар, кемеңгер, ғұлама ақындардың тілі – туған тіл – қазақ тілі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Ерте, ерте, ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қазақ тілі жерінде, Морфология елінде Сөз таптары деген қария өмір сүріпті. Оның зат есім, Сын есім, Сан есім, Есімдік, Етістік, Үстеу, Шылау, Одағай, Еліктеуіш сөз деген батыр әрі халқына адал қызмет еткен, мейірімді, қайырымды тоғыз ұлы болған екен. Күндердің күнінде өз алдына кеткен тоғыз ұлын сағынып, қария жолға жиналады. Бір күні сөз табы қариясы жолда келе жатса, жалғыз көзді дәуге кезігеді. Жалғыз көзді дәу қарияға бірнеше сұрақтар беретіндігін айтады, егер жауап берсе, сүйікті ұлдарына жіберіп, жауап бере

алмаса, биік жартастан лақтырып жіберетіндігін ескертеді. Қария абдырап, қойылған сұрақтарға жауап іздейді.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген, балалар, бізде қарап отырмай қарияның жалғыз көзді дәуден құтылып шығуына көмек етейік.

1. Зат есім дегеніміз не? 2. Деректі және дерексіз зат есім дегеніміз не? 3. Сын есім дегеніміз не? 4. Негізгі сын есім дегеніміз не? 5. Туынды сын есім дегеніміз не? 6. Сын есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

- Міне, балалар, сендер сұраққа жауап беру арқылы, қарияның жалғыз көзді дәуден аман-есен құтылып шығуына көмектестіңдер.

Қария жалғыз көзді дәуден құтылғанына қуанып, көмек көрсеткен балаларға алғыс айтып, одан әрі жол жүріп кетеді. Көп ұзамай, өзіне серік болар үшінші ұлын іздеп жолға шығады. Үшінші ұлының атын мына ребус арқылы табайық.

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Ребус шешу.

Қарияның үшінші ұлы сан есім шаһарын аралап, жақынырақ танысқысы келеді. Біз де сөз табы атаймен бірге Сан есім шаһарымен жақынырақ танысайық. Олай болса, балалар, біздің бүгінгі жаңа тақырыбымыз – «Сан есім».

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешеу? нешінші? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын **Сан есім** дейміз.

Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, тікелей зат есіммен тіркесіп қолданылады. Мысалы, Бұл Жамбыл жасап отыр тоқсан жасты (Жамбыл) деген сөйлемде тоқсан деген сан есім (неше?) жас деген зат атаулының санын білдіріп тұр. Кейде сан есімдер зат есімсіз-ақ жұмсала береді. Ондай сан есім әрі заттық мағынаны, әрі сол заттың санын, мөлшерін білдіріп тұрады. Мысалы, Тоқсаннан әрі кетті, жүзге де асты (Жамбыл) деген сөйлемде тоқсаннан жүзге деген сан есімдер әрі заттық ұғымды (тоқсан жастан және жүз жасқа), әрі оның мөлшерін, санын білдіріп тұр.

Жаттығулармен жұмыс. 156-жаттығу. Мәтін мазмұнынан сан есімдерді табындар да, оларды тіркескен сөзімен бірге цифрмен жазындар.

157-жаттығу. Жаңылтпашты оқып, айтып үйреніңдер. Сан есімдерді қатыстырып, өздерің де осындай жаңылтпаш құрастырып көріңдер.

Сергіту сәті (Жұмбақтар әлеміне саяхат)

Айболда бес өрік,
Нұрболда екі өрік,
Барлығын қосқанда
Болады неше өрік? (7 өрік)
Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Алақанды ашамыз,
Бесті беске қосамыз.
Кел, санайық ал мұны,
Қанша болады барлығы? (10 саусақ)

Сөз құрамынан сан есімді тауып цифрмен жазыңдар.

Үлгі: түбір – тү+1... Кекіл – (к+2+л). Күшік – (к+3+ік).
Дербес – (дер+5). Балтыр – (б+6+р). Жетік – (7+к).
Сегізкөз – (8+көз). Бірлік – (1+лік).

Көп нүктенің орынына тиісті санды қойып жұмыс жасау, мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер.

..... ала болса, ауыздағы кетеді, түгел болса, төбедегі келеді.
Ер жігіттің сөйлегені өлгені. ... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
... теңге болғанша, ...досың болсын. Білекті ... жығады, Білімді ... жығады. Алыстан.... жастағы бала келсе, жастағы қарт келіп амандасады.

Мәтіннен сан есімдерді табыңдар (ауызша).

Балаларымды ойыншық дүкеніне ертіп әкелдім. Мол дүниенің ішіне кірген соң, ұлдарым есі шығып кетті. Дүкен іші - машина, ұшақ, зымыран, арыстан, маймыл, т.б. ойыншықтарға толы екен. Балаларым бірін алды, екіншісін тастады, ақыры таңдау кезегіне де жетті. Қолтықтарына бір-бір автоматты қысып алған. «Осыны алдык», - деп еңтігіп тұр. Мен бұлардың әдетін жақсы білемін. Дәл осындай екі автоматты жаздығүні ғана әпердім. Бірі қашып, бірі қуып екі күн атысқан. Әбден берекемізді кетірген. Үшінші күні автоматтың батериясы таусылған соң ғана тыныш тапқанбыз.

- Автоматты алмайсыңдар!- деп кесіп айттым. Қолайлы

ойыншық іздедім. Екеуі автоматтарын құшақтаған күйі қыңқылдап соңымда жүр.

- Енді бұзбаймыз, ақымақ болмаймыз,- дейді.

Тапсырма. Әрқайсысымыз орынымызда отырып, сан есімді қатыстырып, екі-екіден сөйлем құрайық.

- Міне, балалар, біз де Сөз табы қариясымен бірге Сан есім шаһарын аралап, өзіндік ерекшелігімен таныстық.

Қария үшінші ұлына деген сағынышын, мауқын басып, тұрмысымен танысып, ризашылығын білдіріп, кейінгі ұлдары да қандай жағдайда өмір жатқанын көрейін, білейін деп жолға шығады.

Сан есім шаһарынан шығып, жаяу келе жатса, үлкен бір қазына аралына тап болады. Аралда үлкен құлыптаулы сандық тұрады. Сандықты ашайын десе ашылмайды. Ол үшін тағы сұрақтарға жауап беру керек.

IV. Бекіту сұрақтары: 1. Сан есім дегеніміз не? 2. Сан есім қандай сұрақтарға жауап береді? 3. Сан есімдердерге мысал келтір.

V. Үйге тапсырма: ережені жаттау, 158-жаттығу.

VI. Оқушыларды бағалау.



Айгүл СЕНҒАЛИЕВА,
№40 жалпы орта білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

СӨЗ ТІРКЕСІН БІЛДІРЕТІН СИНТАКСИСТІК ҚАТЫНАСТАР

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін қайталау арқылы синтаксистік қатынастарды

менгерту, анықтауыштық қатынасқа байланысты оқушылардың білімдерін тиянақтау; **дамытушылық** – оқушылардың ауызша және жазбаша стильдерін дамыту, сөйлеу тілдерін қалыптастырып, жұмыс жүргізулерін, логикалық ойлау қабілетін дамыту, түрлі әдістер арқылы шығармашылық іскерліктерін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ұлттық дәстүрлерді бағалай білуге, халқын, салтын сүюге шақыру. Өз заманымыздың озық ойлы, кең өрісті мәдениетті азаматын тәрбиелеу. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, тест, топтық жұмыс. **Көрнекілігі:** сызба кестелер, үлестірмелі кәртішкелер, тақырыптық слайд.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: сәлемдесу, түгелдеу, даярлықтарын тексеру, үш топқа бөлу. «Анықтауыш» тобы, «Пысықтауыш» тобы, «Толықтауыш» тобы.

II. Өткен тақырыптарға шолу. Шеңбер бойымен сұрақтарға жауап беру.

III. Жаңа сабақ. *Кітаптағы сызбаға қарап, қандай қатынас түрлері барын табу.*

Сөз тіркесіне тән синтаксистік қатынастар		
Анықтауыштық қатынас	Толықтауыштық қатынас	Пысықтауыштық қатынас
Қабыса, матаса байланысқан тіркестер	Менгеріле, қабыса, жанаса байланысқан тіркестер	Менгеріле байланысқан тіркестер
<i>Алтын (қандай?) алқа, алты (қанша?) үй, анамның (кімнің?) сөзі.</i>	<i>Ауылға (қайда?) бару, үйден (қайдан?) шығу, сөзімен (қалай?) қуантты, әдегі көру үшін (не мақсатпен?) келді.</i>	<i>Үйді (нені?) көрді, анаммен (кіммен?) сөйлестім, Айнұрдан (кімнен?) сұрадым.</i>

Сөйлемге тән синтаксистік қатынас – бастауыш-баяндауыштық қатынас.

Тіркестердің қиыса байланысуы бастауыш пен баяндауыштың арасында болады. Мысалы: Арман орындалады. Абай – ақын. Ол кетті.

Енді осы бар білгенімізді топтағы көршілерімізбен ақылдаса отырып, топтық жұмысты орындайық.

1. «Анықтауыш» тобына анықтауыштық қатынасты;
2. «Пысықтауыш» тобына пысықтауыштық қатынасты;
- 3.

«Толықтауыш» тобына толықтауыштық қатынасты жан-жақты зерттей отырып постер қорғау (жұмыстану үшін 10 минут, қорғау үшін әр топқа 3 минут).

IV. Жаттығу жұмыстары. Оқулық бойынша әр топқа жаттығу жұмыстары: 265, 266, 267-жаттығулар.

Сергіту сәті: оқулықтағы 269-жаттығуды орындау.

Кім тауып оқи алар екен?

Жоғарыдағы сызықтарға ел, халық туралы сегіз мақал жазылған. Сызық бойымен сызғышты жүргізе отырып, сол мақалдарды тауып, кім оқи алар екен? (Қосу белгісі нүкте орынына жүреді)

1. Берекелі жерден мереке кетпес.
2. Халық айтпайды, халық айтса, қалт айтпайды.
3. Ел іші - алтын бесік.
4. Өзбек – өз ағам.
5. Орыс бар жерде қоныс бар.
6. Адассаң елмен адас.
7. Кеңес қылған ел азбас, Кеңінен пішкен тон тозбас.
8. Елде түлкі аштан өлмес.

Тест тапсырмасы. I нұсқа.

1. Етістікті тіркесті тап:

- A) Жақсының ашуы; B) Басы жеткенше;
C) Жаманның ашуы; D) Жаманның басы.

2. Тұрақты сөз тіркесін тап:

- A) Дархан дала; B) Ғұмырнама;
C) Мұзға отырғызып кету; D) Кедей-кепшік.

3. Толықтауыштық қатынасты тап:

- A) Пайда ойлама – ар ойла; B) Өзің үшін үйрен;
C) Тағы да келді; D) Түс ауа қозғалды.

4. Қандай байланыс түрі? *Мен естідім.*

- A) Матасу; B) Жанасу; C) Қиысу; D) Меңгеру.

5. Меңгеруді тап:

- A) Сынға түсті; B) Біздің өлке; C) Аман келді; D) Кең дала.

6. Байланыс түрлеріне қатысты талдаудың қайсысы дұрыс емес? A) Тоғыз адам – қабысу; C) Оқуға лайық – меңгеру;

- B) Кең бөлме – жанасу; D) Алатаудың Жамбылы – матасу.

7. Берілген ретіне қарай сөз тіркестерінің байланысу түрін анықта: ағаштың бұтағы, хат алу, қалың орман.

- A) Матасу, қабысу, жанасу; C) Қабысу, меңгеру, жанасу;

В) Меңгеру, қиысу, қабысу; D) Матасу, меңгеру, қабысу.

8. Есімді тіркесті тап:

A) Үлкен үй; В) Он шақты; С) Тағы да келді; D) Онға толды.

9. Анықтауыштық қатынасты тап:

A) Асығып сөйледі. В) Балуанмен күресті.

C) Бұлардың жағдайлары. D) Ғалымнан басқа.

10. Пысықтауыштық қатынасты тап:

A) Жаман әдет; В) Жақтырмай қарау;

C) Қатты қағаз; D) Жылқыны бағу.

II нұсқа.

1. Етістікті тіркесті тап: A) Әжемнің дауысы;

B) Мұғалімге қарады; C) Асанның дәптері; D) Тәртіпті оқушы.

2. Тұрақты сөз тіркесін тап:

A) Қоян жүрек; В) Бәйтеректі көрді;

C) Барымен базар; D) Атадан сұрау.

3. Толықтауыштық қатынасты тап:

A) Ойын – арзан, күлкі – қымбат; C) Досыммен кездестім;

В) Мектеп қыздары; D) Түс ауа қозғалды.

4. Қандай байланыс түрі: Боранды түнде.

A) Матасу; В) Жанасу; C) Қабысу; D) Меңгеру.

5. Меңгеруді тап:

A) Қара торы; B) Кітап оқы; C) Аман келді; D) Кең дала.

6. Синтаксистік қатынасты талдаудың қайсысы дұрыс емес?

A) Үлкен жіп – қиысу; C) Оқуға лайық – меңгеру;

В) Телефон арқылы сөйлесті – жанасу;

D) Алатаудың Жамбылы – матасу.

7. Берілген ретіне қарай синтаксистік қатынастың түрін анықта: Ағаштың бұтағы, хат алу, қалың орман.

A) Анықтауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық.

В) Пысықтауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық.

C) Анықтауыштық, анықтауыштық, анықтауыштық.

D) Толықтауыштық, анықтауыштық, анықтауыштық.

8. Есімді тіркесті тап:

A) Биік үй; В) Он шақты; C) Тағы да келді; D) Онға жетті.

9. Анықтауыштық қатынасты тап:

A) Асығып сөйледі. В) Балуанмен күресті.

C) Акша бұлт. D) Ғалымнан басқа.

10. Пысықтауыштық қатынасты тап: A) Жаман әдет;

B) Кеше келді; C) Қатты қағаз; D) Жылқыны бағу.

III нұсқа.

1. Етістікті тіркесті тап. A) Шапшаң тұру; В) Мәнді сөз;

C) Баланың тілі; D) Ұлттық киім.

2. Тұрақты сөз тіркесін тап: A) Атадан алтау; B) Су жүрек;

C) Менің жүрегім; D) Ақ бидай.

3. Толықтауыштық қатынасты тап:

A) Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен; C) Жас қала;

В) Маңызды сауда; D) Бұл жер.

4. Қандай байланыс түрі? Ол – студент.

A) Матасу; В) Жанасу; C) Қиысу; D) Меңгеру.

5. Меңгеруді тап: A) Хатты алу; В) Он сегіз;

C) Жұмған ауызын ашпау; D) Кең дала.

6. Синтаксистік қатынасты талдаудың қайсысы дұрыс емес?

A) Үлкен жіп – қабысу; C) Оқуға лайық – меңгеру;

В) Телефон арқылы сөйлесті – жанасу;

D) Алатаудың Жамбылы – қиысу.

7. Берілген ретіне қарай синтаксистік қатынастың түрін анықта: Туған жер, оның ісі, мейірімді ана.

A) Анықтауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық.

В) Пысықтауыштық, толықтауыштық, анықтауыштық.

C) Анықтауыштық, анықтауыштық, анықтауыштық.

D) Толықтауыштық, анықтауыштық, анықтауыштық.

8. Есімді тіркесті тап:

A) Кең дала; В) Он тоғыз; C) Тағы да келді; D) Онға жуық.

9. Анықтауыштық қатынасты тап:

A) Асығып сөйледі; В) Балуанмен күресті;

C) Жапырақтың сарысы; D) Ғалымнан басқа.

10. Пысықтауыштық қатынасты тап:

A) Жаман әдет; B) Кеше тасыды;

C) Қатты қағаз; D) Жылқыны бағу.

I нұсқа. 1.В. 2.С. 3.А. 4.С. 5.А. 6.В. 7.Д. 8.А. 9.С. 10.В.

II нұсқа. 1.В. 2.А. 3.С. 4.С. 5.В. 6.А. 7.А. 8.А. 9.С. 10.В.

III нұсқа. 1.А. 2.В. 3.А. 4.С. 5.А. 6.Д. 7.С. 8.А. 9.С. 10.В.

«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе»

Берік НҰРМҰХАНОВ,
Бөгенбай батыр атындағы
орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Ерейментау қаласы.

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – Абайдың табиғат лирикасы туралы түсінік беру, оның мән-мағынасына мән бере отырып талдау жасау, әдебиетке алып келген соны жаңалығын тани білу; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру арқылы білім көкжиегіне жетелеу; **тәрбиелік** – оқушылардың көркемөнер дүниесіне сүйіспеншілігін арттыру, әдемілікті түйсінуге, туған табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Типі:** жаңа сабақты меңгеру. **Түрі:** аралас. **Әдісі:** баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, көрнекілік, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** ақын портреті, табиғатты бейнелейтін суреттер, тірек-сызбалар, интербелсенді тақта. **Пәнаралық байланыс:** бейнелеу өнері, саз өнері, қазақ тілі.

Сабақтың барысы.

а) Ұйымдастыру.

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?

Өлең - сөздің ұқсаған құдіретіне.

Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған

Өр Абайдың төтеген кім бетіне?

Терең ойдың түбінде теңізі бар,

Тесіле кеп қарасаң көңіл ұғар.

Сол тереңге сүйсініп жан үңілмей

Есіл сабаз ызамен өткен шығар.

- Балалар, біз бүгін қазақ әдебиетінің жүз жасаған бәйтерегі – Жамбыл айтқан «Абай тереңіне» сүйсініп, тұңғыық сырларына үңілуге тырысамыз. Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – Абай өлеңдерін оқи отырып, оның мән-мағынасына үңілу, оның шығармаларын жаңа қырынан тану, өзге ақындарға ұқсамайтын, әдебиетке алып келген соны жаңалығын тани білу.

Үй тапсырмасын тексеру.

Жаңа сабақты бастамас бұрын, біз Абай туралы, оның шығармашылығы жайлы не білеміз, соны еске түсірейік. Сонымен, Абай кім? (сұрақ-жауап және тірек-сызба әдістері арқылы Абай өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет алу)

а) Оқушылар «Абай өмірбаяны» тірек-сызбасы бойынша сөйлейді. 3-слайд

ә) «Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы... Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Абайтану есігі кімге де болса, ойы мен пікірі бар оқырманның бәріне ашық», - деген жолдардың авторы Серік Қирабаев келер ұрпақтың Абай шығармаларын оқитындарына кәміл сенеді.

Оқушыларға «Абай шығармашылығы туралы» үлестірме парақшалар беру, екі оқушы тақтада Абайдың «Адам болу» қағидасы кестесін орындайды.



4-слайд. Абай шығармашылығы туралы не білеміз?

Абайдың шығармашылық өмірі – қазақ әдебиеті тарихының кіндік тұтқасы... Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Абайтану есігі кімге де болса, ойы мен пікірі бар оқырманның бәріне ашық. С.Қирабаев.

1. Абай – сазгер, оның әндері – «Сегіз аяқ», «Желсіз түнде жарық ай», «Татьянаның хаты»... Абайдың күйлерін атап бере аласың ба? («Торы жорға», «Май түні», «Абайдың желдірмесі»).

2. Абай И.Крыловтың қандай мысалдарын аударған? («Шегіртке мен құмырсқа», «Есек пен бұлбұл», «Бақа мен өгіз», «Қанден мен піл»).

3. «Дүние де өзі, мал да өзі» деп ұлы ақын нені айтқан? (Ғылым)

4. Абайдың қазақ поэзиясына қосқан өлеңдерінің ішіндегі мазмұнына түрі сай, ең бір күрделі де көркем шығармасы қалай аталады? (Сегіз аяқ).

5. «Қара сөздерді» тағы қалай атаймыз? Қара сөздерінің саны қанша? («Ғақлия», 45).

6. Абай поэмаларын ата. («Ескендір», «Масфұт», «Әзім әңгімесі»).

5-слайд. Оқушылар жауабын қорытындылау. Интербелсенді тақтадан дұрыс жауаптарын көрсету.

6-слайд. Суреттер арқылы Абай бейнесін жасау.

Теңіз – Абайдың ақылы, білімі теңіздей терең. Гүл – ақын сезімі гүлдей нәзік. Тау – халық адамы, қайратты. Жүрек – жүрек жылуын халқына арнаған. Жұлдыз – қазақ халқының жарық жұлдызы. Күн – күн сәулесі іспетті әлем таныған ақын. Ай – қараңғыда жол көрсететін көшбасшы, данышпан.

Жаңа сабақ: Оқушылар назарын суретке аудару.

- Балалар, мына суреттерден біз не көріп тұрмыз? (Оқушылар жауабы тыңдалады).

Осы суреттердегі ортақ нәрсе не? Әрине, барлық суреттерде табиғат бейнеленген.

7-слайд. «Абай лирикасы». Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Абайдың табиғат лирикасы (сабақ тақырыбын, ай мен күнді жазу) (Интербелсенді тақта)

№8 слайд. Абайдың табиғат лирикасы (Дәптерлеріне жазғызу) «Жаз», «Күз», «Қыс», «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Жазғытұры», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Желсіз түнде жарық ай».

Мұғалім: - Біз бүгін бағдарламаға сәйкес Абайдың табиғат туралы «Қыс», «Күз», «Жаз», «Желсіз түнде жарық ай», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңдерін оқып, талдау жасаймыз.

Абайдың табиғат лирикасы – ақындық шеберлікпен жазылған сұлу, сырлы жырлар. Жыл мезгілдерін сипаттайтын өлеңдерінде оқушының көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келеді: жайқалған бәйшешек, «көгөрай шалғын» мен «күркіреген өзені» бар, тамылжып тұрған шыбынсыз жаз да сонда, ақ түтек бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қытымыр қыс та сонда, аспанын бұлт торлап, гүлі солған, сарғыш даласын шаң басқан, сұрғылт күз де сонда. Табиғат туралы әр өлеңінде ақын әуелі табиғат көріністерін суреттейді, ізінше сол көрініске бөленген қазақ ауылының тіршілік кәсібіне, шаруа жайына көшеді. «Жаз» өлеңінде күркіреп жатқан өзеннің көгөрай шалғын жағасына көшіп барып, қонып жатқан ауыл, ақ білегін сыбанып, үй тіккен қыз-келіншектер суреттелсе, «Қыс» өлеңінде шидем мен тон қабаттап киіп, оранып алса да, долы боранға «бет қарауға шыдамай, сырт айналып», мұз жастанған жылқышылар, бет-ауызын үсік шалған жас балалар, суық өтіп, титығы құрыған жылқылар, айналада жортып жүрген аш қасқырлар көз алдымызға келеді.

Табиғат лирикасына арналған өлеңдерін оқу. (Оқушыларға өлең мәтіндерін беру, мәнерлеп оқыту).

9-10-слайдтар.

Мұғалім: - М.Әуезов табиғат туралы өлеңдеріндегі Абайдың енгізген жаңалығын былай атап көрсеткен болатын:

1. Табиғат көріністерін динамикалы түрде көрсетеді.

«Қыс» өлеңі. Абайға дейін қазақ поэзиясында қысты тірі жанды, бейнелі етіп сипаттаған ешкім жоқ. «Қылышын сүйретіп қыс келді» деген жалғыз метафора болмаса, қысты адам етіп, оның ішінде шал етіп суреттеген ешкім жоқ.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр-мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.

Жансыз дүниені жанды етіп суреттеу қалай аталады?

2. Табиғат көріністері Абай заманымен үндесіп, сол кездегі халықтың жай-күйінен хабар береді. Адамның сезімін, іс-әрекетін табиғат ортасында береді.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, құрай.
Біреу малма сапсиды, салып иін,
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

3. Абайға дейін тауды бейнелегенде «бұлғыр-бұлғыр тау», «асқар-асқар таулар» деп жалпылап қана айтылатын. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде тау бейнесі жаңаша берілген. Оның әрбір тасы, ой-қыры анық, дәл беріліп, тұтас оқиғаны көз алдымызға әкеледі.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,
Тастан түлкі табылар аңдығанға...
... Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.

Оқулықпен жұмыс. Абайдың қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығы туралы оқулықтарында не жазылған екен? Оқу. 114-бет.

Мұғалім: - Тақтадағы сөздердің мағынасын анықтап көрейік (11-слайд). Оқушылар берілген сөздердің мағынасын білгендерінше айтады. 12-слайдты ашып, жазғызу.

Сөздік жұмысы: 1. Малма – тері илейтін ашытқы, иге салатын теріні асты-үстіне шығарып, араластыру. 2. Шуда жіп – түйенің шудасынан иірілген жіп. Оны әжелер ұршықпен иірген. 3. Шомшы – түйемен жүк тасушы адам. 4. Күзеу – көшпелі халықтың күзде

отыратын қонысы, жайылымы. 5. Ұшпа – жеке, шоқ бұлт. 6. Шидем – қойдың жабағысынан тігіп, сыртын матадан қаптаған киім. 7. Аяңшыл – ат. 8. Қансонар – жаңа жауған қардың үстіндегі аңның ізі. 9. Ғанибет – қызық, тамаша. 10. Томаға – бүркіттің екі көзін жауып тұруы үшін кигізетін бас киімі. 11. Қырымнан – алыстан. 12. Қырық пышақпен қыржаңдап – тісін қайрап, айбат шегу. 13. Қаса – өте сұлу.

Өлеңдерін талдау. *«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіне талдау жасау.*

1. Өлең неге «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деп аталады?

Бұл өлеңнің тақырыбы – аңшылық. Қансонарда аңға шыққан аңшылардың іс-әрекеті, жер тағысы мен көк тағысының адам үшін күресі берілген.

2. «Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы» деп ақын нені айтады? Жер тағысы – түлкі, көк тағысы – бүркіт.

3. Осы өлеңнен ақынның аңшылыққа деген көзқарасын білуге бола ма? Қай жерінен көрінеді? Ақын аңшылыққа қызығушылықпен қарайды, аңшылыққа шыққанда ешқандай арам ой болмайтынын айтады. Оның аңшылыққа деген көзқарасы мына өлең жолдарынан көрінеді:

Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

4. Өлеңде кездесетін «Үйірімен үш тоғыз» деген тілек сөздің мағынасын қалай түсінесің? «Үйірімен үш тоғыз» - бұл кәде түрі,ылғи олжалы бол деген мағынада айтылады.

5. Өлеңде қандай лексика қолданылған? Өлеңде жалпылама лексика қолданылған.

«Күз» өлеңін талдау.

1. Ақын күз көрінісін суреттеуде қандай айшықты теңеулер қолданған?

Сұр бұлт, дымқыл тұман, жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.

2. Ауыл тұрмысы қалай көрсетілген? Өлеңде кедей ауылының тұрмысы берілген. Күзгі табиғат пен күзгі ауылдағы тіршілікті үйлестіре баяндайды. Мына өлең жолдарында кедей ауылының тұрмысы шынайылықпен берілген:

Қай ауылды көрсен де, жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.
Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз кара суық қырда жүрсең.

3. Көшпелі ауылдың тіршілігіне деген акын көзқарасы қай шумақта көрінеді?

Ауылдың итіне дейін дала кезіп, безіп кетуі арқылы Абай көшпелі тіршілікке лағынет айтқандай болады. Оны мына өлең жолдарынан көруге болады:

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел сокса, шаң-тозаны.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

4. Күз мезгілін өзің қалай суреттер едің?

5. Мына сөздің синонимдік қатарын жасап, сөйлем құра: шөп, от, көк.

«Жаз» өлеңі бойынша талдау.

1. «Жаз» өлеңі ақынның қандай көңіл-күйінен хабар береді? Өз ойыңды дәлелде. «Жаз» өлеңінде ақынның көңіл күйі жадыраңқы, жаңа қонған ауыл тіршілігіне сүйсініп қарайды. Ақын жайлаудағы ауыл өмірін суреттерде жарқын, ашық бояуларды қолданған.

2. Өлеңді оқи отырып, Абай заманындағы ауыл бейнесін көз алдыға қалай елестеттің?

Жаңа қонысқа қонған ауыл адамдарының көңілі жадыраңқы. Жайлауға келіп, мәре-сәре болып жатқан ауылды көрдім. Бұралып

үйі тігіп жатқан қыз-келіншектер, жаңа қонысқа көшіп, көңілі жайланған бай, кеңесіп, қымыз ішіп отырған ауыл адамдары – бәрі көз алдыма көшпелі ауыл өмірін әкелді.

3. Жаңа қонысқа көшкен ауыл адамдарының көңіл күйін олардың іс-әрекеті арқылы анықтауға болады ма? Дәлелде.

Өлеңде құлпырған көріністер мен шадыман көңіл күй қызу да әсем іс-қимылдар арқылы берілген. Жылтылдап, бұлттылдап, сыңқылдап, бұркылдап, аңқылдап, жарқылдап деген ұйқастардың өзінен адамдардың көңіл күйі көтеріңкі екені көрінеді.

4. Өлеңнің баяндауыштары қалай берілген? Баяндауыштары тиянақсыз түрде берілген, менің ойымша бұл кейіпкерлердің үнемі қозғалыста екендігін көрсетеді.

«Қыс» өлеңі бойынша талдау.

1. Ақын қысты қалай бейнелеген? 2. Өлеңде халық тұрмысы қалай бейнеленген? 3. Шартты түрде өлеңді нешеге бөлуге болады? 4. Қыстағы жан-жануарлар бейнесі қалай берілген? 5. Төмендегі үзіндіден сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тап.

Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,

Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.

Өлең құрылысына теориялық талдау.

Тақтада 2 оқушы «Күз» өлеңінің 1 шумағына және «Қыс» өлеңінің 1 шумағына талдау жасайды. Отырған оқушылар көмектеседі.

Көркемдеуіш құралдарды табу.

Сұр бұлт\ түсі суық \қаптайды аспан\,а

Күз болып,\ дымқыл тұман\ жерді басқан.\а

Білмеймін\тойғаны ма,\ тоңғаны ма,\б

Жылқы ойнап,\ бие қашқан,\ тай жарысқан.\а

Ақ киімді,\ денелі,\ ақ сақалды,\а

Соқыр,\ мылқау,\ танымас тірі жанды.\а

Үсті-басы \ақ қырау,\ түсі суық,\б

Басқан жері\ сықырлап,\ келіп қалды.\а

6 шумақты, 24 тармақты, 11 буынды, 3 бунақты, кара өлең ұйқасы.

Мұғалім: - Абайдың «өлең-сөздің шебері» екеніне көз жеткіздік, енді ақынды басқа қырынан тануға тырысайық. Абайдың

табиғат лирикасы тақырыбына жазған сырлы өлеңдерінің бірі – «Желсіз түнде жарық ай». Бұл өлең Абайды сазгер ретінде танытқан өлеңдерінің бірі. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін оқығанда жазғы тамаша табиғатты көз алдымызға елестетеміз. Бұл өлеңде Абай нені айқын өрнектеп бейнелеген? Әрине, құпия мен жұмбақ сырға толы тамаша табиғат! Желсіз тынық жылы түн. Айнала жым-жырт. Аспанда толықсыған ай сәулесін шашып, бүкіл далаға нұрын төгіп тұр. Су бетіндегі айдың сәулесі өзен бетін көгілдір-сары алтын түске бөлеп, діріл қағады. Ағаш жапырағы өздерімен-өздері сыбдырласып, түннің тыныштығына құлақ салғандай. Жер беті ерекше сұлулыққа бөленгендей. Осы әнді өзіміз айтып көрейікші.

(13-слайд. «Желсіз түнде жарық ай» әнін айту).

Оқушыларға сұрақ. Абай өлеңдеріндегі табиғат көрінісін «заман табиғаты» деп айтуға болады. Ақын барлық өлеңдерінде табиғатты көшпелі халық тұрмысымен байланысты суреттеген. Ұлы ақын көңілі өз заманына толмайды, заман адамына қарап қапа болады. Бірақ табиғатқа қарап көңілі жай тауып, жадырағанын көреміз. Заман адамы бұзылғанмен, туған жердің бұзылмаған таза кәусар ауасын біз де жұтып, тас бұлақтың суын ішкендей боламыз. Қалай ойлайсындар, Ұлы ақынның көңілін қазіргі заман табиғаты, әсіресе туған жерінің табиғаты шабыттандыра алады ма? Өз ойларыңды дәлелдеп көріңдер.

14-слайдтан табиғат суреттері көрсетіледі.

Қорытынды: 5-слайдты ашу.

Сабақ басында Абай бейнесін жасаған болатынбыз. Бүгінгі сабағымызда Абайдың жүрегінің бар жылуын халқына арнаған ақын екенін дәлелдей алдық па?

Ақынның табиғат лирикасына қандай анықтауыштарды қолданар едің? (Оқушылар жауабы)

15-слайд. Тақтаға назар аудартып, қорытындылау.

Сабақты бағалау.

Үй тапсырмасы. Абайдың табиғат лирикасы. «Жаз» өлеңін жаттау.

Айна АЛТЫБАЙҚЫЗЫ,

Ризагүл ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ,

Қандыағаш қалалық

№3 мектеп-гимназиясының мұғалімдері.

Ақтөбе облысы,

Мұғалжар ауданы.

АБАЙТАНУ КУРСЫ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) А.Құнанбайұлының өмір жолы, шығармашылық қызметі туралы түсінік беру, ақын поэзиясының өміршеңдігін таныту; ә) оқушыларды өзіндік ізденуге, талдауға, өз көзқарастарын қорғай білуге баулу; б) жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, сөз өрнегінің қадір-қасиетін ұғынуға тәрбиелеу. **Түрі:** сайыс сабақ. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, кітап көрмесі.

Мұғалімнің кіріспе сөзі және сабақтың эпиграфы:

«Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адалдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге!»- деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, Абайдың әр сөзін терең бойға сіңіріп, үңіле отырып сезіну – тек әдебиет айдынында жүргендердің ғана емес, сонымен қатар нұрын, сырын көре білер, көкірегі ояу әрбір азаматтың парызы.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма..., - деп ақынның өзі айтқандай бүгінгі сабағымыз соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, тар жол, тайғақ кешіп өмір сүрген, өкініш пен өксігі көп, қайғысы мен қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде ел мұңын, асау жүрегінен ағыта, шабыта жыр ғып төккен Абайдың өмір жолы, шығармашылық қызметі мен мол мұраларына арналмақ.

- Ендеше, балалар, біз осы уақытқа дейін Абайға қатысты

өткен шығармаларды ғана емес, көрген-білгендерімізді ойға түйіп, еске түсірдік, бүгінгі сабағымызды «Абайды оқы, ерінбе» тақырыбындағы сайыс сабақ ретінде өткізгелі отырмыз.

Сайыс кезеңдері: 1. «Жүрегімнің түбіне терең бойла». 2. «Жылдар сөйлейді». 3. «Өлең – сөздің патшасы». 4. «Білімдіден шыққан сөз». 5. «Абай – дана, Абай – дара».

I кезең – «Жүрегімнің түбіне терең бойла». Шарты: Абай өмірі мен шығармашылығына қатысты сұрақтар беріледі. Әр сұраққа жылдам әрі нақты жауап беру қажет. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады.

I топ сұрақтары: 1. Ақынның шыққан тегі (руы). 2. Алғаш өлеңдерін кімнің атымен жариялаған? (Көкбай). 3. Ол алғаш рет кімнен сауат ашқан? (Ғабитхан молдадан). 4. Семейдегі Приходская школада қанша уақыт оқыған? (3 ай). 5. «Теректің сыйы» шығармасын кімнен аударған? (Лермонтовтан). 6. Ақынның сөз өнері туралы өлеңін атаңыз. (Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы). 7. Абайдың қанша поэмасы бар? (3). 8. Абайдың талантты балалары. (Ақылбай, Әбдірахман, Мағауия). 9. Өлең жолдарындағы дауысты дыбыстардың қайталануы қалай аталады? (Ассонанс). 10. «Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар деген нәрселермен озады» Абайдың қай қара сөзі? (18)

II топ сұрақтары: 1. Абайдың туған жері? Қазіргі Шығыс Қазақстан облысы (бұрынғы Семей облысы). 2. Ауыл молдасынан аздап сауат ашқан Абайды әкесі неше жасында Семейге оқуға жібереді? (10 жасында). 3. Ол шығыстың қандай классик ақындарының шығармаларымен танысқан? (Сағди, Низами, Шамси, Науаи, т.б.) 4. Ақын «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін кімнен аударған? (Лермонтовтан). 5. Абайдың табиғат лирикасына арналған қандай өлеңдері бар? («Жаз»). 6. Абай мұрасын зерттеушілер туралы не білесіңдер? (М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов, т.б.). 7. Абайдың неше қара сөзі бар? (45) 8. Еуропаға А.Македонский деген атпен танымал атақты қолбасшының өмірі жайлы аңызға құрылған поэма қалай аталады? («Ескендір» поэмасы). 9. «Қазақтың бас ақыны-Абай Құнанбайұлы» деген пікірдің иесі? (А.Байтұрсынұлы). 10. Өлең жолдарындағы дауыссыз дыбыстардың қайталануы қалай аталады? (Аллитерация).

II кезең – «Жылдар сөйлейді». Шарты: Қойылған әр сұраққа жылмен жауап беріледі. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады.

I топ сұрақтары: 1. 1845 жыл – Абай Құнанбайұлының дүниеге келген жылы. 2. 1870 жыл – Петербургтан жер аударылып келген жас төңкерісшіл Е.П.Михаэлиспен кездеседі. 3. 1882 жыл – өлеңдерін жүйелі, ақындық үлгіде жаза бастады. 4. 1886 жыл – өлеңдерін өз атымен жаза бастаған жыл. 5. 1885 жыл – «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін жазады. 6. 1890-1898 жыл аралығында «Қара сөздерін» жазады.

II топ сұрақтары: 1. 1904 жыл – Ақынның дүниеден өткен жылы. 2. 1886 жыл – «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жазады. 3. 1886-1890 жылдар – жылдың төрт мезгіліне арнап өлеңдер жазды. 4. 1891 жылы – сүйікті інісі Оспан қайтыс болады. 5. 1875 жыл – Қоңыркөкше елінде өткен сайлауда жеңіске жетіп, үш жыл бойы болыс болды. 6. 1889 жыл – А.Пушкиннің «Евгений Онегин» романын өлеңмен аударған.

III кезең – «Өлең – сөздің патшасы». Шарты: Ақын өлеңдерінен үзінді беріліп, сайыскерлеріміз өлең тақырыптарын анықтайды.

Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.

Қара шашын көтеріп екі шынтақ,

Ол да бүлк-бүлк етпей ме сипанганда.

«Кансонарда бүркітші шығады аңға»

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға!

«Әсемпаз болма әрнеге»

Жасыл шөп бәйшешек жоқ бұрынғыдай,

Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айырылған ағаш, құрай.

«Күз»

Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңыз?

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз...

«Ғылым таппай мақтанба»

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.

Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.

Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең...

«Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол»

IV кезең – «Білімдіден шыққан сөз». Шарты: Абай туралы айтылған пікірлердің авторын табу. Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады.

1. Ахмет Байтұрсынұлы: *«Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбайұлы. Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ».*

2. Мұхтар Әуезов: *«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да – Абайдан...».*

3. Нұрсұлтан Назарбаев: *«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс».*

4. Міржақып Дулатов: *«Бүгін біз ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөзі атадан балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз».*

V кезең – «Абай – дана, Абай – дара». Шарты: ұяшықтарда берілген сұрақтарға жауап беру.

Әдебиет теориясы.

20. Көркем әдебиетте адамның сырт бітімін, кескін-кейіпін, жүріс-тұрысын суреттеуді қалай атайды?

30. Табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді жандының іс-әрекетіне, қимылына ұқсата суреттелетін көркемдік тәсіл?

40. Өлең тармақтарында сөз немесе сөз тіркестерінің жол басында қайталануы қалай аталады?

Абай лирикасы.

20. Ақынның оқу, ғылым жайлы өлеңдерін ата.

30. Өлеңнің ұйқас түрін, буын, бунақ сандарын анықта.

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.

40. Пара беріп, билікке қолы жеткен екі жүзді жемқор болыстың бейнесін «ұлы сия, ащы тілмен» жеткізген өлеңін ата.

Ән – көңілдің ажары.

20. Абайдың қандай әндері бар?

30. Өлеңді жалғастыр...

«Алыстан сермеп...»

40. Қазақ әнінің көркемдік қасиетін, адам сезіміне әсер етер күшін бейнелейтін өлеңі.

Абайдың даналық сөздері.

20. Ақынның қара сөздерді жазудағы мақсаты туралы айтылған қара сөзі.

30. Ақыл, қайрат, жүрек – үшеуі ғылымға келіп жүгінуі қай қара сөзінде айтылады?

40. «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек, екінші- сол нәрсені естігенде я көргенде ғибраттану (үлгі алу) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек, үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше рет қайталап, ойланып, көңілге бекіту керек, төртінші-ой кеселді нәрселерден қашық болу керек». **Қай қара сөзінен алынған?**

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, - деп артына өшпес мұра қалдырған Абай бүгін жарқын бейнесімен, жалынды жырымен де бізбен бірге. Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кеменгер Мұхтар Әуезов «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана алдым» деген екен. Ал біз ұлы ғұлама тереңіне үңілгенмен, тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық деген тілек айта отырып, сайысымызды аяқтаймыз.

Гүлбану ҚОРАБАЕВА,
Бердібек Соқпақбаев
атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Райымбек ауданы,
Нарынқол ауылы.

БЕРДІБЕК БИІГІ **АЛАСАРМАЙДЫ**

Мақсаты: Бердібек шығармашылығынан алған білімдерін шыңдай отырып, жазушы шығармаларының құндылығына, өміршеңдігіне көздерін жеткізу. Әдебиетке деген сүйіспеншілігін оятып, егеменді еліміздің жас ұрпақтарын жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: портрет, жазушы жайлы жазылған жылы лебіздер.

Барысы:

1-жүргізуші:

- Жазып та көрдім мен өлең,
Жазып та көрдім қара сөз,
Ерте ме, кеш пе мен де өлем

Өлмейді бірақ дана сөз,-

деп ұрпағына маржандай мол мұра қалдырған балалар әдебиетінің классик жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған «Бердібек биігі аласармайды» атты кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші:

- Менің Қостөбем, менің Текесім!

Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінде жазушының туған жерге деген сағынышы осындай сөздермен басталады емес пе?

1-жүргізуші:

- Иә, ол өзінің туған жерін, шыңдары мен терегін, аспан тауларын өмір бойы мақтан тұтып өтті. Қазір жазушының шабытты шығармаларын тыңдауға кезек берейік.

5 «а» сынып оқушылары: Сөйлем мүшелері.

7 «ә» сынып оқушысы Досымжан Әнел:

«Балалық шаққа саяхат» повесінен «Менің әкем».

6 «ә» сынып оқушысы: «Қара шапан».

6 «а» сынып оқушысы: «Менің өнерлі жеңгем».

2-жүргізуші:

- Бердібек талантына бас иіп, шығармаларының құндылығы туралы ой айтқан ақын, жазушылардың пікірін тыңдайық.

Біз білетін Бердібек Соқпақбаев – ірі тұлға, үлкен талант иесі. Бүгінде оның ерекше қасиеттерін туған халқы айдай танып, бағалап отыр. Оны айтасыз, көптеген шет жұрттар ұшқыр ой, өткір тіл қуатымен көмкерілген шынайы шеберлігін тамсана таңырқап, күдік-күмәнсіз мойындаған.

Әлнұр Мейірбеков.

Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі. Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен таласпай-ақ, тіпті соларға жете қабыл жүргенінің өзі әдебиетіміз үшін де аз бедел ме?!

Қастек Баянбай.

2-жүргізуші:

- Бердібек Соқпақбаев ең алғаш шығармашылық жолын өлең жазудан бастады. 1950 жылы «Бұлақ» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Бұл жыр жинағының жарық көруіне Қасым Аманжолов көп көмек көрсетіп, ұнатып, баспаға өткізуге кеңес берген екен.

1-жүргізуші:

- Бердібек атамыз мектеп қабырғасында жүрген кезінде-ақ «ақын» бала атанып, алғашқы өлеңдері сол кездегі «Октябрь балалары» қазіргі «Ұлан» газетінде жарық көрген. Бердібек атамыздың өлеңдерін пір тұтатын жас өрендерді ортаға шақырайық.

Оқушылар «Бәйтерек», «Шалғынбай», «Балапан», «Мысық» өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші:

- Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» еңбегі – шоқтығы биік шығарма. «Менің атым Қожа» фильмі тек балалар ғана емес, үлкендердің де қызыға, тұшына көретін фильміне айналды.

1-жүргізуші:

- Әр баланың арманы мен Қожадай алға қойған биік мақсаты бар емес пе? Сонымен қатар, Қожа – үлгілі оқушы да. Қазір «Менің атым Қожа» повесінен көріністі тамашалайық.

2-жүргізуші:

- Біз Бердібектей балалық шақты нақышына келтіре жазатын қаламгерлер көбейсе екен деп тілейміз. Балалық шағында басынан өткен қызықты сәттерді баян ететін оқушылардың «Балалықтың бір сыры» атты шығармаларын тыңдайық.

1-жүргізуші:

- Туғанбай Мәдидің орындауындағы әнге кезек берейік.

2-жүргізуші:

- Бүгінгі кеште біз Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына саяхат жасадық. Бердібек шығармаларын оқыған әрбір бала өнегелі істерге қадам басары анық. Өйткені адамгершілікке, ізеттілікке толы шығармаларының мәні зор.

1-жүргізуші:

- Бердібек биігі аласармайды. Бердібек атамыздың шығармалары ұрпағымен бірге ғасырдан ғасырға мәңгі жалғасады.

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 04.12.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 2980.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №12, 2014 ж., 144 бет, Алматы.